

«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Мәртөк ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «№2 Мәртөк мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Мәртөк ауданы, 2026 жыл

«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Мәртөк ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «№2 Мәртөк мектеп-гимназиясы» КММ

Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы
Мәртөк селосы, Жамбыл 125 үй

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті бекіткен 2026 жылғы 3 ақпандағы мемлекеттік аттестаттаудан отетін білім беру ұйымдарының кестесіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі №114-НҚ бұйрығымен бекітілген «Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларына» сәйкес, «№2 Мәртөк мектеп-гимназиясы» КММ-нің 2026 жылғы 29 қыркүйектегі кезектен тыс педагогикалық кеңесінің шешімі және 2026 жылғы 29 қыркүйектегі №358 бұйрығы негізінде мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстары 2026 жылғы 1–30 қазан аралығында ұйымдастырылып, өткізілді.

Мектеп директорының 2026 жылдың 29 қыркүйектегі №358 бұйрығымен мектептің білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау келесі құрамда жүргізілді:

1.Айтназаров Мурат Шикалович- мектеп директоры, комиссия төрағасы
2. Кауменова Сулушаш Куандыковна- оқу ісінің орынбасары, комиссия мүшесі;
3.Қасанғалиева Эльмира Аскарқызы- оқу ісінің орынбасары, комиссия мүшесі;
4.Өтеген Бақтыгүл Күзербайқызы- директордың бейінді оқыту орынбасары, комиссия мүшесі;
5.Арыкова Айнур Махсутовна- тәрбие ісінің орынбасары, комиссия мүшесі;
6. Жаманбаев Тлеубай Куанович- шаруашылық меңгерушісі,комиссия мүшесі;
7.Көздіғарина Рита- қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, комиссия мүшесі;
8.Диналиева Жанар Ербулатовна- мектеп психологі, комиссия мүшесі;
9.Алыканов Ержан Жумаканович- мектеп инженері, комиссия мүшесі;
10.Жуманиязова Акбопе Саркытбаевна- мектеп кітапханашысы, комиссия мүшесі;
11.Мадиева Алтынгуль Арыновна- информатика пәні мұғалімі, орынбасары, комиссия мүшесі;

Мектептің білім беру қызметіне өзін-өзі бағалауды жүргізу барысында негізгі обьектілері келесідей жағдайда жүргізілді:

1) жалпы сипаттама, оның ішінде білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер;
2) кадрлық құрам, оның ішінде кадрлық әлеуетке талдау;
3) тәрбиеленушілер мен білім алушылар контингенті;
4) білім беру ұйымдарындағы оқу-әдістемелік жұмыс;
5) тәрбие жұмысы;
6) материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
7) оқу-әдістемелік және ақпараттық ресурстар;
8) 4 және 9-сынып білім алушыларын компьютерлік тестілеу нәтижелері;

Комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес мектепке өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерттеу обьектілері бойынша талдау жүргізді, оның ішінде көрсетілетін білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі-МЖМБС) талаптарына сәйкестігі қаралды.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалау өлшемшарттары

1.Жалпы сипаттағы өлшемшарттар.

1.1.Білім беру қызметін жүзеге асыруға құқықты қамтамасыз ететін құрылтай және рұқсат беру құжаттарының болуы және олардың "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" және "Білім туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкестігі.	
1	**Білім беру ұйымының толық атауы:** «Мәртөк ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «№2 Мәртөк мектеп-гимназиясы» КММ
2	**Білім беру ұйымының орналасқан жері** (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы) 030600, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Мәртөк селосы, Жамбыл 125 үй
3	**Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)** **Телефон:** 8(71331) 31959 Электронды почта: Gymnasium_SH2@mail.kz мектеп сайты: https://gimnazya-2.martuk.edu.kz/kz/ инстаграмм:https://www.instagram.com/martuk_mektep_gymnasium?knvt=MTJ3MTY5eGRreXAyMQ==
4	**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)** Айтназаров Мурат Шикалович«Мәртөк ауданының білім бөлімі» ММ-нің 2022 жылғы 22 тамыздағы №128 бұйрығымен №2 Мәртөк мектеп-гимназиясы директоры лауазымына тағайындалған. **Ұялы телефоны**: +7 747 753 11 82
5	**Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/ куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі)** «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі» ММ-нің «№2 Мәртөк мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы 2021 жылғы 27 қаңтарда тіркеліп, электрондық үкімет порталы арқылы 2022 жылғы 26 қазанда берілген (бірегей нөмірі: 10100618864296). Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні — 1999 жылғы 24 мамыр, БСН: 970840000445. **Заңды тұлғаның құрылтайшылары:** Ақтөбе облысының әкімдігі Жарғысы «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ-нің 2025 жылғы 17 қыркүйектегі № К-240 бұйрығымен бекітілді.
6	**Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)** «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді.«№2 Мәртөк мектеп-гимназиясы» КММ-нің білім беру қызметі 2007 жылғы 30 қаңтарда берілген №0029670 (АБ сериясы) мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырылады. Лицензияның қолданылу мерзімі шектелмеген. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрлері: бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру және жалпы орта білім беру болып көрсетілген. **Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды:** 24.03.2017 ж. № D.07.X.KZ46VBS00063908 (көшірмесі анықтамаға қоса жалғанды). **Техникалық паспорт (Н-2):** 01.11.2006 ж. алынған (көшірмесі анықтамаға қоса жалғанды). **Төтенше жағдайлар бөлімінің тексеру актісі:** № 2-Э, 26.02.2020 ж. (көшірмесі анықтамаға қоса жалғанды).
ҚОРЫТЫНДЫ:Құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді – 5 балл	
1.2 Білім беру ұйымын басқару құрылымы мен басқару органдарының (педагогикалық, кәмқоршылық, әдістемелік кеңестердің және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің) қызметінің: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастыру және оны сайлау	

тәртібінің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5229 болып тіркелген), «Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын және оны сайлау тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15584 болып тіркелген), «Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33285 болып тіркелген), «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20619 болып тіркелген) талаптарына сәйкестігі, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Талдау қорытындылары:

Педагогикалық ұжымның, ата-аналардың және тиісті мамандардың жүйелі өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін алқалы басқару нысандары білім беру ұйымында өз қызметін жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 44-бабына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Үлгілік қағидаларға сәйкес білім беру ұйымын басқару басшының қызметімен қатар педагогикалық, әдістемелік және қамқоршылық кеңестер сияқты алқалы басқару органдары арқылы жүзеге асырылады.

Мектепте алқалы басқару органдарының қызметі бекітілген ережелер, жылдық жұмыс жоспарлары, бұйрықтар мен отырыс хаттамалары негізінде ұйымдастырылған.

Педагогикалық кеңес

Педагогикалық кеңестің қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығымен бекітілген үлгілік қағидаларға сәйкес ұйымдастырылады.

Педагогикалық кеңес білім беру процесін үйлестіреді, оқу-тәрбие жұмысының нәтижелерін талдайды, білім сапасын арттыруға бағытталған міндеттерді айқындайды, педагогтердің кәсіби дамуы мен біліктілігін арттыру мәселелерін қарастырады.

2024–2025, 2025–2026 оқу жылдары және 2026–2027 оқу жылының I тоқсаны бойынша педагогикалық кеңес отырыстары өткізілін, тиісті хаттамалар рәсімделген.

Кеңес отырыстарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, жылдық жұмыс жоспарларын бекіту, педагогтерді аттестаттау, біліктілікті арттыру, қауіпсіздік шаралары, әдістемелік жұмыстар, білім алушыларды ынтық тамақпен қамту, пәндік олимпиадалардың қорытындылары, қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру, емтиханға жіберу және одан босату, білім алушыларды келесі сыныпқа көшіру, марапаттау, сондай-ақ білім туралы құжаттарды үздік және жалпы үлгідегі аттестаттармен рәсімдеу мәселелері қаралған.

Әдістемелік кеңес

Әдістемелік кеңестің қызметі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы №253 бұйрығымен бекітілген қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Кеңестің негізгі мақсаты: оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру, білім беру бағдарламаларын іске асыруға әдістемелік қолдау көрсету, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту және озық педагогикалық тәжірибені тарату.

Әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарына сәйкес нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру, педагогтерді шығармашылық ізденіске тарту, ғылыми-әдістемелік деңгейі мен кәсіби

шеберлігін арттыру, біліктілікті арттыру курстарынан кейінгі әдістемелік қолдау көрсету, коучингтер, семинарлар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастыру бағыттары қамтылған.
Әдістемелік кеңестің құрамы тиісті бұйрықпен бекітіліп, жұмыс жоспары әзірленген және отырыс хаттамалары жүргізілген.

Қамқоршылық кеңес

Қамқоршылық кеңестің қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген Үлгілік қағидаларға сәйкес ұйымдастырылған.
Кеңес білім беру ұйымының қызметіне қоғамдық бақылау жүргізуге, ұйымдастырушылық және қаржылық мәселелерді қарауға, материалдық-техникалық базаны жақсартуға, тәрбие жұмысын жетілдіруге және мектепті дамытуға бағытталған ұсыныстар енгізуге қатысады.
Қамқоршылық кеңестің құрамы тиісті бұйрықпен бекітілген. Кеңестің жұмыс жоспары жасақталып, отырыстары өткізіліп, хаттамалары рәсімделген.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес

Білім беру ұйымында педагогикалық әдеп нормаларының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрылған.
Кеңестің негізгі міндеттері:
1.педагогикалық әдеп нормаларының сақталуын бақылау және олардың бұзылуының алдын алу;
ұжымдағы адамгершілік-психологиялық ахуалды жақсартуға ықпал ету;
2.педагогикалық әдепке байланысты туындаған даулы мәселелерді қарастыру;
3.педагогтердің жауапкершілігіне қатысты мәселелерді жан-жақты және объективті зерделеу;
педагогикалық әдеп нормаларының бұзылуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және олардың алдын алу бойынша ұсыныстар әзірлеу.
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамы тиісті бұйрықпен бекітіліп, қызметін ұйымдастыруға қажетті құжаттар жасақталған.
Есептік кезеңде мектеп ұжымында педагогикалық әдеп нормаларын бұзу фактілері тіркелмеген, кеңестің қарауына педагогикалық әдепке қайшы әрекеттерге қатысты мәселелер ұсынылмаған. Ұжымда өзара сыйластыққа, кәсіби қарым-қатынасқа және ынтымақтастыққа негізделген жағымды моральдық-психологиялық ахуал қалыптасқан.

Осылайша, мектепте алқалы басқару органдарының қызметі жүйелі түрде ұйымдастырылған. Педагогикалық, әдістемелік, қамқоршылық және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестер өз құзыреттері шегінде жұмыс жүргізіп, білім беру ұйымын басқару мен дамытуға үлес қосуда.
Алқалы басқару органдарының жұмысы педагогикалық ұжымның, ата-аналардың және басқа да мүдделі тараптардың өзара ынтымақтастығын нығайтуға, басқару шешімдерінің ашықтығын қамтамасыз етуге, оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға және мектептің тұрақты дамуына бағытталған.

ҚОРЫТЫНДЫ: Басқару құрылымы мен басқару органдарының қызметі заңнама талаптарына сәйкес келеді, болмашы техникалық кателіктер бар – 4 балл

1.3 Білім беру ұйымы басшысының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) сәйкестігі

Лауазымы	Пәні бойынша және басшылық біліктілік санатыбойынша (алған жылы күні,бұйрық №)	Педагогикалық еңбекөтілі (жалпы)	басшылық лауазымы бойыншаеңбек өтілі

	2026-2027 оқу жылы бойынша				
	Директор	педагог –модератор №219, 14.08.2026ж. «Екінші санаттағы басшы» Б№593, 24.07.2025ж.	23 жыл	10 жыл	«Б м 14.

Білім беру ұйымы әкімшілігінің педагогтердің және басшы қызметкерлердің біліктілігіне қойылатын талаптарға сәйкестігі қамтамасыз етілген.

- **Мектеп директоры:** «Педагог-модератор» біліктілік санаты (№219, 14.08.2026 ж.), «Екінші санаттағы басшы» біліктілік санаты (Б №593, 24.07.2025 ж.).

Білім беру ұйымы әкімшілігінің біліктілік санаттары тиісті бұйрықтармен расталған. Басшы және басшының орынбасарларының кәсіби біліктілігін арттыру мен басқарушылық құзыреттілігін жетілдіру жұмыстары жүйелі жүргізіледі.

ҚОРЫТЫНДЫ: Біліктілік талаптарына сәйкес келеді: тағайындау белгіленген тәртіппен рәсімделген- 5 балл

1.4 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарттарының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкес білім сапасын қамтамасыз етуге және оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған білім беру ұйымын дамыту жоспарының болуы және іске асырылуы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білім беру ұйымында білім сапасын қамтамасыз етуге, білім алушылардың білім деңгейін арттыруға және күтілетін оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған 2023–2029 жылдарға арналған даму жоспары әзірленіп, бекітілген.
Білім беру ұйымының даму жоспарының негізгі мақсаты: білім беру сапасын арттыру, білім алушылардың жеке кабілеттерін дамыту, оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін жетілдіру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру және білім беру процесін тиімді ұйымдастыру.
Даму жоспары білім беру ұйымының ағымдағы жағдайын талдау, білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері, білім сапасының көрсеткіштері, педагогикалық ұжымның кәсіби әлеуеті және білім беру процесін жетілдіру қажеттіліктері негізінде әзірленген.
Жоспарда білім сапасын арттыруға бағытталған мақсаттар мен міндеттер, оларды іске асыру кезеңдері, жоспарланған іс-шаралар, күтілетін нәтижелер мен мақсатты индикаторлар айқындалған.
Жоспарды іске асыру барысында білім алушылардың оқу жетістіктеріне жүйелі мониторинг жүргізіліп, білім сапасының динамикасы зерделенеді. Мониторинг нәтижелері негізінде білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою, үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу, дарынды білім алушылардың кабілеттерін дамыту бағытында тиісті жұмыстар ұйымдастырылады.
Даму жоспарының іске асырылу тиімділігі оқу үлгерімі мен білім сапасының көрсеткіштері, білім алушылардың оқу жетістіктерінің динамикасы, белгіленген мақсатты индикаторлардың орындалуы және тиісті есептік құжаттар негізінде бағаланады.

ҚОРЫТЫНДЫ: жоспар бар және іске асырылуда; көрсеткіштер ішінара қол жеткізілген; оқу нәтижелерімен байланысы байқалады - 4 балл.

2.Кадр құрамына қойылатын өлшемшарттар

2.1. **Педагогтердің тиісті бейін бойынша педагогикалық және (немесе) кәсіптік білімге қойылатын талаптарға сәйкестігі не педагогикалық қайта даярлау туралы құжатының болуы**

2024-2025,2025-2026, 2026-2027 оқу жылдары бойыншаБілім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамына талдау

жүргізілді, жалпы мектептің кәжетті оқу – педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте бастауыш білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы (МЖМБС) барлық пәндері бойынша педагогтар жеткілікті. Педагогтердің тиісті бейіні бойынша жоғары және/немесе техникалық және кәсіптік және/немесе орта білімнен кейінгі білім туралы, педагогикалық қайта даярлау туралы мәліметтері,жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары, соттылығының жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтері талапқа сай келеді, мамандар есебі жүргізілген.

Мектептегі тиісті бейін бойынша педагогтердің саны

Оқу жылдары	Педагогтар саны		Жоғары білімі		Арнаулы орта		Магистратура	Базалық білімі жоқ педагогтер /қайта даярлауды растайтын құжат/бар педагогтер
	І жж.	Пжж	Іжж.	Пжж.	Іжж.	Пж.		
2024-2025	63	66	59	62	4	4	6	-
2025-2026	65	66	58	60	7	6	7	-
2026-2027	62		56		6		7	-

Мектептегі педагогтердің еңбек өтілі бойынша сандық құрамы

Оқу жылы	Педагог саны		0-3	4-5	6-10	11-15	16-20	20 жыл жоғары
2024-2025	63	66	5	-	12	13	6	30
2025-2026	65	66	2	2	11	6	15	30
2026-2027	62		6	4	5	5	12	30

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығының 2-қосымшасымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидалары» 2-тарауының 21тармағы (Орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы педагогтерге тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе басқа да кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту мен тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік сүйемелдеу немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адамдар, сондай-ақ "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағына сәйкес педагогикалық қайта даярлаудан өткен адамдар жатады) талаптарына сәйкес.

Қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін педагогтер және олардың оқу жүктемелері туралы мәліметтер.

2024- 2025 оқу жылында қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін педагогтар жоқ.
2025 -2026 оқу жылында қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін педагогтар :

1. Отегенова Арай, педагог-психолог , жүктемесі -0,5бірлік

2026 -2027 оқу жылында қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін педагог :

1. Кадырова Айнура - МАД, жүктемесі -1бірлік.

ҚОРЫТЫНДЫ:98% - 4 балл

2.2. Педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер біліктілік санаттары бар педагогтердің үлесінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 болып тіркелген) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын білік-

тілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінесәйкестігі

2024-2025,2025-2026,2026-2027 оқу жылдары«Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына *(ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.04.2024 № 72)* енгізілген өзгерістер бойынша Білім беру ұйымдарының **бірінші басшылары** "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 5-тармағына сәйкес **үш жылда** бір рет аттестаттаудан өтуі тиіс делінген, ал аталған қағиданың 68-тармағы бойынша Білім беру ұйымының **бірінші басшысының** біліктілік санаты үш жылға, білім беру ұйымының, әдістемелік кабинет (орталық) басшысы орынбасарларының біліктілік санаты **бес жылға** жарамды екендігі айтылған.

Аталған мектептің директорының және оқу-тәрбие,тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларының біліктілік **санаттары төмендегідей:**

Әкімшілік-басқару аппаратының құрамы туралы мәліметтер Т.А.Ә.	**Лауазымы**	**Пәні бойынша және басшылық біліктілік санаты бойынша (алған жылы күні,бұйрық №)**	**Педагогик алық еңбек өтілі (жалпы)**	**Басшылық лауазымы бойынша еңбек өтілі**
Айтназаров Мурат Шикалович	Директор	Педагог-модератор №219 бұйрық 14.08.2026ж. «Екінші санатты басшы» № 593 бұйрық 24.07.25ж.	22	10
Кауменова Сулушаш Куандыковна	Оқу ісі жөніндегі басшының орынбасары	Педагог -зерттеуші №346 бұйрық 18.08.2025ж. Орыс тілі мен әдебиеті Екінші санаттағы басшының орынбасары Бұйрық №243 27.08.2025ж.	36	5
Өтеген Бақтыгүл Күзербайқызы	Бейінді оқыту жөніндегі басшының орынбасары	Педагог -зерттеуші №369 бұйрық 11.09.2023ж. Қазақ тілі мен әдебиеті Екінші санаттағы басшының орынбасары Бұйрық №243 27.08.2025ж.	29	2 жыл 2 ай
Арыкова Айнур Махсутовна	Тәрбие ісі жұмысы жөніндегі басшының орынбасары	Педагог - сарапшы бұйрық №542 02.09.2024ж. Қазақ тілі мен әдебиеті Үшінші санаттағы басшының орынбасары Бұйрық №243 27.08.2025ж.	11	2 жыл 2 ай

Қасанғалиева Эльмира Асқарқызы	Бастауыш сыныптар бойынша басшының орынбасары	Педагог -зерттеуші Бұйрық №430 02.09.2024ж. Бастауыш сынып	28	9

Білім беру ұйымы басшысының және педагогтерінің білімі, жұмыс өтілі "Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 338 бұйрық) **талаптарына сәйкес.**

2024-2025,2025-2026,2026-2027 оқу жылдары бойынша«Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына *(ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.04.2024 № 72)* енгізілген өзгерістер негізінде мектептежұмыс оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша төмендегідей мәліметтер:

Мектеп педагогтерінің біліктілік санаттары бойынша мәліметтер

Педагогтардың саны	2024-2025	2025-2026	2026-2027
	63	65	62
Педагог-шебер	0	0	0
Педагог – зерттеуші	**14**	**14**	**14**
Педагог- сарапшы	**22**	**22**	**24**
Педагог-модератор	**16**	**16**	**16**
Педагог	**11**	**13**	**8**
Сапалық құрамы	**57 %**	**59,6%**	**61 %**



2026-2027 оқу жылы бойынша педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын **педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің** үлесі: гимназиялар үшін кемінде 50 **%, а**л аталған мектептің жоғары санатты **(педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің)** педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам **61%.**Талапқа сай деп бағаланады.

Бастауыш сынып педагогтерінің сапалық құрамы

Педагогтардың саны	2024-2025	2025-2026	2026-2027
	10	10	10
Педагог- шебер	0	0	0
Педагог – зерттеуші	**3**	**4**	**4**

Педагог- сарапшы	5	4	4
Педагог-модератор	2	2	2
Педагог	-	-	-
Сапалық құрамы	**80%**	**80%**	**80%**

Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын **(педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шебер)** педагогтердің жалпы санынан үлесі: шағын жинақталған мектептер, арнайы мектептер үшін кемінде **20%;**жалпы білім беретін мектептер үшін кемінде **25 % болуы тиіс болса** зерделеу барысында жұмыс оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін **бастауыш сынып педагогтарының** сапалық құрамы –**80 %**-ды құрап отыр. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қоскканда сапалық құрамы жалпы білім беретін мектептер үшін талапқа сәйкестігі анықталды.

Негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы

Педагогтардың саны	**2024-2025**	**2025-2026**	**2026-2027**
	59	53	52
Педагог- шебер	1	0	0
Педагог – зерттеуші	**10**	**10**	**10**
Педагог- сарапшы	**19**	**18**	**20**
Педагог-модератор	**16**	**14**	**14**
Педагог	**13**	**11**	**8**
Сапалық құрамы	**50,8%**	**52,8%**	**56,6%**

Негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлері бойынша сабақ беретін педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын **педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің** үлесі гимназиялар үшін кемінде 40%, ал аталған білім беру ұйымының педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы – **56,6 %**-ды құрайды, талапқа сай деп бағаланады.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің сапалық құрамы

Педагогтардың саны	**2024-2025**	**2025-2026**	**2026-2027**
	20	21	21
Педагог- шебер	0	0	0
Педагог – зерттеуші	**6**	**6**	**6**
Педагог- сарапшы	**6**	**6**	**6**
Педагог-модератор	**4**	**5**	**5**
Педагог	**4**	**4**	**4**
Сапалық құрамы	**60%**	**57%**	**57%**

Негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлері бойынша сабақ беретін педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын **педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің** үлесі қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30 %, аталған білім беру ұйымының қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы – **57%**-ды құрайды, талапқа сай деп бағаланады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар зерделенді. Зерделеу барысында мектептің апталық жүктемесі бойынша сабақ беретін пән мұғалімдерінің мамандықтары

атқарып отырған қызметтеріне сәйкес және мектептің ұжымы тұрақты құрылған. Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің педагогтердің жалпы санынан үлесі **талапқа сәйкес.**

ҚОРЫТЫНДЫ:бастауыш–80 %негізгі орта және жалпы орта- 58% - 5 балл

2.3. Біліктілік талаптарына сәйкес кемінде үш жылда бір рет біліктілікті арттырудан өткен педагогтердің үлесінің сәйкестігі

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы негізінде №130жалпы орта білім беретін мектебіпедагогтарының үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігінарттыруперспективалықжоспары бойынша 2024-2027 жылдар аралығында **педагогтердің біліктілігін арттыру** – оқыту мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге жұмыс жасап отыр.

Оқу жылдары	Педагог-тер саны	Курстардың атауы				
		Базалық (пәндік) курс	*Инклюзив бойынша*	«Білім берудегі менеджмент»	Жасанды интеллект	Буллинг курсы
2024-2025	66	35	7	2		
2025-2026	66	16	9	3	6(оффл.) 68 (онлайн)	5
2026-2027	62	5	10		5	15

Зерделеу нәтижелері бойынша. №2 Мәртөк мектеп - гимназиясы бойынша 2024-2027 жылдар аралығында педагог бейіні бойынша біліктілік арттыру курстарынан өткен. Педагог қызметкерлердің үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі 10% -ды құрайды.

Әкімшілік-басқару аппаратының құрамы Т.А.Ә.	Лауазымы	Менеджмент курсынан атауы, өтуі (мерзімі)	Тағайындау бұйрығы	Ротация-лау бұйрығы
АйтназаровМурат Шикалович	Директор	14.02.2025ж «Білім берудегі менеджмент» Педагогикалық шеберлік орталығы № 105604; 80 сағат	Б.№128 22.08.22ж	Б.№128 22.08.22ж
Кауменова Сулушаш Куандыковна	Оқу ісі жөніндегі басшының орынбасары	26.06.2026ж «Білім берудегі менеджмент» НЗМ №205623: 80 сағат	Б.№57 31.08.21ж.	
Өтеген Бақтыгүл Күзербайқызы	Бейінді оқыту жөніндегі басшының орынбасары	29.11.2024 ж «Білім берудегі менеджмент» «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ №0752109; 80 сағат	Б.№34 29.08.24ж.	

Арыкова Айнур Махсутовна	Тәрбие ісі жұмысы жөніндегі басшының орынбасары	26.06.2026ж «Білім берудегі менеджмент» НЗМ № 205612: 80 сағат	Б.№33 29.08.24ж.	
Қасанғалиева Эльмира Асқарқызы	Бастауыш сыныптар бойынша басшының орынбасары	29.11.2024 ж «Білім берудегі менеджмент» «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ №0752102: 80 сағат	Б.№831 11.09.17 ж.	

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 4-тармағына және "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 1-тармағына сәйкес білім беру ұйымдары педагогтерінің тиісті бейіні бойынша біліктілігін арттыруды 3 жылда кемінде 1 рет 36 сағаттан кем емес көлемінде қамтамасыз ету. Білім беру ұйымдарының басшылары үшін тиісті бейіні және білім беру саласында менеджмент бойынша біліктілікті арттыру 3 жылда кемінде 1 рет делінген заңдылықтар негізінде мектеп басшысы, басшының орынбасарларының біліктілік арттыру курсынан басшы, директор, оқу ісі жөніндегі орынбасары, бастауыш сынып бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары, бейінді оқыту жөніндегі орынбасар, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар ***"Білім берудегі менеджмент"*** (80 сағаттық) курсынан өткен.

ҚОРЫТЫНДЫ: Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі-100 % - 5 балл.

3.Білім алушылар контингентіне қойылатын өлшемшарттар

3.1. Білім алушыларды қабылдаудың, ауыстырудың және шығарудың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17553 болып тіркелген) олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждерін және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары талаптарына сәйкестігі

Білім алушылар контингенті туралы мәліметтер,сыныптардың толықтығы туралы,білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер

№	Контингенттің құрылымы	Бастауыш мектеп		Негізгі орта мектеп		Орта мектеп		Мектеп бойынша барлық контингент	
		Жалпы сынып	Оқушылар саны	Жалпы сынып	Оқушылар саны	Жалпы сынып	Оқушылар саны	Жалпы сынып саны	Оқушылар саны
1	2024 – 2025	8	182	10	231	4	76	22	488
2	2025 – 2026	8	177	10	228	5	89	23	494
3	2026 – 2027	8	174	10	214	5	94	23	482



№2 Мәртөк мектеп-гимназия жылма - жыл білім алушылардың келуі бойынша түсім бар. Гимназияға қабылданатын білім алушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары»негізінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардығы №93 бұйрығымен (02.11.2018ж №611 және 15.04.2020 № 143 өзгерістермен) бекітілген білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасалып отырған.
№2 Мәртөк мектеп-гимназиясы» КММ-ніне қабылданатын оқушылардың ата-аналарын, оқушыларды ішкі тәртіп ережесімен, Жарғысымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттармен таныстырылып отырған. Медициналық картасы талап етіліп, алфавиттік кітапка тіркелгендігі туралы нөмірлері уақытылы берілген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-76 бұйрығының 5-тарау 70-тармағының сәйкес жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толтырылуы туралы 2-қосымшасында сыныптағы балалар саны 25-тен артық емес, сынып жинақтау тәртібінің сақталуы, сынып толымдылығы нормаларының сақталуы.

№2 Мәртөк мектеп-гимназия 2024-2025 оқу жылында мектепте 1-11 сыныптар бойынша 22 сынып жиынтығында 488 білім алушы оқыған. Яғни әр сыныпта толымдылығы бойынша 22 баладан келген.

2025-2026 оқу жылында 1-11 сыныптарда 23 сынып жиынтығында 494 білім алушылар контингентін құрады. Әр сынып-комплектіге 21 білім алушыдан келіп, сынып толымдылығына қойылатын талаптар сақталған. 2026-2027 оқу жылында 1-11 сыныптарда 23 сынып жиынтығында 482 білім алушылар контингентін құрады. Әр сынып комплектіге 21 білім алушыдан келіп, сынып толымдылығына қойылатын талаптар сақталған.

Білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер

Мектепке қабылдау және мектептен мектепке ауысу үдерісі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

№2 Мәртөк мектеп-гимназиясы 2024-2026 оқу жылындағы контингент қозғалысы

Оқу жылдары	Жыл басы	1-4 сыныптар		5-9 сыныптар		10-11 сыныптар		Барлығы		Жыл аяғы
		келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті	
2024-2025	488	6	6	7	5	-	-	13	11	490

2025-2026	494	9	9	8	8	5	2	22	19	497
2026-2027	482	-	-	-	1	1	2	1	3	480

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарағанда оқуға келген және кеткен білім алушылар саны арасындағы динамикалық тепе-теңдік сақталмайды. Білім алушылардың мектептен кетуінің негізгі себептерінің бірі тұрғылықты жерін ауыстыру болып қала береді.

ҚОРЫТЫНДЫ :жоспарлар бекітілген; әдістемелік бірлестіктер жұмыс істейді; хаттамалар бар (жылына кемінде 3); бұйрықтар рәсімделген; тәлімгерлік ұйымдастырылған -5 балл

3.2. Сыныптардың толымдылығына және оларды топтарға бөлуге қойылатын МЖМБС талаптарының сақталуы

Сыныптарды топқа бөліп оқытудың талаптарының сақталу жағдайын электрондық «Bilimclass» журналы арқылы тексерілді. Оқу жылдарында сыныпты екі топқа бөлу сыныптарда білім алушылар саны 20 және одан артық болғанда жүргізілген. Сыныптарды топқа бөлу барысында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктері есепке алынған.

Сыныпты топқа бөліп оқытуға байланысты өзгерістер оқу жылдарында жүргізілген: ***2024-2025, 2025-2026, 2026-2027 оқу жылдары*** сыныптарды екі топқа бөлу (оқушылар саны 20 және одан артық болғанда) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде жүргізілген.

Аталған құжаттың 2-қосымшасына сәйкес *Бастауыш білім берудің* мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3-тарауы, 30-тармағы бойынша 1-4 сыныптарда сыныпты екі топқа бөлу оқушылар саны 20 және одан артық болғанда ағылшын тілі, орыс тілі, цифрлық сауаттылық (1сыныптан басқа) пәндері бойынша жүргізіліп отырған.

Негізгі орта білім беру бойынша:

Аталған құжаттың 3-қосымшасына сәйкес *Негізгі орта білім берудің* мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3-тарауы, 43-тармағы бойынша сыныпты екі топқа бөлу оқушылар саны 20 және одан артық болғанда ағылшын тілі, көркем еңбек, информатика пәні, орыс тілі мен әдебиеті пәндері бойынша жүргізілген.

Жалпы орта білім беру бойынша:

Аталған құжаттың 4-қосымшасына сәйкес *Жалпы орта білім берудің* мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3-тарауы, 33-тармағы бойынша сыныпты екі топқа бөлу оқушылар саны 20 және одан артық болғанда ағылшын тілі, орыс тілі мен әдебиеті, информатика пәндері бойынша жүргізіліп отырған.

2024-2025 оқу жылында 2-11 сыныптарда барлық 18 сынып-комплектісінде жоғарыда аталған пәндер бойынша сыныптар топқа бөлініп оқытылған,ал 10 «А»-18,10«Ә»-16 білім алушы болғандықтан, ол сыныптар топқа бөлінбеді.

Ерекше білім беруді қажет ететін 4 білім алушы болды. 1«Ә» сыныбында Әділова Динара, 2 «А» Зинелғабыл Ғаділбек, Ерсары Әлижан, 5 «Ә» сыныбында Ялғасбай Мадияр білім алды. Инклюзивті білім беру шеңберінде 30-тармақ және 43-тармақта көрсетілген пәндер бойынша сыныпты топтарға бөлу 31-тармақ және 45-тармақ бойынша әрбір ерекше білім беру қажеттілігі бар балаға сынып толымдылығындағы білім алушылардың жалпы санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылған.

2025-2026 оқу жылында 2-11 сыныптарда барлық 18 сынып-комплектісінде жоғарыда аталған пәндер бойынша сыныптар топқа бөлініп оқытылған. Ал 10 «А» – 16, 10 «Ә» –18, 10 «Б» – 15 білім алушы болғандықтан, ол сыныптар топқа бөлінбеді.

Ерекше білім беруді қажет ететін 6 білім алушы болды, 1 «А» сыныбында Берікбол Махмуд, Гарифола Ибрагим, 2 «Ә» сыныбында Әділова Динара, 3 «А» сыныбында Зинелғабыл Ғаділбек, Аманғали Айқын, 6 «Ә» сыныбында Ялғасбай Мадияр білім алды.

Инклюзивті білім беру шеңберінде 30-тармақ және 43-тармақта көрсетілген пәндер бойынша сыныпты топтарға бөлу 31-тармақ және 45-тармақ бойынша әрбір ерекше білім беру қажеттілігі бар балаға сынып толымдылығындағы білім алушылардың жалпы санын үшке кеміту есебінен

жүзеге асырылған.

2026-2027оқу жылында сыныптарды екі топқа бөлу (оқушылар саны 20 және одан артық болғанда) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде жүргізілген.

Аталған құжаттың 2-қосымшасына сәйкес *Бастауыш білім берудің* мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3-тарауы 30-тармақ бойынша 1-4 сыныптарда сыныпты екі топқа бөлу оқушылар саны 20 және одан артық болғанда ағылшын тілі, орыс тілі, цифрлық сауаттылық және жасанды интеллект(1 сыныптан басқа) пәндері бойынша жүргізіліп отырған.

Негізгі орта білім беру бойынша:

Аталған құжаттың 3-қосымшасына сәйкес *Негізгі орта білім берудің* мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3-тарауы 43-тармағы бойынша сыныпты екі топқа бөлу оқушылар саны 20 және одан артық болғанда ағылшын тілі, көркем еңбек, информатикажәне жасанды интеллект пәні, орыс тілі мен әдебиеті пәндері бойынша жүргізіледі.

Жалпы орта білім беру бойынша:

Аталған құжаттың 4-қосымшасына сәйкес *Жалпы орта білім берудің* мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3-тарауы. 33-тармағы бойынша сыныпты екі топқа бөлу оқушылар саны 20 және одан артық болғанда ағылшын тілі, орыс тілі мен әдебиеті, информатика және жасанды интеллект пәндері бойынша жүргізіліп отыр.

2-11 сыныптарда барлық 18 класс-комплектісінде жоғарыда аталған пәндер бойынша сыныптар топқа бөлініп оқытылады. Ал 4 «А» – 16, 8 «Ә» – 16 ,11 «А» – 15 , 11 «Ә» – 15, 11 «Б» – 18 білім алушы болғандықтан, ол сыныптар топқа бөлінбейді.

Ерекше білім беруді қажет ететін 8 білім алушы бар. 1 «А» сыныбында Жарылқасын Айсұлтан, Еділбай Әли, 1 «Ә» сыныбында Әкімгерей Сезім, 2 «А» сыныбында Берікбол Махмуд, 3 «Ә» сыныбында Әділова Динара, 4 «А» сыныбында Зинелғабыл Ғаділбек, 4 «Ә» сыныбында Аманғали Айкын, 7 «Ә» сыныбында Ялғасбай Малияр білім алады. Инклюзивті білім беру шеңберінде 30-тармақ және 43-тармақта көрсетілген пәндер бойынша сыныпты топтарға бөлу 31-тармақ және 45-тармақ бойынша әрбір ерекше білім беру қажеттілігі бар балаға сынып толымдылығындағы білім алушылардың жалпы санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылған.

ҚОРЫТЫНДЫ :Сәйкес келеді - 5 балл

4.Оқу-әдістемелік жұмысқа қойылатын өлшемшарттар

4.1. Жұмыс оқу жоспарының (бұдан әрі – ЖОЖ) МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкестігі.

Зерделеу барысында:

2024-2025 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2023ж.18.08. № 264 бұйрығымен енгізілген өзгертулер, көркем еңбек, жаратылыстану-2сағ пәні 4-сыныпта оқытылуына байланысты) 14-қосымша 1-4 кластар үшін;ҚР ОА министрінің 30.09.2023 жылғы №412 бұйрығымен 19-қосымша 5-9 сыныптар үшін,27 қосымша 10,11 сыныптар үшін. төмендетілген оқу жүктемесімен және үйден оқыту 9-қосымша 11 –тарау 7 сынып үшін, педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленді.

Сабақ кестесі: Мектептің оқу жұмыс жоспары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру обьектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» туралы ережелерге сәйкес жалпы оқу жүктеме мөлшері құрастырылып, сабақ кестесі жасалынып, бекітілді.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары bilimelass.kz-те толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады.

Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған Инвариантты және вариативтік оқу, тандауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар,барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз стілеген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар bilimclass.kz -те толтырылған.

2024-2025 оқу жылында №2 Мәртөк мектеп- гимназия» КММ контингент 1-11 сыныпта 22 сынып жиынтығында – 488 оқушыға білім берілген.

2025-2026 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 27.06.2024 №161 бұйрығы; 9(14)-қосымша (көркем еңбек, жаратылыстану-2сағ.пәні 4-сыныпта оқытылуының аяқталуына байланысты) 1-4 сыныптар үшін; 19-қосымша 5-9 сыныптар үшін төмендетіліген оқу жүктемесімен енгізілген өзгерістермен; 27,21 қосымша 10,11 сыныптар үшін және үйден оқыту 9-қосымша 11 –тарау 8 сынып үшін, педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып, оқу жұмыс жоспары әзірленді.

Сабақ кестесі: Мектептің оқу жұмыс жоспары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру обьектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» туралы ережелерге сәйкес жалпы оқу жүктеме мөлшері құрастырылып, сабақ кестесі жасалынып, бекітілді.

Санитариялық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып, толық штаттық форматта оқытуды ұйымдастыру жағдайы басшылыққа алынып жасалған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «bilimclass.kz» пайдалану арқылы жасалған. 2025-2026 оқу жылына арналған мектепішілік жоспары белгіленіп, мектеп жасындағы балаларды оқумен толық қамтамасыз етуде. Оқушылардың бос уақыттарын есепке алып, пәндік және де басқа үйірме, секцияларға тарту, сабақта және тыс уақытта оқу-тәрбие жұмыстары үздіксіз жүргізілді. Оқушылар екі кезеңде оқыды.

2026-2027 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының)1, 14-қосымша 1-4 сыныптар үшін; 19-қосымша 5-9 сыныптар үшін оқу жүктемесімен: 27,29,21 қосымша 10,11 сыныптар үшін; және үйден оқыту 9-қосымша 11 –тарау 9 сынып үшін, педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып, оқу жұмыс жоспары әзірленді.

Сабақ кестесі: Мектептің оқу жұмыс жоспары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру обьектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» туралы ережелерге сәйкес жалпы оқу жүктеме мөлшері құрастырылып, сабақ кестесі жасалынып, бекітілді.

Санитариялық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып, толық штаттық форматта оқытуды ұйымдастыру жағдайы басшылыққа алынып жасалған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «BilimClass.kz» пайдалану арқылы жасалған. 2025-2026 оқу жылына арналған мектепішілік жоспары белгіленіп, мектеп жасындағы балаларды оқумен толық қамтамасыз етуде. Оқушылардың бос уақыттарын есепке алып, пәндік және де басқа үйірме, секцияларға тарту, сабақта және тыс уақытта оқу-тәрбие жұмыстары үздіксіз жүргізіледі. Оқушылар екі кезеңде оқиды.

Жалпы қорытынды: Жалпы 2024-2026 жж аралығында 3 жылдық оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, электронды

«BilimClass.kz » пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Жүргізілген талдау нәтижесінде білім беру ұйымының жұмыс оқу жоспарының ҚР Оқу-ағарту министрінің №500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі анықталды. Әр сынып бойынша оқытылатын пәндер тізбесі, апталық және жылдық оқу жүктемесінің көлемі, міндетті және вариативтік компоненттерге бөлінген сағат саны нормативтік талаптарға толық сәйкес келеді

ҚОРЫТЫНДЫ :Бұзушылықтар жоқ-5 балл.

4.2. Оқу процесін жоспарлау мен іске асырудың, оқу пәндерінің мазмұнының Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29767 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының (бұдан әрі – ҮОБ) талаптарына және МЖМБС-да көзделген күтілетін оқыту нәтижелеріне бағдарлануына сәйкестігі.

Білім беру ұйымында оқу процесін жоспарлау мен іске асырудың Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкестігі, сондай-ақ білім алушылардың күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуіне қажетті жағдайлар зерделеніп, бағаланды.

2024–2025, 2025–2026, 2026–2027 оқу жылдарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер мен таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламалары басшылыққа алынған.

Аталған оқу бағдарламалары негізінде пәндердің ұзақ мерзімді жоспарлары әдістемелік бірлестіктер отырыстарында қаралып, талданған және қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары және BilimClass электрондық журналындағы мәліметтердің сәйкестігі тексерілді. Оқу процесін ұйымдастыру оқу жұмыс жоспары мен сабақ кестесіне сәйкес жүзеге асырылатыны анықталды.

Білім алушылардың апталық оқу жүктемесі санитариялық қағидаларда белгіленген рұқсат етілген шекті нормаларға сәйкес жоспарланған. Оқу жұмыс жоспары инварианттық және вариативтік компоненттерден тұрады. Инварианттық компонент мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкес құрылған. Вариативтік компонент білім алушылардың сұраныстары мен қызығушылықтарын ескере отырып, таңдау курстары, жеке және топтық сабақтар арқылы жүзеге асырылады.

Оқу жұмыс жоспарының барлық пәндері бойынша пән мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар әзірлеген. Жоспарларда сабақтардың өткізілу күндері, тақырыптары және әр тақырыпқа бөлінген сағат саны көрсетілген. Оқу жоспарының инварианттық және вариативтік компоненттері бойынша бөлінген сағаттардың орындалуы BilimClass электрондық журналы арқылы бақыланып, тіркелген.

Сабақ кестесі мен оқу жүктемесінің сәйкестігі

2024–2025, 2025–2026, 2026–2027 оқу жылдарындағы оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестелеріне жүргізілген талдау нәтижесінде олардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес әзірленгені анықталды.

Оқу жұмыс жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қаралып, белгіленген тәртіппен бекітілген. Сабақ кестесін құру кезінде әр сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормативтері, мектептің материалдық-техникалық базасы мен педагог кадрлармен қамтамасыз етілуі ескерілген.

Сабақ кестесі электрондық BilimClass жүйесінде жүргізілетін оқу процесімен сәйкестендірілген. Апталық оқу жүктемесінің белгіленген нормалары сақталған. Міндетті және факультативтік сабақтарға арналған кестелер жеке әзірленген. Сонымен қатар сабақтар арасындағы үзілістердің

ұзақтығы санитариялық талаптарға сәйкес ұйымдастырылған.
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығының 5-тарауында белгіленген талаптар басшылыққа алынған.
Осылайша, оқу пәндерінің базалық мазмұнын меңгерту жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатыны анықталды.
Жүргізілген өзін-өзі бағалау нәтижесінде 2024–2025, 2025–2026 және 2026–2027 оқу жылдарында мектептегі оқу процесін жоспарлау мен ұйымдастырудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының, үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылғаны анықталды.
Оқу жұмыс жоспарлары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар мен сабақ кестелері өзара сәйкестендірілген. Білім алушылардың апталық оқу жүктемесі, пәндер бойынша бөлінген сағат саны, сабақтардың өткізілу тәртібі және үзіліс уақыты белгіленген нормативтерге сәйкес келеді.
Оқу процесінің орындалуы BilimClass электрондық журналы арқылы жүйелі түрде бақыланады.

Қорытынды: Білім беру ұйымындағы оқу процесін жоспарлау мен іске асыру «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 2-қосымшасының 2-тарауының 10–26-тармақтарына, 3-қосымшасының 2-тарауының 11, 22–37-тармақтарына, 4-қосымшасының 2-тарауының 22–28-тармақтарына сәйкес келеді. Сонымен қатар оқу процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары негізінде ұйымдастырылған.

ҚОРЫТЫНДЫ: жұмыс оқу жоспары МЖМБС және үлгілік оқу жоспарларының талаптарына сәйкес келеді; оқу пәндерінің міндетті тізбесіне, оқу жүктемесінің көлеміне және оқу жоспарының құрылымына әсер етпейтін болмашы ұйымдастырушылық ауытқулар бар- 4 балл

4.3. Жалпы орта білім беру деңгейінде бейіндік оқытуды (болған жағдайда) МЖМБС талаптарына сәйкес іске асыру

Зерделеу нәтижесі бойынша: 2024-2025 оқу жылдары білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп 10 «А,Ә» –11 «А,Ә» сынып оқушылары жаратылыстану-математикалық бағыттың таңдалған. Оқу жылында білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп бейінді оқыту іске асырылған. 2024-2025 оқу жылында 10 «А,Ә»-сыныптарда білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, Тереңдетілген деңгей (физика, химия) мен Стандарттық деңгейден (дүние жүзі тарихы, кәсіпкерлік және бизнес негіздері) таңдау пәндері жүргізілген. 11 «А,Ә» сынып бойынша Тереңдетілген деңгей (химия, биология, география) мен Стандарттық деңгейден (дүние жүзі тарихы,кәсіпкерлік және бизнес негіздері) пәндері жүргізілген.
Тереңдетілген деңгейде таңдау пәндері 10«А,Ә»сыныптарында физика, химия -3 сағаттан, барлығы – 12 сағат 11«а» сыныбында география,биология -3 сағаттан, барлығы – 6 сағат, 11 «Ә»сыныбында химия,биология -3сағаттан,барлығы-6 сағат оқытылған.Стандартты деңгейде Дүниежүзі тарихы, Кәсіпкерлік және бизнес негіздері -10 «А», «Ә»класында 1 сағаттан, барлығы –2 сағат оқытылды. Стандартты деңгейде Дүниежүзі тарихы, Кәсіпкерлік және бизнес негіздері -«11 «А»,11«Ә» сыныбында 1 сағаттан, барлығы –2 сағат оқытылды.
2025-2026 оқу жылында білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асырған. 2025-2026 оқу жылдары білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп, 10«А»,«Ә», 11«А»,«Ә» сыныптары жаратылыстану-математика бағыты бойынша, 10 «Б» сыныбы қоғамдық-гуманитарлық бағытын таңдады.
Тереңдетілген деңгейде таңдау пәндері 10 «А» (биология, география) 10«Ә» (физика, биология) 10 «Б» (дүниежүзі тарихы, құқық негіздері) таңдалған. Стандарттық деңгейде 10 «А, Ә» (дүниежүзі тарихы, кәсіпкерлік және бизнес негіздері) 10 «Б» (физика, химия), пәндері білім алушылардың қалауы бойынша оқытылған.
11 «А,Ә» сыныптар бойынша Тереңдетілген деңгей (физика,химия) мен Стандарттық деңгейде

(дүниежүзі тарихы,кәсіпкерлік және бизнес негіздері) пәндері жүргізілген.
Жаратылыстану-математика бағытында Тереңдетілген деңгейде таңдау пәндері 10«А»сыныбында биология, география -3 сағаттан, барлығы – 6 сағат 10 «Ә» сыныбында физика,биология -3 сағаттан, барлығы – 6 сағат. Стандартты деңгейде Дүниежүзі тарихы, Кәсіпкерлік және бизнес негіздері -10 «А», «Ә»класында 1 сағаттан, барлығы –2 сағат оқытылды.Тереңдетілген деңгейде11 «А», «Ә» сыныптарында физика,химия- 3 сағат, барлығы – 12 сағат.Стандартты деңгейде Дүниежүзі тарихы, Кәсіпкерлік және бизнес негіздері -«11 «А»,11«Ә» сыныбында 1 сағаттан, барлығы –2 сағат оқытылды.
Қоғамдық-гуманитар бағытындағы 10 «Б»сыныбындаТереңдетілген деңгейде Дүниежүзі тарихы, құқық негізі-2сағаттан,барлығы-4сағат, Стандартты деңгейде физика, химия 2сағат,барлығы-4сағат білім алушылардың қалауы бойынша оқытылды.
2026 –2027 оқу жылында 10 «А», 11«А», «Ә» сыныптарыжаратылыстану – математикалық бағыты, 10 «Ә», 11 «Б»сыныптары қоғамдық – гуманитарлық бағыты бойынша оқиды. Бұл бағыт оқушылар мен ата –аналардың таңдауы мен өтініші негізінде алынды. 10 – 11 сыныптарының вариативті компонентін болу кезінде оқушылардың мемлекеттік бітіру емтиханына даярлық сапасын арттыру және бейіндік пәндер бойынша білімдерін жан-жақты толықтыру мақсатындағы курстар таңдалып отыр.
10 «А» сыныбында Тереңдетілген деңгейде химия, физика, биология, Стандартты деңгейде дүниежүзі тарихы пәндері білім алушылардың қалауы бойынша оқытылады.
11 «А, Ә» сыныптары Тереңдетілген деңгейде биология,физика, Стандарты деңгейде дүниежүзі тарихы,кәсіпкерлік және бизнес негіздері пәндері білім алушылардың қалауы бойынша оқытылады.
10 «Ә» сыныбында Тереңдетілген деңгейде Дүниежүзі тарихы,Стандардық деңгейде физика,биология пәндері білім алушылардың қалауы бойынша оқытылады.
11 «Б»сыныбында Тереңдетілген деңгейде дүниежүзі тарихы,құқық негіздері, Стандардық деңгейде физика,химия пәндері білім алушылардың қалауы бойынша оқытылады.
Жаратылыстану – математика бағытында тереңдетілген деңгейде таңдау пәндері 10 «А»сыныбында химия,физика, биология – 2сағат,барлығы-6сағат, 11 «А,Ә» сыныптарында биология,физика -3 сағаттан, барлығы – 12 сағат оқытылады.
Стандартты деңгейде 10 «А» сыныбындадүниежүзі тарихы -1сағат,барлығы-1сағат оқытылады. 11 «А,Ә» сыныптарында Дүниежүзі тарихы, Кәсіпкерлік және бизнес негіздері - 1 сағаттан, барлығы –4 сағат оқытылады.
Қоғамдық – гуманитарлық бағытында Тереңдетілген деңгейде таңдау пәндері 10 «Ә» сыныбында Дүниежүзі тарихы -2 сағаттан, барлығы –2 сағат оқытылады. 11 «Б» сыныбында Дүниежүзі тарихы,құқық негіздері-2сағаттан,барлығы-4сағат оқытылады. Стандарттық деңгейде 10 «Ә» сыныбында физика,биология-2сағаттан,барлығы-4сағат,11«Б»-сыныбында физика,химия -2сағаттан,барлығы-4сағат оқытылады.
Оқушылардың жаратылыстану – математика бағыты және қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша басым бөлігінің болашақ мамандықтарына дайындау мақсатында және сұраныстары негізінде таңдау пәндерінен білімдерін кеңейту үшін вариативтік компонент бөлігіндегі таңдау пәндері, элективті курстар, гимназия компонентінен курстары аптасына 1 сағаттан жүргізіледі. Жұмыс оқу жоспарына сәйкес сабақ кестесі жасалып бекітілген. Сабақ кестесі bilim.class платформасында инвариантық оқу жүктемесіндегі пәндер негізгі сабақ кестесіне, вариативтік компоненттегі пәндер қосымша білім беру бөліміндегі сабақ кестесіне бөлек жазылған. Оқу бағдарламалары әзірленіп, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары (КТЖ) электронды журналға салынған. Сынып журналдарында теориялық, практикалық сабақтар көрсетілген.
ҚОРЫТЫНДЫ:«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 4-қосымша 2-тарау 24,25,26,27-тармақ талаптары сақталған.

ҚОРЫТЫНДЫ:бейіндік оқыту үлгілік оқу жоспарына сәйкес іске асырылады- 5 балл

4.4. Вариативтік компонентті, оның ішінде элективтік курстар мен факультативтік сабақтарды ҮОЖ сәйкес іске асыру

Зерделеу нәтижесі бойынша 2024-2025, 2025-2026, 2026-2027 оқу жылдары жалпы білім беретін

үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесі нақты сақталғандығы анықталды.

Вариативті компоненттен алынған таңдау курстарының сабақ кестесі бөлек жасалып, бекітілген. Таңдау курстарының оқу бағдарламалары құрылып, пәндік бірлестіктерде талданған, мектеп директорымен бекітілген.

2024-2025оқу жылы бойынша «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы басшылыққа алынды.

Бастауыш білім беру деңгейі бойынша вариативтік компоненттен 2 «А», 2 «Ә», 3 «А», 3 «Ә», 4 «А», 4 «Ә» сыныптардың әркайсысына таңдау пәнінен 1 сағат «Шахмат» курсы жүргізілді. 1-4 сыныптарда барлығы 8 сағат дене шынықтыру саласы бойынша спорттық ойындарға берілген 1 сағатына «Қозғалмалы ойындар» таңдау пәні алынды.

Гимназия компонентінің 3 сағатына 2 «А», 2 «Ә», 3 «А», 3 «Ә», 4 «Ә», 4 «Ә» сыныптарда «Қызықты математика» -1 сағат, «Логикалық негіздері» - 1 сағат, «Қызықты грамматика» -1 сағат, сонымен қатар, 4-ші гимназия компонентіне 2 «А», 2 «Ә» сыныптарында «Тіл дамыту»-1 сағат, 3 «А», 3 «Ә», 4 «А», 4 «Ә» сыныптарында «Мәнерлеп оқу» курсы жүргізілген.

1 «А» және 1 «Ә» сыныбында аптасына 1 сағаттан барлығы 6 сағат гимназия компонентінен вариативтік оқу жүктемесі есебінен «Қызықты математика», «Логикалық негіздері», «Ертегілер елінде», «Көркем жазу», «Тіл дамыту» және «Есептерге саяхат» курстары жүргізілген.

Негізгі орта білім беру деңгейі 5-9 сыныптар арасында білім алушылардың ойлау қабілетін, функционалдылық сауаттылығын дамыту мақсатында гимназия компонентінен 5 «А,Ә» сыныптарында «Фонетика», «Әдебиет әлемі», «Экология», «Роботехника», «Қаржылық сауаттылық» аптасына 1 сағаттан, 6 «А» сыныбында «Компьютерлік графика», «Орта ғасырлар тарихы»,6 «А,Ә» сыныптарында «Экология», «Оқу сауаттылығы», «Лексика», 6 «Ә» сыныбында «Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы», «Робототехника» аптасына 1 сағаттан жүргізілді.

7-9-сыныптардағы білім алушылардың коммуникативтік, танымдық дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында 7 «А,Ә» сыныптарында «Қазақтың шешендік өнері», «Морфология», «Химия әлемі» , «Материктер мен мұхиттар», 8 «А,Ә» сыныптарында «Синтаксис», «Табиғаттың физикалық заңдылықтары», 8 «Ә»сыныбында «Ұлт-азаттық көтерілістер»,«Сандық есептер», «Теңдеулер және теңсіздіктер», 8 «А» сыныбында «Тапсырмалар мен жаттығулардағы химия»,«Әдебиет теориясы»,«Қызықты география» аптасына 1 сағаттан жүргізілді. 9 «А,Ә» сыныптарында «Механикалық және кванттық амалдар», «Роботехника», «Тапсырмалар мен жаттығулардағы химия», «Web бағдарламау», 9 «А» сыныбында «Эссе жазу стратегиясы»,9 «Ә» сыныбында «Қазақстан географиясы» аптасына 1 сағаттан жүргізілді.

Вариативті компонент есебінен таңдау курстары өткізілді: 7 «А,Ә» сыныптарында «Физика және қоршаған орта», 7 «А» сыныбында «Python тілінде программалау», «Жалпы география», 7 «Ә» сыныбында «Жаңа замандағы Қазақстан тарихы», «Ұлы саяхатшылар»; 8 «А,Ә» сыныптарда «Python тілінде программалау», «Махамбеттану», 8 «А» сыныбында «Қазақстан географиясы»,

8 «Ә» сыныбында «География әлемінде», 9«А,Ә» сыныптарында «Физика әлемінде», «Тригонометрия», 9«А» сыныбында «Оқу сауаттылығы», 9 «Ә» сыныбында «Бейорганикалық және органикалық есептеулер» аптасына 1 сағаттан жүргізілді.

Вариативтік компонент элективті курс есебінен 9«А,Ә» сыныптарында «Зайырлылық және дінтану негіздері» аптасына 1 сағаттан жүргізілді.

10«А,Ә», 11«А,Ә» сыныптарында жаратылыстану –математика бағыты бойынша жұмыс жүргізілді.Жалпы орта білім беру бағдарламаларын саналы меңгеруі үшін оқушыларға тереңдетіп,саралап,бейіндетіп,білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт деңгейін арттыру және оқуға қабілетті,дарынды оқушыларды анықтау мақсатында гимназия компонент есебінен курстар өткізілді.10«А,Ә» сыныптарында «Елтану», 10 «А» сыныбында «XX ғасырдағы Қазақстан», «Қазақ тілінің грамматикасы», «Химия және материалтану», 10 «Ә» сыныбында «Әдебиет теориясы», «Python программалау тілі», «Тарих тағылымы», 11 «А» сыныбында «Физика және техника»,«Жалпы химия», «Математикалық сауаттылық»,

«Химиядан күрделі есептер шығару», 11 «Ә» сыныбында «Жалпы химия», «Физика және техника», «Жаңа әлем географиясы» жүргізілді.
Білім алушының табиғат, қоғам және адам туралы біртұтас, аяқталған білім жүйесін меңгеруін, функционалдық сауаттылығының дамуын, тұлғаның интеллектуалдық, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын, білім мазмұнын саралау, кіріктіру және бейіндеу негізінде болашақ мамандығының бағытын таңдау жағдайын қамтамасыз етеді. Вариативтік компонент есебінен элективті курстар өткізілді. 10 «А,Ә» сыныбында «Жас сарбаз», 11а сыныбында «Эссе,оның түрлері, бағалауға қойылатын талаптар». 11 «Ә» сыныбында «Қазақ тілінің грамматикасы»аптасына 1 сағаттан өткізілді.
Сонымен қатар вариативтік компонент есебінен төмендегі таңдау курстары жүргізілді. 10 «А,Ә» сыныптарында «Креативті ойлау», «Физика есептерін шешу әдістері», ««Жалпы география», 10 «А» сыныбында «Python программалау тілі», 10 «Ә» сыныбында «Жас инженер», 11 «А» сыныбында «Алаш көзқарасы», «Оқу сауаттылығы», «Физика және техника», «Физиканың жаңа форматтағы есептері», 11 «Ә» сыныбында «Химиядан күрделі есептер шығару»,« «Алаш көзқарасы», «Оқу сауаттылығы», «Математикалық сауаттылық», аптасына 1сағаттан оқытылды.
2025-2026 оқу жылы бойынша «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы.
Бастауыш білім беру деңгейі бойынша вариативтік компонент 2 «А», 2 «Ә», 3 «А», 3 «Ә», 4 «А», 4 «Ә» сыныптардың әрқайсысына таңдау пәніне 1 сағаттан «Шахмат» курсы алынды, мақсаты: Оқушылардың ой-өрісін кеңейту, шахмат ойнаудың қарапайым тәсілдерді меңгерту;
1 «А», 2 «А», 2 «Ә», 3 «А», 3 «Ә», 4 «А», 4 «Ә» сыныптардың әрқайсысына Дене шынықтыру саласы бойынша спорттық ойындарға берілген 1 сағатына «Қозғалмалы ойындар» таңдау пәні алынды. Мақсаты: Қозғалмалы ойындар арқылы спорттық ойындарға бейімдеу.
Гимназия компоненті сағаттары есебінен 2 «А», 2 «Ә», 3 «А», 3 «Ә», 4 «Ә», 4 «Ә» сыныптарда аптасына 1 сағаттан барлығы 3 таңдау курсы алынды:
«Қызықты математика» -1 сағат, мақсаты: Математиканың есептеудің өмірдегі маңызын түсіндіру, танымдық түсініктерін кеңейту, логикалық ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамыту; «Логикалық негіздері» - 1 сағат таңдау курсы; мақсаты: Ойлау қызметі негізінде ойды дамыту, тексеру, салыстыру, қиялды, елестету және шығармашылық ойлауын дамыту; «Қызықты грамматика» -1 сағат, мақсаты: Мәтін, сөйлем, сөздерді талдау, салыстыру, топтау және жинақтау дағдысын қалыптастыру;
Сонымен қатар, 4-ші гимназия компонентіне 2 «А», 2 «Ә» сыныптарында «Тіл дамыту»- 1 сағат, мақсаты: Тіл байлығын арттыру, шешендікке баулу, сөздік қорын дамыту; 3 «А», 3 «Ә», 4 «А», 4 «Ә» сыныптарында «Мәнерлеп оқу» - 1 сағат алынды. Мақсаты: балалар әдебиетінің озық үлгідегі шығармаларын жүйелі оқыту, оқырмандық мәдениетке баулу;
1 «А» сыныбында аптасына 1 сағаттан барлығы 6 сағат гимназия компонентінен вариативтік оқу жүктемесіне курстар алынды:
«Қызықты математика» таңдау курсы, мақсаты: Математиканың есептеудің өмірдегі маңызын түсіндіру, танымдық түсініктерін кеңейту, логикалық ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатын көздеп отыр; «Логикалық негіздері» таңдау курсы алынды, мақсаты: Оқушылардың зейінін тұрақтандырып, логикалық ойлауға машықтандыру; «Ертегілер елінде» курсы, мақсаты: Оқушылардың қиялын, есте сақтау, шығармашылық қабілетін, ой-өрісін, тілін дамыту; «Көркем жазу» , мақсаты: Жазу каллиграфиясына сай көркем етіп жазуға машықтандыру; «Тіл дамыту» мақсаты: бірінші сынып оқушыларын тілін дамыту, сөздік қорын молайту; «Есептерге саяхат» мақсаты: есеп және оны шешу жолдары туралы алғашқы түсінік қалыптастыру;

Негізгі орта білім берудің (7-9 кластар) оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі бейімдеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады. 7-9 кластардың оқу жоспарының вариативті бөлігін жасауда инвариантты компоненттен таңдау бойынша келесі курстар жүргізілді.

7 «А,Ә» сыныптарында «Морфология», 7 «А» сыныбында «Қызықты химия», «Қысқаша көбейту формулалары», 7 «Ә» сыныбында «Жаңа замандағы Қазақстан тарихы», «Ұлы саяхатшылар».8«А,Ә» сыныптарында «Логикалық және тереңдетілген физика», «Махамбеттану», 8 «А» сыныбында «Робототехника», 8 «Ә» сыныбында «Тапсырма мен жаттығуларда танымдық белсенділігі мен дербестігін дамыту», 9 «А,Ә» сыныптарда «Қазақстан экономикалық географиясы», 9 «А» сыныбында «Химия және материалтану», «Физикалық процестер мен есептер», 9 «Ә» сыныбында «Механикалық және кванттық амалдар», «Блум таксономиясының инновациялық тапсырмаларытиімді әдістері» өткізілді. Вариативтік компонент элективті курс есебінен 9 «А,Ә» сыныптарында «Зайырлылық және дінтану негіздері» аптасына 1 сағаттан жүргізілді.

Негізгі орта білім беру бағдарламарын сапалы меңгертуі үшін оқушыларға тереңдетіп,саралап оқыту және оқуға қабілетті, дарынды оқушыларды анықтау мақсатында гимназия компонент есебінен курстар өткізілді. 5 «А,Ә» сыныптарында «Фонетика», «Әдебиет әлемі», «Экология», «Қаржылық сауаттылық», «Тарих ата». 6«А,Ә» сыныптарында «Python программалау», «Қаржылық сауаттылық», «Экология». 6«А» сыныбында «Логика әлемі», «Оқу сауаттылығы». 6 «Ә» сыныбында «Лексика», «Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы». 7 «А,Ә» сыныптарында «Қазақтың шешендік өнері», «Химия әлемі». 7 «А» сыныбында «Жалпы география», «Python программалау». 7«Ә» сыныбында «Материктер, мұхиттар», «Қысқаша көбейту формулалары». 8 «А,Ә» сыныптарда «Синтаксис», «Python программалау». 8 «А» сыныбында «Қазақстан географиясы», «Тапсырмалар мен жаттығулардағы химия», «Табиғаттың физикалық заңдылықтары». 8 «Ә» сыныбында «Қызықты география», «Химиядағы сандық есептер», «Ұлт-азаттық көтерілістер». 9 «А,Ә» сыныптарында «Эссе», «Робототехника», «Тригонометрия», 9 «А» сыныбында «География әлемінде», «Python программалау». 9«Ә» сыныбында «Физика әлемінде», «Бейорганикалық және органикалық есептеулер».

10«А,Ә» 11«А,Ә» сыныптарында жаратылыстану-математика бағыты бойынша жұмыс жүргізіледі. Вариативтік компонент есебінен элективті курстар өткізілді. 10 «А,Ә» сыныптарында «Жас сарбаз». 11 «А,Ә» сыныптарында «Әлемдік география»«Жер тану».

Вариативтік компонент есебінен төмендегі таңдау курстары жүргізілді. 10 «А,Ә» сыныптарында «Жалпы география», «Физика есептерін шешу әдістері», «Жалпы химия». 10 «А, сыныптарында «Әдебиет теориясы».10»Ә»сыныбында «Оқу сауаттылығы». 11 «А,Ә» сыныптарында «Адам физиологиясы және салауатты өмір салты», «Химиядан күрделі есептер шығару», «Физиканың жаңа форматтағы деңгейлі есептері». 11 «А» сыныбында «Эссе» жүргізілді.

Жалпы орта білім беру бағдармаларын сапалы меңгерту үшін оқушыларға тереңдетіп ,саралап,бейіндетіп,білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт деңгейін арттыру және оқуға қабілетті, дарынды оқушыларды анықтау мақсатында гимназия компонент есебінен курстар өткізілді. 10 «А,Ә» сыныптарда «Креативті ойлау», «Химиядан күрделі есептер шығару». 10 «А» сыныбында «Оқу сауаттылығы». «Қатты денелердің жылулық және механикалық қасиеттері». 10 «Ә» сыныбында «Әдебиет теориясы». «Елтану». 11 «А,Ә» сыныптарында «Оқу сауаттылығы». «Математикалық сауаттылық».«Биомедицина және адам денсаулығы». 11а сыныбында«XX ғасыр қазақ тарихы».11 «Ә» сыныбында «Жаңа заман тарихы» жүргізілді. 10 «Б» сыныбы қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жұмыс жүргізілді. Вариативті компонент есебінен «Жас сарбаз». «Елтану». «Биология әлемі» таңдау курстары өткізілді.

2026-2027 оқу жылы бойынша «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы.

Бастауыш білім беру деңгейі бойынша вариативтік компонент 2 «А», 2 «Ә», 3 «А», 3 «Ә», 4 «А», 4 «Ә» сыныптардың әрқайсысына таңдау пәніне 1 сағаттан «Шахмат» курсы алынды, мақсаты: Оқушылардың ой-өрісін кеңейту, шахмат ойнаудың қарапайым тәсілдерді меңгерту; 1 «А», 2 «А», 2 «Ә», 3 «А», 3 «Ә», 4 «А», 4 «Ә» сыныптардың әрқайсысына Дене шынықтыру саласы бойынша спорттық ойындарға берілген 1 сағатына «Қозғалмалы ойындар» таңдау пәні алынды. Мақсаты: Қозғалмалы ойындар арқылы спорттық ойындарға бейімдеу.

Гимназия компоненті сағаттары есебінен 2 «А», 2 «Ә», 3 «А», 3 «Ә», 4 «Ә», 4 «Ә» сыныптарда

аптасына 1 сағаттан барлығы 3 таңдау курсы алынды: «Қызықты математика» -1 сағат, мақсаты: Математиканың есептеудің өмірдегі маңызын түсіндіру, танымдық түсініктерін кеңейту, логикалық ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамыту;«Логикалық негіздері» - 1 сағат таңдау курсы; мақсаты: Ойлау қызметі негізінде ойды дамыту, тексеру, салыстыру, қиялды, елестету және шығармашылық ойлауын дамыту; «Қызықты грамматика» -1 сағат, мақсаты: Мәтін, сөйлем, сөздерді талдау, салыстыру, топтау және жинақтау дағдысын қалыптастыру; Сонымен қатар, 4-ші гимназия компонентіне 2 «А», 2 «Ә» сыныптарында «Тіл дамыту»-1 сағат, мақсаты: Тіл байлығын арттыру, шешендікке баулу, сөздік қорын дамыту; 3 «А», 3 «Ә», 4 «А», 4 «Ә» сыныптарында «Мәнерлеп оқу» - 1 сағат алынды. Мақсаты: балалар әдебиетінің озық үлгідегі шығармаларын жүйелі оқыту, оқырмандық мәдениетке баулу;

1 «А» сыныбында аптасына 1 сағаттан барлығы 6 сағат гимназия компонентінен вариативтік оқу жүктемесіне курстар алынды:

«Қызықты математика» таңдау курсы, мақсаты: Математиканың есептеудің өмірдегі маңызын түсіндіру, танымдық түсініктерін кеңейту, логикалық ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатын көздеп отыр;

«Логикалық негіздері» таңдау курсы алынды, мақсаты: Оқушылардың зейінін тұрақтандырып, логикалық ойлауға машықтандыру;

«Ертегілер елінде» курсы, мақсаты: Оқушылардың қиялын, есте сақтау, шығармашылық қабілетін, ой-өрісін, тілін дамыту;

«Көркем жазу» , мақсаты: Жазу каллиграфиясына сай көркем етіп жазуға машықтандыру;

«Тіл дамыту» мақсаты: бірінші сынып оқушыларын тілін дамыту, сөздік қорын молайту;

«Шахмат негіздері» Мақсаты – шахмат ойынының негізгі қағидаттарын түсіну және дағдыларын жетілдіру

1 «Ә» сыныбында аптасына 1 сағат «Логика негіздері» таңдау пәні алынды. Мақсаты: Оқушылардың зейінін тұрақтандырып, логикалық ойлауға машықтандыру;

Негізгі орта білім берудің (7-9 кластар) оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі бейімдеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады. 7-9 кластардың оқу жоспарының вариативті бөлігін жасауда инвариантты компоненттен таңдау бойынша келесі курстар жүргізілді. 7 «А,Ә» сыныптарында «Қызықты химия», 7 «А» сыныбында «Морфология», «Жалпы география», 7«Ә» сыныбында «Физика тұрмыста», «Материктер мен мұхиттар», 8 «А» сыныбында «Тапсырма мен жаттығулардағы химия», «Синтаксис», «Қазақстан географиясы», 8 «Ә» сыныбында «Ахметтану», «Қызықты география», «Логикалық және тереңдетілген физика», 9 «А,Ә» сыныптарында «Химия және материалтану», 9 «А» сыныбында «Эссе жазу стратегиясы», «Қазақстан экономикалық географиясы», 9 «Ә» сыныбында «Физика әлемінде», «Қазақстан аймақтары» өткізіледі. Вариативтік компонент элективті курс есебінен 9 «А,Ә» сыныптарында «Зайырлылық және дінтану негіздері» аптасына 1 сағаттан жүргізіледі.

Негізгі орта білім беру бағдарламарын сапалы меңгертуі үшін оқушыларға терендетіп, саралап оқыту және оқуға қабілетті, дарынды оқушыларды анықтау мақсатында гимназия компонент есебінен курстар өткізілді. 5«А,Ә» сыныптарында «Мақал– мәтел-халық даналығы», «Фонетика», «Экология», «Робототехника», 5 «А» сыныбында «Қызықты математика», 5«Ә» сыныбында «Логика», 6«А,Ә» сыныптарында «Лексика», «Фольклор әлемі», «Экология», «Орта ғасырдағы Қазақстан тарихы», 6а сыныбында «Робототехника негіздері», 6 «Ә» сыныбында «Олимпиадаға дайындық», 7«А,Ә» сыныптарында «Физика және қоршаған орта», «Экология негіздері», 7«А» сыныбында «Шешендік өнер», «Химия әлемі», 7«Ә» сыныбында «Морфология», «Жаңа замандағы Қазақстан тарихы», 8 «А,Ә» сыныптарында «Математикалық сауаттылық», «Табиғаттың физикалық заңдылықтары», «Химиядағы сандық есептер», 8 «А» сыныбында «Абай әлемі», «Қызықты география», 8«Ә» сыныбында «Синтаксис», «Python программалау», 9«А,Ә» сыныптарда «География әлемінде», «Тригонометрия», «Бейорганикалық және органикалық есептеулер», «Оқу сауаттылығы», 9«А» сыныбында «Механикалық және кванттық амалдар», 9«Ә» сыныбында «Эссе, оның түрлері,бағалауға қойылатын талаптар, өлшемдер» өткізіледі.

Вариативтік компонент элективті курс есебінен 9«А,Ә» сыныптарында «Зайырлылық және

дінтану негіздері» аптасына 1 сағаттан жүргізіледі.
10«А», 11«А,Ә» сыныптарында жаратылыстану-математика бағыты бойынша жұмыс жүргізіледі.Вариативтік компонент есебінен **элективті курстар** өткізіледі. 10«А» сыныбында «Жас Айбын», 11«А,Ә» сыныптарында «Креативті ойлау » элективті курстар өткізіледі.
Вариативтік компонент есебінен төмендегі **таңдау курстары** жүргізілді. 10«А» сыныптарында «Креативті ойлау», «Елтану», «Абай әлемі», «Физика есептерін шешу әдістері». 11«А,Ә» сыныбында «Оқу сауаттылығы», «Химиядан күрделі есептер шығару», 11«А» сыныбында «Физика және техника», «Математикалық сауаттылық» 11«Ә» сыныбында «Жаһандық география», «XX ғасырдағы Қазақстан тарихы» жүргізіледі.
Жалпы орта білім беру бағдарламаларын сапалы меңгерту үшін оқушыларға тереңдетіп, саралап,бейіндетіп, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт деңгейін арттыру және оқуға қабілетті, дарынды оқушыларды анықтау мақсатында **гимназия компонент** есебінен курстар өткізілді. 10«А» сыныбында «Оқу сауаттылығы», «Химиялық термодинамика және кинетика», «Жалпы география», «Теңдеу және теңсіздіктерді шешу», 11«А,Ә» сыныптарында «Эссе», «Физиканың жаңа форматтағы есептері», «Өндірістегі химия», 11а сыныбында «Физикалық процестер мен есептер» 11«Ә» сыныбында «Жертану» жүргізіледі.
10«Ә»,11«Б» сыныптары қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жұмыс жүргізіледі. Вариативті компонент есебінен 10«Ә» сыныбында «Жас Айбын», «Елтану», «Жалпы химия» , «Абай әлемі» **таңдау курстары** өткізілді.
11«Б» сыныбында «Әлемдік географиясы», «Оқу сауаттылығы», «Адам физиологиясы және салауатты өмір салты» таңдау курсы өткізіледі.
Жалпы орта білім беру бағдарламаларын сапалы меңгерту үшін оқушыларға тереңдетіп, саралап, бейіндетіп, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт деңгейін арттыру және оқуға қабілетті, дарынды оқушыларды анықтау мақсатында **гимназия компонент** есебінен 10«Ә» сыныбында «Жалпы география», «Химиялық термодинамика және кинетика», «Оқу сауаттылығы», «Физиканы терең меңгеруге қажетті жоғары деңгейдегі есептер» курстар өткізілді.
Гимназиялық компонент. Оқу жоспарының вариативтік бөлігіндегі гимназиялық компонент білім алушыларды оқытуда ерекше талаптарға, білім алушылардың даму деңгейінің жоғарылығына сүйенеді. Гимназиялық білім беру ерекше орын алады, білім алушыларға болашақ кәсіби бағдар беруді және жоғары оқу орнына оқуға даярлауды міндеті ретінде көздеп олардың интеллектуалдық, шығармашылық және адамгершілік дамуын арттырады.
ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген 2-қосымшасы 3-тарау 29 тармағына, 3-қосымшасы 3-тарау 42 тармағына, 4-қосымша 3-тарау 31-тармағына сәйкес жүргізілді.
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламасы қамтылған.

ҚОРЫТЫНДЫ:вариативтік компонент жұмыс оқу жоспарында толық көзделген және іске асырылады: барлық элективтік курстар мен факультативтік сабақтар үлгілік оқу жоспарларына сәйкес өткізіледі– 5 балл

4.5.«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын оқытудың талаптарға сәйкестігі

2024-2025, 2025-2026, 2026-2027 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 2022 жылғы 3-тамыздағы №348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 25-тармағына сәйкес 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде1-3 сыныпта 6 сағат, 4-сыныпта 10 сағат, 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру пәні аясында, 10-11 сыныптарда "Алғашқы (Бастапқы) әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 10-сыныпта 12 сағаттық және 11-сыныпта 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі оқытуымен іске асырылған.

BilimClass электрондық журналы бойынша зерделенді.

Сыныбы	2024-2025 оқу жылы		2025-2026 оқу жылы		2026-2027 о.ж., 1-тоқсан	
	Пән мұғалімі	Сағат саны	Пән мұғалімі	Сағат саны	Пән мұғалімі	Сағат саны
1 «А»	Нартаева К.Ж.	6	Хайруллина Р.М.	6	Бекова Р.К.	3
1 «Ә»	Изтлеуова Г.Б.	6	Изимова Ф.Т.	6	Қасанғалиева Э.А.	3
2 «А»	Калимагамбетова Ш.	6	Нартаева К.Ж.	6	Хайруллина Р.М.	2
2 «Ә»	Байденова С.У.	6	Изтлеуова Г.Б.	6	Изимова Ф.Т.	2
3 «А»	Бекова Р.К.	6	Калимагамбетова Ш.	6	Нартаева К.Ж.	1
3 «Ә»	Қасанғалиева Э.А.	6	Байденова С.У.	6	Изтлеуова Г.Б.	1
4 «А»	Хайруллина Р.М.	10	Бекова Р.К.	10	Калимагамбетова Ш.	3
4 «Ә»	Жумабаева Г.Ж.	10	Қасанғалиева Э.А.	10	Байденова С.У.	3
5 «А»	Отегенов О.К.	15	Нурушев Д.Б.	15	Утаргалиев О.А.	3
5 «Ә»	Баркын Ж.А.	15	Отегенов О.К.	15	Есеналин С.Ж.	3
6 «А»	Есеналин С.Ж.	15	Отегенов О.К.	15	Нурушев Д.Б.	3
6 «Ә»	Есеналин С.Ж.	15	Баркын Ж.А.	15	Отегенов О.К.	4
7 «А»	Зинеденов С.А.	15	Есеналин С.Ж.	15	Отегенов О.К.	3
7 «Ә»	Есинжанов А.Т.	15	Есеналин С.Ж.	15	Баркын Ж.А.	2
8 «А»	Нурушев Д.Б.	15	Есеналин С.Ж.	15	Есеналин С.Ж.	2
8 «Ә»	Есинжанов А.Т.	15	Отегенов О.К.	15	Есеналин С.Ж.	2
9 «А»	Килибаев Т.Ж.	15	Нурушев Д.Б.	15	Есеналин С.Ж.	3
9 «Ә»	Утаргалиев О.А.	15	Нурушев Д.Б.	15	Отегенов О.К.	3
10 «А»	Абдрахманов С.А.	12	Абдрахманов С.А.	12	Абдрахманов С.А.	12
10 «Ә»	Абдрахманов С.А.	12	Абдрахманов С.А.	12	Абдрахманов С.А.	12
10 «Б»	-		Абдрахманов С.А.	12	-	
11 «А»	Абдрахманов С.А.	16	Абдрахманов С.А.	16	Абдрахманов С.А.	16
11 «Ә»	Абдрахманов С.А.	16	Абдрахманов С.А.	16	Абдрахманов С.А.	16
11 «Б»	-		-		Абдрахманов С.А.	16

2024-2025 және 2025-2026 оқу жылында 10-11 сыныпта Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына 127-қосымшасына сәйкес тақырыптар мазмұны қамтылып, алғашқы әскери дайындық оқу пәнінің мазмұнына кіріктіріліп оқытылады. 10-сыныпта 12 сағат, 11-сыныпта 16 сағаты толық өтілген.

2026-2027 оқу жылының 2 жартыжылдығында өту жоспарлануда, сағаттары КТЖ-да толық.

ҚОРЫТЫНДЫ:Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 2022 жылғы 3-тамыздағы №348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 25-тармағы, 3-қосымша 4-тарау 56-тармағы және 4-қосымша 4-тарау 50-тармағы сақталған.

ҚОРЫТЫНДЫ:курс мазмұны жоспарлауда көрсетілген және толық көлемде іске асырылуда- 5 балл

4.6. «Жол қозғалысы ережелері» міндетті оқу курсын іске асырудың талаптарға сәйкестігі

Мектепте білім алушылардың жол қозғалысы ережелері туралы білімдерін қалыптастыру, жол-көлік оқиғалары мен балалар жарақаттануының алдын алу, көшеде және жолда қауіпсіз жүріп-тұру дағдыларын дамыту мақсатында «Жолда жүру ережелері» және «Жол қозғалысы ережелері» міндетті оқу курстары жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді.

2024–2025 оқу жылында «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылып, 1–4-сыныптарда әр сыныпқа 6 сағаттан, 5–8-сыныптарда әр сыныпқа 10 сағаттан өткізілді. Курс мазмұны бастауыш сыныптарда сынып сағаттары мен сабақтан тыс уақытта, ал 5–8-сыныптарда сынып сағаттары және сыныптан тыс жұмыстар аясында жүзеге асырылды. Сынып жетекшілері жол қозғалысы ережелеріне қатысты тақырыптар мен өткізу мерзімдерін жылдық тәрбие жұмысының жоспарларына енгізіп, өткізілген сабақтар мен іс-

шараларды электрондық журналдың «BilimClass» платформасындағы арнайы бөлімге тіркеді.
2025–2026 оқу жылында аталған оқу курсы оқу бағдарламасына сәйкес жалғастырылды. 1–4-сыныптарда әр сыныпқа 6 сағаттан, 5–8-сыныптарда әр сыныпқа 10 сағаттан оқу жұмыстары жоспарланып, жүзеге асырылды. Өтілген тақырыптар мен сабақтардың күндері электрондық журналға енгізіліп, оқу жұмыстарының жүргізілуі қамтамасыз етілді.
2026–2027 оқу жылында «Жолда жүру ережелері» және «Жол қозғалысы ережелері» міндетті оқу курстары бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуда. Атап айтқанда, 1–4-сыныптарда «Жолда жүру ережелері» курсы әр сыныпқа 6 сағат көлемінде, ал 5–8-сыныптарда «Жол қозғалысы ережелері» курсы әр сыныпқа 10 сағат көлемінде жүргізілуде. Сынып жетекшілері курстың тақырыптары мен өткізу мерзімдерін жылдық тәрбие жұмысының жоспарларында белгілеп, өткізілген сабақтардың тақырыптары мен күндерін сынып журналының арнайы бетіне және электрондық журналға тіркеуде.
Оқу курстарын жүзеге асыру барысында білім алушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп, жол қозғалысы ережелерін меңгертуге, көшеде, жолда және қоғамдық көлікте қауіпсіз жүріп-тұру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған танымдық сабақтар, викториналар, тақырыптық ойындар, профилактикалық әңгімелер мен түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды. «Жолдағы жүріс-тұрыс ережелері», «Жаяу жүргіншілер, сақ болыңыз!», «Жолда жүру тәртібі», «Жаяу жүргіншінің міндеттері», «Қауіпсіз жол», «Жол белгілерін білу – қауіпсіздік кепілі» тақырыптарында іс-шаралар өткізілді.
Сонымен қатар білім алушыларға жол белгілерінің мағынасы, бағдаршам сигналдары, жаяу жүргіншілер өткелінен өту тәртібі, велосипед пен самокатты пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары, қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері түсіндірілуде. Күзгі, қысқы, көктемгі және жазғы демалыс кезеңдері қарсаңында жолдағы қауіпсіздік талаптары бойынша қосымша нұсқаулықтар беріліп, профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. Бастауыш сынып оқушылары арасында жол қозғалысы қауіпсіздігі тақырыбында суреттер көрмелері мен шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылып, оқушылардың жол белгілері мен бағдаршам сигналдары туралы түсініктерін кеңейтуге көңіл бөлінді.
Ата-аналармен жүргізілетін профилактикалық жұмыстар да оқу курсының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Жалпымектептік және сыныптық ата-аналар жиналыстарында балалардың мектепке келу және үйге қайту кезіндегі қауіпсіздігі, көшеде, жолда және қоғамдық көлікте өзін-өзі ұстау тәртібі қарастырылды. Ата-аналарға балалардың жол қозғалысы ережелерін сақтауын қадағалау, қауіпсіздік талаптарын түсіндіру және жеке үлгі көрсету қажеттілігі ескертілді.
Қорытынды: 2024–2025, 2025–2026 және 2026–2027 оқу жылдарында міндетті оқу курстарын ұйымдастыру және жүзеге асыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Оқу курстарының жоспарға сәйкес өткізілуі, сабақтардың электрондық журналға тіркелуі, білім алушылармен және ата-аналармен профилактикалық жұмыстардың ұйымдастырылуы қамтамасыз етілді. Жүргізілген жұмыстар білім алушылардың жол қозғалысы ережелері жөніндегі білімдерін жетілдіруге, жолдағы қауіпсіздік талаптарын сақтауға жауапкершілігін арттыруға, қауіпсіздік мәдениеті мен көшедегі мәдениетті мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталды.

ҚОРЫТЫНДЫ:курс мазмұны белгіленген көлемде іске асырылуда; сабақ тақырыптары мен күндері тіркелген; өткізілуі расталған- 5 балл

4.7. МЖМБС-да белгіленген білім алушылардың апталық және жылдық оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, оның ішінде инвариантты және вариативті компоненттерге қойылатын талаптардың сәйкестігі және сақталуы

2024-2025 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен *(ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 №406)* енгізілген өзгертулер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» негізінде инвариантты және вариативті компоненттерді қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі сақталған, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі оқу жұмыс жоспарларында сәйкестігі анықталды.

2024-2025 оқу жылында гимназия сыныптарының инварианттық оқу жүктемесі 1-сыныбында – апталық 17,5 сағат, жылдық 577,5 сағат, 2-сыныпта – апталық 21 сағат, жылдық 714 сағат, 3-сыныпта – апталық 24 сағат, жылдық 816 сағат, 4-сыныпта – апталық 24 сағат,

жылдық 816 сағат берілген.
5-сыныпта – апталық 27 сағат, жылдық 918 сағат, 6-сыныпта – апталық 27 сағат, жылдық 918 сағат, 7-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық 952 сағат, 8-сыныпта – апталық 28сағат, жылдық 952 сағат, 9-сыныпта – апталық 29 сағат, жылдық 986 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.
10 -сыныптар – апталық 28 сағат, жылдық - 952 сағатты, 11-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық - 952 сағатты құрайды.

Вариативті компонент есебінен берілген сағаттар саны, 1 сыныпта - апталық 7 сағат, жылдық – 231 сағат, 2 сыныпта апталық 6 сағат, жылдық – 204сағат, 3 және 4 сыныптарда – апталық 6 сағат, жылдық – 204 сағат берілген.
5- сыныпта – апталық 6,5 сағат, жылдық – 221 сағат, 6-сыныпта апталық – 6,5 сағат, жылдық – 221 сағат, 7- сыныпта апталық – 8,5 сағат, жылдық – 289 сағат, 8-сыныпта апталық -9,5 сағат, жылдық-323 сағат, 9-сыныпта апталық – 11 сағат, жылдық – 374 сағат, жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша 10-11 сыныптарда апталық – 11 сағат, жылдық-374 сағатты құрайды.

2025 -2026 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен *(ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 №406)* енгізілген өзгертулер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» негізінде инвариантты және вариативті компоненттерді қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі сақталған, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі оқу жұмыс жоспарларында сәйкестігі анықталды.

2025-2026 оқу жылында гимназия сыныптарыныңинварианттық оқу жүктемесінде 1-сыныбында – апталық 17,5 сағат, жылдық 577,5 сағат, 2-сыныпта – апталық 21 сағат, жылдық 714 сағат, 3-сыныпта – апталық 24 сағат, жылдық 816 сағат, 4-сыныпта – апталық 24 сағат, жылдық 816 сағат берілген.
5-сыныпта – апталық 27 сағат, жылдық 918 сағат, 6-сыныпта – апталық 27 сағат, жылдық 918 сағат, 7-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық 952 сағат, 8-сыныпта – апталық 28сағат, жылдық 952 сағат, 9-сыныпта – апталық 29 сағат, жылдық 986 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.
10 -сыныптар – апталық 28 сағат, жылдық - 952 сағатты, 11-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық - 952 сағатты құрайды.

Вариативті компонент есебінен берілген сағаттар саны, 1 сыныпта - апталық 7 сағат, жылдық – 231 сағат, 2 сыныпта апталық 6 сағат, жылдық – 204сағат, 3 және 4 сыныптарда – апталық 6 сағат, жылдық – 204 сағат берілген.
5- сыныпта – апталық 6,5 сағат, жылдық – 221 сағат, 6-сыныпта апталық – 6,5 сағат, жылдық – 221 сағат, 7- сыныпта апталық – 8,5 сағат, жылдық – 289 сағат, 8-сыныпта апталық -9,5 сағат, жылдық-323 сағат, 9-сыныпта апталық – 11 сағат, жылдық – 374 сағат, жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша 10-11 сыныптарда апталық – 11 сағат, жылдық-374, қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша 10 сыныпта апталық – 5 сағат, жылдық-170 сағатты құрайды.

2026 -2027 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен *(ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 №406)* енгізілген өзгертулер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» негізінде инвариантты және вариативті компоненттерді қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі сақталған, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі оқу жұмыс жоспарларында сәйкестігі анықталды.

2026-2027 оқу жылындагимназия сыныптарының инварианттық оқу жүктемесінде 1-сыныбында – апталық 17,5 сағат, жылдық 577,5 сағат, 2-сыныпта – апталық 21 сағат, жылдық 714 сағат, 3-сыныпта – апталық 24 сағат, жылдық 816 сағат, 4-сыныпта – апталық 24 сағат, жылдық 816 сағат берілген. Сонымен катар, 1 «Ә» сыныбының инвариантық оқу жүктемесінде 18,5 сағат, жылдық 610,5 сағат берілген.

5-сыныпта – апталық 27 сағат, жылдық 918 сағат, 6-сыныпта – апталық 27 сағат, жылдық 918 сағат, 7-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық 952 сағат, 8-сыныпта – апталық 28сағат, жылдық

952 сағат, 9-сыныпта – апталық 29 сағат, жылдық 986 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.
10 -сыныптар – апталық 28 сағат, жылдық - 952 сағатты, 11-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық - 952 сағатты құрайды.

Вариативті компонент есебінен берілген сағаттар саны, 1 сыныпта - апталық 7 сағат, жылдық – 231 сағат, 2 сыныпта апталық 6 сағат, жылдық – 204сағат, 3 және 4 сыныптарда – апталық 6 сағат, жылдық – 204 сағатберілген. Ал, 1 «Ә» сыныбының вариативтік сағат саны-1, жылдық 33 сағат берілген.
5- сыныпта – апталық 6,5 сағат, жылдық – 221 сағат, 6-сыныпта апталық – 6,5 сағат, жылдық – 221 сағат, 7- сыныпта апталық – 8,5 сағат, жылдық – 289 сағат, 8-сыныпта апталық -9,5 сағат, жылдық-323 сағат, 9-сыныпта апталық – 11 сағат, жылдық – 374 сағат, жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша 10-11 сыныптарда апталық – 11 сағат, жылдық-374,қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша 10- сыныпта апталық – 10 сағат, жылдық-340 сағатты,11сыныпта апталық – 5 сағат, жылдық-170 сағатты құрайды.
Вариативтік компонентті анықтауда білім беру ұйымы қызметінің ерекшеліктері мен бағыты балалардың қызығушылықтары, және т. б. ескерілген. Вариативті компонент бойынша оқу бағдарламалары жасалып бекітілген.

ҚОРЫТЫНДЫ: Білім алушылардың инвариантты және вариативті компоненті ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі сақталған-5 балл

4.8. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесінің, оның ішінде ағымдағы үлгерімді бақылаудың, аралық және қорытынды аттестаттаудың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидалары талаптарына сәйкестігі

2024-2025 оқу жылында «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 18 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) «Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығы мен Ақтөбе облыстық білім білім басқармасының 2024жылғы 08тамыздағы №386 бұйрығы негізінде,»Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі»»ММ 2025 жылғы 31 қаңтардағы №94т.1 бұйрығы , директордың 06.02.2025ж №63 бұйрығына сәйкес қорытынды аттестаттау өткізу мерзімдерін бекітілді, қорытынды аттестаттау өткізілген.
2024-2025 оқу жылында 9 сыныптарда 44 оқушы,11 сыныпта 42 оқушы қорытынды аттестаттауға жіберілген. Жыл қорытындысы бойынша негізгі орта білім туралы үздік аттесттатқа 9 оқушы және4 оқушы «Алтын белгі»,4оқушы «Үздік аттестат» иегерлері болған.
Барлық емтихандар мектеп директорының бұйрығымен бекітілген кесте бойынша өтілген. 9 – сыныптар 4 пәннен, 11 сыныптар 5 пәннен емтихан тапсырған.Ақтөбе облысының білім басқармасы негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауды 2024-2025 оқу жылында ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес электронды түрде («бұлтқа» орналастырылған) бұғатталған емтихан материалдарын емтихан болатын күні берген. Оқушылар спорт залда бір партаға бір оқушыдан отырғызылған. Барлық талаптар сақталған. Емтиханға жауапты пән мұғалімдері емтихан бағаларын хаттамаға түсіріп, қорытынды бағаларын шығарған. Электрондық журналға түсірілген. «Алтын белгі» иегерлерінің жұмыстары облыста тексерілген. Хаттамалары берілген. 2024-2025оқу жылында«Алтын белгі» иегерлері11 «А» сынып оқушылары Амантай Бексултан, Жилгельдина Альбина, 11 «Ә» сынып оқушылары Алдажарова Аружан, Амирова Жаркынай барлық емтихан пәндерінен «5» бағасын алып, «Алтын белгілерін» растаған.

2024-2025 оқу жылындағы 9 класс оқушыларының қорытынды аттестаттау нәтижесі:

Пән атауы	Оқушы саны	Өткізу формасы	«5»	«4»	«3»	Үлгерім %	Сапа%
Қазақтілі	44	Жазбаша	13	19	12	100	73%
Алгебра	44	Жазбаша	11	21	12	100	73%
Орыс тілі мен әдебиеті	44	Жазбаша	22	18	4	100	91%
Физика	12	Жазбаша	5	4	3	100	75%
Қазакстан тарихы	32	Жазбаша	9	15	8	100	75%

2024-2025 оқу жылындағы 11 класс оқушыларының қорытынды аттестаттау нәтижесі:

Пән атауы	Оқушы саны	Өткізу формасы	«5»	«4»	«3»	Үлгерім %	Сапа%
Қазақ тілі	42	Жазбаша	16	21	5	100	88%
Алгебра және анализ бастамалары	42	Жазбаша	12	9	21	100	50%
Қазакстан тарихы	42	Ауызша	14	17	11	100	74%
Орыс тілі мен әдебиеті	42	Жазбаша	22	18	2	100	95%
Қазақ әдебиеті	42	Жазбаша	16	18	8	100	81%

Қорытынды аттестаттаудың хаттамалары тігіліп, жинақталған.

2024-2025 оқу жылындағы 5-8,10 –сыныптар бойынша аралық емтихан қорытынды:

Сыныбы	Оқушы саны	Өткізу формасы	«5»	«4»	«3»	Үлгерім %	Сапа%
5 «А»	24	Жазбаша	11	9	4	100	83%
5 «Ә»	25	Жазбаша	6	15	4	100	84%
6 «А»	23	Жазбаша	7	11	5	100	78%
6 «Ә»	24	Жазбаша	11	6	7	100	71%
7 «А»	24	Жазбаша	7	13	4	100	83%
7 «Ә»	22	Жазбаша	8	10	4	100	82%
8 «А»	23	Жазбаша	1	16	6	100	74%
8 «Ә»	20	Жазбаша	9	4	7	100	65%
10 «А»	18	Жазбаша	6	12	-	100	100%
10 «Ә»	16	Жазбаша	6	8	2	100	88%

26.05-28.05. 2025 жыл аралығында қазақ тілі пәнінен аралық емтихан өтті. Емтиханға оқушылар кешікпей уақытында келді, академиялық адалдық сақталды. Оқушыларға тапсырмалар төрт нұсқада берілді.Емтихан уақыты 3сағат болды.5 «А»сыныбында барлығы 25 оқушы ,1 оқушы Дауылбаева Б. ВКК қорытындысымен

босатылды.Аралық емтиханға 24 оқушы қатысты. Білім сапасы-83,үлгірім -100%.

Жылдық қорытындымен салыстырғанда -1% төмендеу болды,себебі емтиханға қатыспаған оқушығабайланысты. 5 «Ә» сыныбында барлығы 25 оқушы түгел қатысты, білім сапасы -84%,үлгірім -100%, жылдық қорытындымен тұрақты. 6«А» сыныбында барлығы 23 оқушы қатысты. Білім сапасы-78%, үлгірім -100, жылдық қорытындымен салыстырғанда тұрақты. 6«Ә»сыныбында барлығы 24 оқушы қатысты. Білім сапасы-71%, үлгірім-100%, жылдық қорытындымен салыстырғанда тұрақты. 7 «А» сыныбында қатысқаны 24, 1оқушы Жилгельдина А. ВКК қорытындысымен босатылды. Білім сапасы-83%, үлгірім-100%, жылдық қорытындымен салыстырғанда -1%төмен болды, қатыспаған оқушыға байланысты. 7 «Ә» сыныбында 22оқушы қатысты. Білім сапасы-82%, үлгірім-100%,жылдық қорытындымен салыстырғанда тұрақты. 8«А» сыныбында барлығы 23 оқушы түгел қатысты. Білім сапасы -74%, үлгірім-100%, жылдық қорытындымен салыстырғанда тұрақты. 8«Ә» сыныбында барлығы 20 оқушы түгел қатысты. Білім сапасы-65%, үлгірім-100%, сапа тұрақты.
10«А» сыныбында барлығы 18 оқушы, барлығы түгел қатысты. Білім сапасы -100%, үлгірім-100%, сапа тұрақты.10 «Ә» сыныбында барлығы 16 оқушы, түгел қатысты. Білім сапасы-88%, үлгірім -100%, сапа тұрақты.

Жалпы алғанда қазақ тілі пәнінен барлық сыныптарда білім сапасы мен үлгірім тұрақты, өзгеріс жоқ.Аралықемтихан хаттамалары тігіліп, жинақталған.

2025-2026 оқу жылында «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 18 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген), Ақтобе облысы білім басқармасының 2025 жылғы 11 тамыздағы №340 бұйрығының негізінде, Ақтобе облысы Мәртөк ауданының білім бөлімінің 2026 жылғы 27қантардағы №42 бұйрық негізінде, гимназия директорының 28.01.2026 жыл №32 бұйрығына сәйкес қорытынды аттестаттау өткізу мерзімдері бекітілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 № 96) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларының 3-тарауы Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі бойынша жүргізілген.

2025-2026 оқу жылында 9 сыныптарда 46 оқушы, 11 сыныпта 40 оқушы қорытынды аттестаттауға жіберілген. Жыл қорытындысы бойынша негізгі орта білім туралы үздік аттесттатқа 8 оқушы және 7 оқушы «Алтын белгі» иегерлері болған.
Барлық емтихандар гимназия директорының бұйрығымен бекітілген кесте бойынша өтілген. 9 – сыныптар 4 пәннен, 11 сыныптар 5 пәннен емтихан тапсырған.
Ақтобе облысының білім басқармасы негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауды 2025-2026 оқу жылында ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес электронды түрде («бұлтқа» орналастырылған) бұғатталған емтихан материалдарын емтихан болатын күні берген. Оқушылар спорт залда бір партаға бір оқушыдан отырғызылған. Барлық талаптар сақталған. Емтиханға жауапты пән мұғалімдері емтихан бағаларын хаттамаға түсіріп, қорытынды бағаларын шығарған. Электрондық журналға түсірілген. «Алтын белгі» иегерлерінің жұмыстары облыста тексерілген. Хаттамалары берілген. «Алтын белгі» иегерлері 2025-2026 оқу жылында 11 «А» сынып оқушылары Айтқали Айзат, Амантай Айкөркем, Ерманов Расул, Жарылқасын Аяулым, Жолдасова Айгерим, Назарова Нұрнат пен 11 «Ә» сынып оқушысы Пашенбаев Жанболат барлық емтихан пәндерінен «5» бағасын алып, белгілерін растаған.

2025-2026 оқу жылындағы9 класс оқушыларының қорытынды аттестаттау нәтижесі:

Пән атауы	Оқушы саны	Өткізу формасы	«5»	«4»	«3»	Үлгерім %	Сапа%

Қазақ тілі	46	Жазбаша	17	20	9	100	80
Алгебра	46	Жазбаша	10	19	17	100	63
Орыс тілі мен әдебиеті	46	Жазбаша	15	22	9	100	80
Қазақ әдебиеті	10	Жазбаша	6	4	-	100	100
Биология	17	Жазбаша	1	8	8	100	53
Қазақстан тарихы	19	Жазбаша	7	6	6	100	68

2025-2026 оқу жылындағы 11 класс оқушыларының қорытынды аттестаттау нәтижесі:

Пән атауы	**Оқушы саны**	**Өткізу формасы**	**«5»**	**«4»**	**«3»**	**Үлгерім %**	**Сапа%**
Қазақ тілі	40	Жазбаша	13	27	0	100	100
Алгебра және анализ бастамалары	40	Жазбаша	9	16	15	100	63
Орыс тілі мен әдебиеті	40	Жазбаша	18	19	3	100	93
Қазақстан тарихы	40	Ауызша	8	22	10	100	75
Қазақ әдебиеті	18	Жазбаша	8	9	1	100	94
Физика	22	Жазбаша	5	13	4	100	82

Қорытынды аттестаттаудың хаттамалары тігіліп, жинақталған.

2025-2026 оқу жылындағы 5-8,10 –сыныптар бойынша аралық емтихан қорытынды:

Сыныбы	**Оқушы саны**	**Өткізу формасы**	**«5»**	**«4»**	**«3»**	**Үлгерім %**	**Сапа%**
5 «А»	25	Жазбаша	7	11	7	100	72%
5 «Ә»	24	Жазбаша	5	12	7	100	71%
6 «А»	24	Жазбаша	13	6	5	100	79%
6 «Ә»	24	Жазбаша	5	15	4	100	83%
7 «А»	19	Жазбаша	7	6	6	100	68%
7 «Ә»	22	Жазбаша	9	7	6	100	73%
8 «А»	23	Жазбаша	6	15	2	100	91%
8 «Ә»	19	Жазбаша	9	9	1	100	95%
10 «А»	14	Жазбаша	2	10	2	100	86%
10 «Ә»	19	Жазбаша	5	10	4	100	79%
10 «Б»	19	Жазбаша	11	7	1	100	95%

26.05-29.05.2026жыл аралығында қазақ тілі пәнінен аралық емтихан өтті. Емтиханға оқушылар кешікпей уақытында келді,академиялық адалдық сақталды.Оқушыларға

тапсырмалар төрт нұсқада берілді. Емтихан уақыты 3сағат болды. 5 «А» сыныбында барлығы 25 оқушы. Аралық емтиханға 25 оқушы түгел қатысты. Білім сапасы-72, үлгірім -100%. Жылдық қорытындымен салыстырғанда тұрақты. 5 «Ә» сыныбында барлығы 24 оқушы түгел қатысты, білім сапасы -71%,үлгірім -100%, сапажылдық қорытындымен тұрақты. 6 «А»сыныбында барлығы 24 оқушы қатысты. Білім сапасы-79%, үлгірім-100, жылдық қорытындымен салыстырғанда тұрақты. 6«Ә» сыныбында барлығы 24 оқушы қатысты. Білім сапасы-83%, үлгірім-100%, жылдық қорытындымен салыстырғанда тұрақты. 7«А» сыныбында қатысқаны 19. Білім сапасы-68%, үлгірім-100%, жылдық қорытындымен салыстырғанда тұрақты. 7 «Ә» сыныбында 22 оқушы қатысты. Білім сапасы-73%, үлгірім-100%,жылдық қорытындымен салыстырғанда тұрақты. 8«А» сыныбында барлығы 23 оқушы түгел қатысты. Білім сапасы -91%, үлгірім-100%, жылдық қорытындымен салыстырғанда тұрақты. 8«Ә» сыныбында барлығы 19 оқушы түгел қатысты. Білім сапасы-95%, үлгірім-100%, сапа тұрақты. 10«А» сыныбында барлығы 14 оқушы, барлығы түгел қатысты. Білім сапасы -86%, үлгірім-100%, сапа тұрақты. 10 «Ә» сыныбында барлығы 19 оқушы, түгел қатысты. Білім сапасы-79%, үлгірім -100%, сапа тұрақты.10 «Б» сыныбында барлығы 19 оқушы, түгел қатысты. Білім сапасы-95%, үлгірім -100%, сапа тұрақты.

Жалпы алғанда қазақ тілі пәнінен барлық сыныптарда білім сапасы мен үлгірім тұрақты, өзгеріс жоқ.Аралықемтихан хаттамалары тігіліп, жинақталған.

2026-2027 оқу жылында «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 18 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген), Ақтөбе облысы білім басқармасының 2026 жылғы 13 тамыздағы №331 бұйрығының негізінде Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының бөлімінің 2026 жылғы 25 тамыздағы №489 бұйрық негізінде 2026 – 2027 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, барлық қажетті шараларды қабылдау, орындау мақсатында гимназия директорының 31.08.2026 жыл №228 бұйрығына сәйкес қорытынды аттестаттау өткізу мерзімдері бекітілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 № 96) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары»ның 3-тарауы Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі бойынша жүргізілетін болады.

Сонымен қатар, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақталуы:

Зерделеу барысында: «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы 2021 жылғы 28 сәуірдегі №189 бұйрығымен 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарындағы сынып журналдарындағы бағалау «bilim.class» ақпараттық жүйесімен, ұсынылған материалдармен зерделенді. Оқу жылында ағымдық бағалау баға қою, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша балл мен тоқсандық және жылдық бағаларды қою арқылы пән мұғалімдерімен бағаланған. 1-сынып бағаланбаған. Тоқсандық баға қалыптастырушы бағалау, бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысының негізінде 50%-да 50% пайыздық арақатынаста қойылған. 2-11-сынып білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары тоқсандық бағалар жиынтығымен шығарылған, қорытынды баға жасалған. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылған. Сонымен қатар, білім алушылардың тоқсандық және жылдық қорытынды бағалары шығарылғандығы анықталды. Оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы өзара және кері байланыс қамтамасыз етіліп қалыптастырушы бағалау жүргізілген.

Қалыптастырушы бағалау бойынша 2-11-сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау бір балдан 10 балға дейінгі шекте жүргізілген. Білім алушылар орындаған жұмыстарда педагогтің комментарийлері ішінара жазылған. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық

бақылауды тоқсан, бөлім (ортақ тақырып) аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер атқарған. Жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізіліп отырған. Гимназия бойынша әр тоқсан сайын гимназия директорымен бекітілген бөлім және тоқсандық жиынтық бағалау өткізу кестесі жасалған. Жиынтық бағалау кестесі пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспармен сәйкес келетіндігі анықталды.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау 2-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болған, аптасына 1 сағат оқу жүктемесі бар пәннен тоқсанына екі реттен артық емес, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылған, өзге апталық жүктемесі бар пәннен тоқсанына үш реттен артық өткізілмеген. Бөлім бойынша жиынтық бағалау өткізілмейтін пәндерге «есептеліңді» белгісі жазылған. Білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері шығарылған. Жиынтық бағалау қорытындысы бойынша аттестаттаудан өтпеген білім алушы тіркелмеген. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауөлшемшарттарға сәйкес жүргізілген. Оқу пәндері бойынша қалыптастырушы және жиынтықбағалау талаптары сақталған.

2026–2027 оқу жылынан бастап 2–4-сыныптарда білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілі енгізіледі. Оқу үлгерімін ағымдық бақылау формативті, аралық және қорытынды бағалауды тұрады.

1-сыныпта білім алушыларының оқу жетістігі бағаланбайды.

2-4 сынып білім алушыларының бағалау тәртібі- формативтік бағалау және аралық бағалау алынады. Формативтік бағалау 1-10 балға дейін әр сабақ сабақ бойында 30 пайызынан кем емес оқушы бағаланады. Формативтік бағалау барлық пәндер бойынша күнделікті қойылған.

Аралық бағалау білім алушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін анықтау және тіркеу мақсатында үлгілік оқу бағдарламасында көзделген бөлімді аяқтағаннан кейін жүргізілген.

Білім алушы бір аралық бағалау үшін ала алатын ең жоғары балл мөлшері:
2-сыныпта – 12 балл; 3-сыныпта – 14 балл; 4-сыныпта – 16 балл сақталған. Тоқсан соңында қорытынды бағалары қойылған.

ҚОРЫТЫНДЫ:Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақталған

ҚОРЫТЫНДЫ:оқу жүктемесі МЖМБС және үлгілік оқу жоспарларының талаптарына сәйкес келеді - 5 балл

4.9. Білім сапасының ішкі мониторингі және мектепішілік бақылау жүйесінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20317 болып тіркелген) мектепке дейінгі ұйымдардың және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптары педагогтері, орта, арнайы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесіне және олардың нысандарына қойылатын талаптарға сәйкестікте жұмыс істеуі.

Басқарушылық міндеттерді іске асыру үшін жыл сайын «Орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуге міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес мектепішілік бақылау жоспары жасалған. Білім беру ұйымындағы мектепішілік бақылау жүйесінің ұйымдастырылуын, білім сапасын бақылау тетіктерінің нормативтік талаптарға сәйкестігін және педагогтердің біліктілігін арттыру мен кәсіби дамуын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстардың тиімділігі зерделенді.

Білім беру ұйымында білім сапасын қамтамасыз ету мақсатында мектепішілік бақылау және білім сапасының ішкі мониторингі жүйелі түрде ұйымдастырылған. Бақылау жұмыстары оқу-тәрбие үдерісінің сапасын зерделеуге, білім алушылардың оқу жетістіктерін анықтауға, оқу бағдарламаларының орындалуын бақылауға және педагогтердің кәсіби қызметін жетілдіруге бағытталған. Мектепішілік бақылау жұмыстары мектептің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жоспарланып, оқу үдерісінің негізгі бағыттарын қамтиды. Атап айтқанда, оқу жоспарларының

орындалуы, сабақтардың өткізілу сапасы, білім алушылардың білім жетістіктері, бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері, электрондық журналдардың жүргізілуі, педагогтердің оқу құжаттамаларын рәсімдеуі зерделенген.
Білім сапасының ішкі мониторингі нәтижесінде білім алушылардың оқу үлгерімі мен білім сапасының көрсеткіштері талданып, анықталған мәселелер бойынша тиісті жұмыстар жоспарланған. Мониторинг қорытындылары педагогикалық кеңестерде, әдістемелік бірлестіктер отырыстарында қарастырылып, білім сапасын арттыруға бағытталған шешімдер қабылданған.
Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында әдістемелік қолдау көрсету, тәжірибе алмасу, ашық сабақтар өткізу және білім беру үдерісіндегі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану бағытындағы жұмыстар ұйымдастырылады. Мектепішілік бақылау барысында анықталған кемшіліктерді жою бойынша ұсынымдар беріліп, олардың орындалуына бақылау жүргізіледі. Бұл жұмыстар білім беру қызметінің сапасын арттыруға, оқу үдерісіндегі қиындықтарды уақтылы анықтауға және оларды шешуге мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ:бағалау жүргізіледі; нәтижелерді рәсімдеу немесе мерзімдерінде болмашы рәсімдік ауытқулар анықталған– 4 балл

4.10. Білім беру процесін ұйымдастырудың білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері (бұдан әрі – ЕББҚ) бар білім алушыларға сәйкестігі

Оқу жылы	Үйден оқитын оқушылар саны			Инклюзивті білім беру бойынша оқушылар саны			Барлығы
	1-4кл	5-9кл	10-11кл	1-4кл	5-9кл	10-11кл	
2024-2025 оқу жылы	0	1	0	3	1	0	5
2025-2026 оқу жылы	0	1	0	4	1	0	6
2026-2027оқу жылы	0	1	0	7	1	0	9

Білім алушылардың білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасалған.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі» қызметті жүзеге асыруға сәйкес №2 Мәртөк мектеп-гимназиясы әр оқу жылында **«ЕББҚ ететін білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау туралы»** №2 Мәртөк мектеп-гимназиясы директорының бұйрығымен топ құрылып қолдау көрсетіліп отырады. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың есепке ала отырып жұмыс оқу жоспарлары жасалып, оқу бағдарламалары мен сабақ кестесі әзірленіп, бекітілген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылған.

Денсаулығына байланысты балаларды үйден жеке оқытуды ұйымдастыру.
Үйден оқытуға балаларды қабылдауда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығына 3-қосымша "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасы басшылыққа алынған.

2024-2025 оқу жылы

2024-2025 оқу жылында барлығы 1 білім алушыға дәрігерлік-кеңес комиссиясының қорытындылары негізінде үйде жеке тегін оқыту ұйымдастырылған.
2024-2025 оқу жылында денсаулығына байланысты 1 білім алушы үйден оқытылған.

1) 7 «Ә» оқушысы Арғынғазин Ғазиз Қайырғазыұлы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі дәрігерлік-консультациялық комиссиясының қорытындысы №026 27.08.2026 ж. шешімі және «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №500 бұйрығының 9-қосымшасының 10-тарауына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына және 2024 жылғы 16 қыркүйектегі педагогикалық кеңестің №1 хаттамасын негізге ала отырып, үйден оқыту бағдарламасына сәйкес жеке оқу жұмыс жоспары құрылған. Білім алушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі жасалған. Мұғалімдерге жеке оқу жұмыс жоспарына сәйкес 10 сағат апталық жүктемемен сабақ беру белгіленген.

2025-2026 оқу жылы

2025-2026 оқу жылында денсаулығына байланысты 1 білім алушы үйден оқытылған.

1) 8 «Ә» оқушысы Арғынғазин Ғазиз Қайырғазыұлы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі дәрігерлік-консультациялық комиссиясының қорытындысы №026 27.08.2026 ж. шешімі және «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №500 бұйрығының 9-қосымшасының 10-тарауына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына және 2025 жылғы 2 қыркүйектегі педагогикалық кеңестің №1 хаттамасын негізге ала отырып, үйден оқыту бағдарламасына сәйкес жеке оқу жұмыс жоспары құрылған. Білім алушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі жасалған. Мұғалімдерге жеке оқу жұмыс жоспарына сәйкес 10 сағат апталық жүктемемен сабақ беру белгіленген.

2026-2027 оқу жылы

2026-2027 оқу жылында денсаулық жағдайына байланысты жалпы білім беру сыныбында негізгі орта білім берудің жеке оқу бағдарламасы бойынша оқытуға үйден тегін оқытылатын білім алушы:

1) 9«Ә» оқушысы Арғынғазин Ғазиз Қайырғазыұлы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі дәрігерлік-консультациялық комиссиясының қорытындысы №026 27.08.2026 ж. шешімі және «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №500 бұйрығының 9-қосымшасының 10-тарауына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына және 2026 жылғы 31 тамыздағы педагогикалық кеңестің №1 хаттамасын негізге ала отырып, үйден оқыту бағдарламасына сәйкес жеке оқу жұмыс жоспары құрылған. Білім алушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі жасалған. Мұғалімдерге жеке оқу жұмыс жоспарына сәйкес 10 сағат апталық жүктемемен сабақ беру белгіленген.

ҚОРЫТЫНДЫ: білім беру процесі білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылған; бағдарламаларды іске асыру және сүйемелдеу қамтамасыз етілген – 5 балл

4.11.ЕББҚ бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарының сақталуы

2024-2025, 2025-2026, 2026-2027 оқу жылдарында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың білім алуға деген құқығын іске асыру, олардың барынша дамуына, әлеуметтенуіне жағдай жасау және жан-жақты қолдау көрсету мақсатында білім алушылардың жеке психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес инклюзивті білім берілген.

2024-2025 оқу жылы бойынша ПМПК қорытындысына сәйкес жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу ұсынылған білім алушылар:

5 «ә» сынып оқушысы – Ялғасбай Мадияр. ПМПК №27084 қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған.

2 «а» сынып оқушысы – Ерсары Әлижан. ПМПК №1216 қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған.

2 «а» сынып оқушысы – Зейнелғабыл Ғалілбек. ПМПК №1063 қорытындысына сәйкес

бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған.
1 «а» сынып оқушысы – Әділова Динара. ПМПК №363 қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған.

2025-2026 оқу жылы бойынша ПМПК қорытындысына сәйкес жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу ұсынылған білім алушылар:

6 «ә» сынып оқушысы – Ялғабай Мадияр. ОПМПК №684 қорытындысына сәйкес жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу ұсынылған.
Ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдар:
– Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту;
– арнайы психологиялық-педагогикалық көмек: психолог, арнайы педагогтің (дефектолог) қолдауы;
3 «ә» сынып оқушысы – Зейнелғабыл Ғаділбек. ОПМПК №91 қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу ұсынылған.
Ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдар:
– Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту;
– арнайы психологиялық-педагогикалық көмек: логопед, арнайы педагогтің (дефектолог) қолдауы;
3 «ә» сынып оқушысы – Аманғали Айкын. ОПМПК №117 қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу ұсынылған.
Ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдар:
– Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту;
– арнайы психологиялық-педагогикалық көмек: логопед, арнайы педагогтің (дефектолог) қолдауы;
1 «ә» сынып оқушысы – Берікбол Махмуд. ОПМПК №683 қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу ұсынылған.
Ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдар:
– Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту;
– арнайы психологиялық-педагогикалық көмек: логопед қолдауы;
1 «ә» сынып оқушысы – Ғарифолла Ибраһим. ОПМПК №90 қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу ұсынылған.
Ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдар:
– Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту;
– арнайы психологиялық-педагогикалық көмек: логопед, психолог қолдауы;

2026-2027 оқу жылы бойынша ПМПК қорытындысына сәйкес жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу ұсынылған білім алушылар:

Деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтерге тоқталсақ, №2 Мәртөк мектеп-гимназиясында 2026-2027 оқу жылы бойынша жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу және оқыту сыныбында 9 оқушы тіркелген, оның ішінде 1 оқушы жалпы білім беру сыныбында негізгі орта білім берудің жеке оқу бағдарламасы бойынша білім алады. 1 оқушы денсаулық жағдайына байланысты үйден тегін оқытылатын білім алушы тіркелді. жалпы білім беру сыныбында негізгі орта білім берудің жеке оқу бағдарламасы бойынша оқытуға тіркелген.

ПМПК қорытындысы мен ұсынымдарына сәйкес 1, 2, 4, және 7-сыныптарда білім алатын ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар жалпы сынып жағдайында бейімделген білім беру бағдарламасы бойынша оқытылса, 3 сынып оқушысы мен үйден оқитын 9 сынып оқушысы жеке оқу бағдарламасы бойынша оқытылды.

Баланың аты-жөні	Туған жылы	Сыныбы	Мекен-жайы	Диагнозы	ПМПК
2026-2027 оқу жылы бойынша					

1.Әкімгерей Сезім	04.02.2020 ж	1 «ә»	Мәртөк ауылы Есет Көкеұлы 93	Ребенок с особыми образовательними потребностеми. ОНР II-III уровня.Билингвизм	**№158 30.03.2026** 1.Адаптация общеобразовательной учебной программы начального образования и обучение в условиях общего класса общеобразовательной школы. 2.Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения 3.Специальная психолого-педагогическая поддержка: логопеда в школе **до 05.2027г.**
2.Жарылкасын Айсултан	19.12.2019 ж	1 «а»	Мәртөк ауылы Медетов100	Ерекше білім беруді қажет ететін бала. Жалпы сөйлеу тілі дамымауының II-III деңгейі.	**№159 30.03.2026** 1.Жалпы білім беретін мектептің жалпы сынып жағдайында бастауыш орта білімнің жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу. 2.Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерилерін өзгерту. 3.Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауы: ПМПК-де логопедтің қолдауы. **05.2027ж.**
3.Еділбай Әли	28.09.2019 ж	1 «ә»	Мәртөк ауылы Жанаконыс 464 уч.	Ерекше білім беруді қажет ететін бала. Психикалық дамуы тежелген. Жалпы сөйлеу тілі дамымауының I-II деңгейі. Мінез-құлық киындықтары.	**№191 31.03.2026** 1.Жалпы білім беретін мектептің жалпы сынып жағдайында бастауыш орта білімнің жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу. 2.Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерилерін өзгерту. 3.Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауы: психологтың, дефектологтың, логопедтің мектепте қолдауы. **05.2027ж.**
4.Беріқбол Махмуд	05.11.2018 ж	2 «а»	Мәртөк ауылы Жамбыл 128	Ребенок с особыми образовательними потребностеми. ОНР II-III уровня	**№310 13.04.2026** 1.Адаптация общеобразовательной учебной программы начального образования и обучение в условиях общего класса общеобразовательной школы. 2.Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения 3.Специальная психолого-педагогическая поддержка: логопеда в школе до **05.2028г**
5.Әділова Динара	24.08.2017 ж	3 «ә»	Мәртөк ауылы Әбдірова 10	Ребенок с особыми образовательними потребностеми. Легкие нарушение интеллекта. ОНР II уровня	**№113 27.03.2026** 1.Обучение по индивидуальной учебной программе начального образование в условиях общего класса общеобразовательной школы. 2.Изменение способов и

					критериев оценивания результатов обучения в соответствии и ндивидуальной программой. 3.Использование специальных учебников и тетрадей для детей с нарушением интеллекта. 4.Специальная психолого-педагогическая поддержка логопеда, дефектолога, в школе, до **05.2027г.**
6.Аманғали Айкын	12.03.2017ж	4 «ə»	Мәртөк ауылы Жангельдинов 4/2	Ерекше білім беруді кажет ететін бала. Психикалық дамуы тежелген. Жалпы сөйлеу тілі дамымауының III деңгейі. Фонетикалық және фонематикалық сөйлеудің дамымауы.	**№187 31.03.2026** 1.Жалпы білім беретін мектептің жалпы сынып жағдайында бастауыш орта білімінің жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу. 2.Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерилерін өзгерту. 3.Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауы: дефектологтың, логопедтің мектепте қолдауы. 05.2027ж.
7.Зинелабыл Ғаділбек	01.10.2016ж	4 «а»	Мәртөк ауылы Мир-хайдарова 88	Ребенок с особыми образовательними потребностеми. ЗПР. Дисграфия обусловленное нарушение языкового анализа и синтеза.	**№304 13.04.2026** 1.Адаптация общеобразовательной учебной программы начального образования, обучение в условиях общего класса общеобразовательной школы. 2.Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения.3.Специальная психолого-педагогическая поддержка: логопеда, дефектологав школе до **05.2027г**
8.Ялғасбай Мадияр	13.05.2012 ж	7 «ə»	Мәртөк ауылы Бөгенбай батыр 176	Ребенок с особыми образовательними потребностеми. Пограничная интеллектуальная недостаточность. ОНР III уровня. Трудности поведения.	**№684 27.05.2025** 1.Адаптация общеобразовательной учебной программы основого среднего образования и обучение в условиях общего класса общеобразовательной школы. 2.Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения 3.Специальная психолого-педагогическая поддержка: психолога, дефектолога в школе до **05.2027г.**

2026-2027 оқу жылы бойынша үйден оқитын білім алушы

Баланың аты-жөні	Туған жылы	Сыныбы	Мекен-жайы	Диагнозы	ПМПК

1.Арғынғази н Ғазиз	29.11.20 10 ж	9 «ə»	Мәртөк ауылы Бүктеева 10 кв.2	Ребенок с ООП. Нарушение общения, социального взаимодействия и поедения. Умеренное нарушение интеллекта. Отсутствие речи сложного генеза.	**№1440 26.11.2024** 1.Обучение по индивидуальной учебной программе основные среднего образование в условиях общего класса общеобразовательной школы. 2.Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения в соответствии и индивидуальной программой. 3.Использование специальных учебников и тетрадей для детей с нарушением интеллекта. 4.Специальная психолого-педагогическая поддержка логопеда, дефектолога, психолога в школе, до **05.2027г.**

2026–2027 оқу жылының I тоқсанында №2 Мәртөк мектеп-гимназиясында ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың сапалы білім алуына жағдай жасау мақсатында психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстары ұйымдастырылып, ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды есепке ала отырып оқу жұмыс жоспарлары жасалып, оқу бағдарламалары мен сабақ кестесі әзірленіп, бекітілген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылған. ПМПК, ВКК қорытындыларының нәтижесінде білім алушыларға берілген ұсыныстар негізінде білім алған. Білім алушыларға уақытылы жағдай жасалған.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың тізімі мен құжаттары 2024 -2025, 2025-2026, 2026-2027 оқу жылына жинақталған . №2 Мәртөк мектеп гимназиясында әрбір баланың өзіндік ерекшелігіне қарай қолайлы жағдай қалыптастырылған. Жұмыс оқу жоспары жасалып, сабақ кестесі әзірленіп, оқу жоспары мен оқу бағдарламалары дайындалған. Оқу жетістіктері бағаланып сынып журналдарына түсірілген. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар педагогпен бірге өз қызметтерінің кері байланысын жүзеге асырып отырған. Мұғалімнің күнделікті қысқа мерзімді жоспарында ПМПК қорытындысы негізінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға арналған жеңілдетілген жеке тапсырмалар дайындалған.

Үлгілік оқу жоспарға сәйкес жасалып бекітілген жұмыстық оқу жоспары бойынша түзету жұмыстары жүргізілген. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу жұмыстары талапқа сай жүргізілген.

Білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін ескере отырып, барлық білім алушыларға сапалы білім алуына, әлеуметтік бейімделуге және өз қабілеттерін іске асыруға мүмкіндік берілген. Танымдық қажеттіліктері мен жеке ерекшеліктері есепке алынған. Білім алушының оқу процесінде көрінетін жетістіктері мен қиындықтарына сүйене отырып, түзету шаралары жүргізіліп отырған.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық – педагогикалық қолдап отыруға, білім алушының ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтауды және бағалауды, ерекше білім беру қажеттіліктері бар педагогтер мен білім алушының отбасына консультативтік-әдістемелік көмек көрсетуді, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау қамтылған.

Білім алушының білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасалып, мектеп психологтарымен ,әлеуметтік педагогымен жұмыстар жүргізілген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылармен және олардың ата – аналарымен педагогикалық – психологиялық және әлеуметтік сүйемелдеу жұмыстары жүйелі жүргізіліп, әлеуметтік педагог, психолог, сынып жетекші тарапынан қолдау жұмыстары

ұйымдастырылған. Білім алушылар қоғамдық жұмыстарға, іс – шараларға қатыстырылған. Білім алушылардың білім алуына қолайлы жағдайлар жасалған. Мектепте өзін еркін сезінуге, өзін-өзі басқара білуге, өзі өмір сүретін ортаны толық бағдарлай білуге үйрету, баланы мектепшілік іс шараларға қатыстыру арқылы белсенділігін, қызығушылығын арттыру жұмыстар тұрақты түрде ұйымдастырылған. Мұғалімдердің сабақ жоспарлары білім алушының психофизикалық мүмкіндіктерін, даму ерекшелігін ескере отырып құрылып, жеңілдетілген тапсырмалар берілген. Сабақ үстінде білім алушымен жеке жұмыстар жасалған. Оқушылардың жеке ерекшеліктері мен білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, оқу үдерісінде төмендегідей жұмыстар жүргізіледі:

- оқу материалдарын оқушының жеке мүмкіндіктеріне қарай бейімдеу;
- тапсырмаларды орындау барысында қосымша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- көрнекілік құралдарын, тірек сызбалар мен үлестірмелі материалдарды пайдалану;
- оқу тапсырмаларын шағын бөліктерге бөліп ұсыну;
- қажет болған жағдайда тапсырманы орындауға қосымша уақыт беру;
- оқушының жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып педагогикалық қолдау көрсету;
- оқу жетістіктеріне жүйелі мониторинг жүргізу;
- оқушының сынып ұжымына бейімделуіне және қарым-қатынас дағдыларының дамуына ықпал ету.

Пән мұғалімдері қысқа мерзімді сабақ жоспарларында оқушының білім алу қажеттіліктеріне сәйкес бейімделген тапсырмалар мен саралау әдістерін қарастырады. Сабақ барысында оқушыға жеке қолдау көрсетіліп, оқу материалын меңгеруіне жағдай жасалады. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі оқушылардың оқу жетістіктері мен даму динамикасын бақылап, қажеттілігіне қарай қолдау шараларын толықтырып отырады.

Қорытынды

№2 Мәртөк мектеп-гимназиясында ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды жалпы сынып жағдайында оқытуға және олардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім алуына жағдай жасалған.

Бейімделген білім беру бағдарламаларын іске асыру барысында пән мұғалімдері мен психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі бірлескен жұмыстар жүргізеді.

Ұсыныстар:

1. Бейімделген білім беру бағдарламаларын оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес жүйелі түрде жетілдіру.
2. Пән мұғалімдерінің ҚМЖ-да бейімделген тапсырмаларды қарастыруын қамтамасыз ету.
3. Оқушылардың білім жетістіктеріне тұрақты мониторинг жүргізу.
4. Ата-аналармен және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметімен бірлескен жұмысты жалғастыру.
5. Оқушылардың жеке даму динамикасына талдау жасап, нәтижесіне қарай қолдау.

ҚОРЫТЫНДЫ: психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (бұдан әрі – ПМПК) ұсынымдарын ескере отырып оқыту жүзеге асырылады; бағдарламаларды және бағалауды бейімдеу қамтамасыз етілген – 5 балл

4.12.Білім беру бағдарламаларын меңгеру мерзімдеріне қойылатын талаптардың сақталуы

Талдау қорытындылары: Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдерінің сақталуына талдау жүргізілді. Талдау нәтижелері қоса беріледі.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптардың сақталуы «BilimClass.kz» электрондық журналының деректері негізінде зерделенді. Оқу бағдарламаларындағы пәндер бойынша апталық оқу жүктемесі мен оқу жылының ұзақтығы қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес жоспарланған.

2024–2025, 2025–2026 және 2026–2027 оқу жылдарында білім алушыларды қабылдау, бір білім беру ұйымынан екіншісіне ауыстыру және оқудан шығару туралы бұйрықтар Ұлттық білім беру деректер қорында (ҰБДҚ) сақталған.

Аталған құжаттарды зерделеу барысында:
бастауыш білім беру деңгейінде оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – 4 жыл;
негізгі орта білім беру деңгейінде – 5 жыл;
жалпы орта білім беру деңгейінде – 2 жыл екендігі анықталды.
Осылайша, білім беру ұйымында жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптардың сақталғаны анықталды.
ҚОРЫТЫНДЫ: Білім беру ұйымындағы оқу бағдарламаларын игеру мерзімдері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығының 2-қосымшасының 46-тармағы, 3-қосымшасының 62-тармағы және 4-қосымшасының 56-тармағы талаптарына сәйкес келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ:білім беру бағдарламаларын меңгеру мерзімдері МЖМБС талаптарына сәйкес келеді - 5 балл

4.13. Оқу жылының ұзақтығына және каникул кезеңіне қойылатын талаптардың МЖМБС сәйкес сақталуы

Қазақстан РеспубликасыОқу-ағарту министрінің2022 жылғы 3 тамыздағы№ 348 бұйрығына2-қосымша, 5-тарау 56-тармақшасында бастауыш сыныптар, 3-қосымша 5-тарау 62 тармақшасында негізгі орта білім және 4-қосымша 5-тарау 57-тармақшасында жалпы орта білімді меңгеру ұзақтығымен сай келеді.
2024-2025, 2025-2026, 2026-2027 оқу жылдарының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығын мектептегі жүргізілген электронды «bilimclass» журналдарын тексеру арқылы зерделенді. Оқу жылдарында сыныптар бойынша білім беру жүзеге асырылып өткізілген пәндер сынып журналдарында көрсетілген.
Оқу жылы 1-сыныпта – 33 оқу аптасын, 2-4-сыныптарда 34 оқу аптасын, 5-11-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Жалпы оқу жылының басталуы – ағымдағы жылдың 1 қыркүйегі. Оқу жылының аяқталуы - сол жылдың 25 мамыры. Жалпы оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығы кемінде 30 күнді құрайды. Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріліп отырғаны анықталды.

2024-2025 оқу жылы

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 10 шілдедегі «Орта білім беру ұйымдарында 2024– 2025 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» № 174 бұйрығы негізінде оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері төмендегідей белгіленген:1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2024 жылғы 28 қазан-3 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсан мен 2025 жылғы 8 қаңтар қоса алғанда), көктемгі – 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурыз аралығында); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпан аралығында).
2024-2025 оқу жылы бойынша электронды журналда мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылған және сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктіріліп өткізілген.

2025-2026 оқу жылы

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 5 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2025– 2026 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» № 174 бұйрығы негізінде оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері төмендегідей белгіленген:1-11 (12) сыныптарда 1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 27 қазаннан бастап 2 қарашаны қоса алғанда); 2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2025 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда); 3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2026 жылғы 19-29 наурызды қоса алғанда); 1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2026 жылғы 9-15 ақпанды қоса алғанда); 4-тоқсан – 8 оқу аптасы.
2025-2026 оқу жылы бойынша электронды журналда мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылған және сабақтардың тақырыптары, оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктірілген.

2026-2027 оқу жылы

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2026жылғы 29 шілдедегі «Орта білім беру ұйымдарында 2026– 2027 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін

айқындау туралы» № 213-НҚ бұйрығы негізінде оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері төмендегідей белгіленген:.1-11 (12) сыныптарда 1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2026 жылғы 26 қазаннан бастап 1 қарашаны қоса алғанда); 2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 14 күн (2026 жылғы 28 желтоқсаннан бастап 2027 жылғы 10 қаңтарды қоса алғанда); 3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2027 жылғы 22-28 наурызды қоса алғанда); 1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2027 жылғы 8-14 ақпанды қоса алғанда); 4-тоқсан – 8 оқу аптасы.
2026-2027 оқу жылы бойынша электронды журналда мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылған және сабақтардың тақырыптары, оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктірілген.

ҚОРЫТЫНДЫ: Білім беру ұйымының қызметі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығының 2-қосымшасының 47, 49-тармақтары, 3-қосымшасының 63, 64-тармақтары және 4-қосымшасының 57, 58-тармақтары талаптарына сәйкес келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: оқу жылының және каникул уақытының ұзақтығы МЖМБС талаптарына сәйкес келеді -5 балл

4.14. Қашықтан оқытуды ұйымдастырудың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 27 қарашадағы № 349 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33682 болып тіркелген) орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, оның ішінде қолайсыз ауа райы метеорологиялық жағдайларында, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде) төтенше жағдай енгізілген, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген, төтенше жағдайлар жарияланған кезде қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларының талаптарына сәйкестігі және МЖМБС-ға сәйкес білім беру бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз ету

2024–2025 оқу жылында ауа райының қолайсыздығына байланысты 23 қаңтар күні 1–4-сынып білім алушылары үшін қашықтан оқыту форматы ұйымдастырылды.

2025–2026 оқу жылында ауа райының қолайсыздығына байланысты төмендегі күндері білім алушылар үшін қашықтан оқыту ұйымдастырылды:

- 15 желтоқсан – 1 ауысымдағы 1–4, 7–8-сыныптар;
- 15–16 қаңтар – 1–11-сыныптар;
- 26–28 қаңтар – 1–11-сыныптар;
- 11 ақпан – 1–11-сыныптар;
- 20 ақпан – 1 ауысымдағы 1, 4, 7–11-сыныптар;
- 10 наурыз – 1–11-сыныптар.

Аталған күндері оқу процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында сабақтар қашықтан оқыту форматында өткізілді. Қашықтан оқытуды ұйымдастыру туралы тиісті мектепішілік бұйрықтар шығарылып, құжаттары қоса ұсынылды.

ҚОРЫТЫНДЫ: тиісті бұйрық бар, уақтылы хабарландыру қамтамасыз етілген, сабақтар кестеге сәйкес өткізіледі, сабаққа қатысу есебі жүргізіледі, білім беру бағдарламаларының орындалуы және бағалау қамтамасыз етілген - 5 балл

Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы 3 жылдағы аудандық, облыстық, республикалық олимпиадалары мен конкурстардың қатысушылары мен жеңімпаздары (5-11- сыныптар бойынша)

2024-2025 оқу жылы

	Аудандық кезең					Облыстық кезең					Республикалық кезең				
Олимпиада аты	Қатысушылар / жұлдегерлер	1-орын	2-орын	3-орын	Мақтау қағазы	Қатысушы саны	1-орын	2-орын	3-орын	Мақтау қағазы	Қатысушы саны	1-орын	2-орын	3-орын	Мақтау қағазы
5-6 сынып	27/16	-	4	8	4	-					-				
7-8 сынып	43/21	8	1	6	6	8/7	-	2	3	2	-				
9-11 сынып	38/28	10	6	8	4	11/7	2	1	1	3	1/-				
Ауыл о.	33/14	10	3	1	-	13/10	3	3	2	2	1/1			1	
Абайтану	1/1	1				1/1	1				1/1			1	
Ғылыми жоба	4/4	4	-	-	-	4/1	1				1/1		1		
Алтын сақа	12/11	2	3	4	2	2/1		1							
Достық	4/3	2	-	1	-	2/2		1	1						
Алтын түлек	5/5	5	-	-	-	5/2	-	-	-	2					
XXI ғасыр көшбасшысы	5/2	2				2/2	-	-	2	-					
Зерделі Қуиз	8/8	8	-	-	-	8/8	8	-	-	-	5/5	5	-	-	-
Менің шағын Отаным	4/4	3	1	-	-	3/2	1	1	-	-	1/1	-	1	-	-
Лингвистикалық олимп.	4/1	-	-	1	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Барлығы	**188/118**	**55**	**18**	**29**	**16**	**59/43**	**16**	**9**	**9**	**9**	**10/9**	**5**	**2**	**2**	

2025-2026 оқу жылы

	Аудандық кезең					Облыстық кезең					Республикалық кезең				
Олимпиада аты	Қатысушылар / жұлдегерлер	1-орын	2-орын	3-орын	Мақтау қағазы	Қатысушы саны	1-орын	2-орын	3-орын	Мақтау қағазы	Қатысушы саны	1-орын	2-орын	3-орын	Мақтау қағазы
5-6 сынып	27/18	3	6	5	4	3/2	-	1	1	-	-	-	-	-	-
7-8 сынып	34/20	4	6	4	6	4/-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
9-11 сынып	43/29	5	9	7	8	14/7	1	2	2	2	1/1				1
Ауыл о.	59/32	17	5	8	2	17/14	3	3	7	1	2/1			1	
Абайтану	2/2	2	-	-	-	2/2	1	1	-	-	1/1	-	-	-	1
Ғылыми жоба	4/4	4	-	-	-	4/4	-	-	2	2	-				
Зерде	4/4	1	-	3	-	1/1	1								

Алтын сақа	12/10	5	4	-	1	5/2	-	1	1	-	-	-	-	-	-
Факт Реал	4/4	1	1	-	2	2/1	-	1	-	-	-	-	-	-	-
Алтын түлек	15/10	4	3	3	-	10/-	Ауа райына байланысты қатыса алмады								
Қ.Бітібаева ат.олимп.	2/2	2	-	-	-	2/1	-	-	1	-	-	-	-	-	-
А.Миразова															
Менің шағын Отаным	3/3	3	-	-	-	3/2	-	2	-	-	-	-	-	-	-
Лингвистикалық ол.	5/4	1	2	-	1	1/1	-	1	-	-	-	-	-	-	-
Мақатаев оқулары	1/1	1	-	-	-	1/1	-	1	-	-	-	-	-	-	-
Барлығы	**215/143**	**53**	**36**	**30**	**24**	**69/38**	**6**	**13**	**14**	**5**	**4/3**	-	-	**1**	**2**

2026-2027 оқу жылы

	Аудандық кезең					**Облыстық кезең**					**Республикалық кезең**				
Олимпиада аты	**Қатысушылар / жүлдегерлер**	**1-орын**	**2-орын**	**3-орын**	**Мақтау қағазы**	**Қатысушы саны**	**1-орын**	**2-орын**	**3-орын**	**Мақтау қағазы**	**Қатысушы саны**	**1-орын**	**2-орын**	**3-орын**	**Мақтау қағазы**
5-6 сынып	33/17	2	5	6	4										
Менің шағын Отаным	4/3	1	1	-	1	2/2	1	-	1	-	1/1	-	1	-	-
Махамбет оқулары	1/1	1	-	-	-	1/1	1	-	-	-	1/1	-	-	-	1
Лингвистик алық	5/3	1	1	1	-	2/2	-	1	-	1	-	-	-	-	-
Президенттік олимп.	1/1	1	-	-	-	1/1	1	-	-	-	1/-	-	-	-	-
Ауыл олимп	87/43	43	12	13	10	43/27	4	5	17	1	ҚГБ 3/2 ЖМБ 1/	-	1	1	-
Жұбановтар әлемі	1/1	1				1/1			1						
Зерде	8/7	4	2	1	-	1/1	-	-	-	1					

5.Тәрбие жұмысына қойылатын өлшемшарттар

5.1. «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасына сәйкес әзірленген және бекітілген жылдық тәрбие жұмысы жоспарының болуы, оның білім алушылардың азаматтылығын, патриотизмін, рухани-адамгершілік құндылықтарын және тұлғалық мәдениетін қалыптастыру міндеттеріне сәйкестігі

Мектепте білім алушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға, жаңа білімді өздігінен меңгеруіне, танымдық мәселелерді шешу дағдыларын қалыптастыруға, ұлттық дәстүрлер мен

мәдени мұраны зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңіруге бағытталған тәрбие жұмыстары 2024–2025 оқу жылына арналған мектепішілік тәрбие жұмысының жоспарларына сәйкес жүйелі түрде жүзеге асырылды.

Тәрбие жұмыстарының негізгі мақсаты білім алушылардың дүниетанымын кеңейту, ұлттық сана-сезімін қалыптастыру, тарихи-мәдени мұраға құрметпен қарауға тәрбиелеу, адамгершілік қасиеттерін дамыту және қоғамда жауапкершілікпен әрекет ету дағдыларын қалыптастыру болды. Осы бағытта білім алушылардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін арттыруға, ізденімпаздық қабілеттерін дамытуға, өз пікірлерін еркін білдіруіне және алған білімдерін өмірлік жағдаяттарда қолдануына мүмкіндік беретін түрлі тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылды.

Конкурс барысында оқушылар белсенділік танытып, өз жобаларын сенімді түрде қорғап, заманауи талаптарға сай тың ұсыныстарымен ерекшеленді. Іс-шара оқушылардың бастамашылдығын, жауапкершілігін және болашаққа бағытталған ойлау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етті.
https://www.instagram.com/reel/DRSQRk5DVNM/?igsh=eWdkMjJwczR0MHli

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «SMART BALA» жобасы аясында «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауы өтті.Байқау барысында оқушылар өздерінің өнертапқыштық қабілеттерін танытып, тың идеялар мен шығармашылық жобаларын ұсынды. Қатысушылар логикалық ойлау, жаңашылдық пен зерттеушілік дағдыларын дамытып, ғылым мен техникаға деген қызығушылықтарын арттырды. Аталған байқау оқушылардың зияткерлік әлеуетін ашуға, инновациялық ойлау мәдениетін қалыптастыруға және болашақта бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеуге бағытталды.
https://www.instagram.com/reel/DUajbErDdnS/?igsh=aHN4NGx6cmUybGJi

«SMART BALA» жобасы аясында «Startup» байқауы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында білім алушылар қоршаған кеңістікті жақсарту, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, мектеп ортасын жайлы етуге бағытталған өз идеяларын ұсынды. Қатысушылар өз стартап жобаларын қорғап, идеяның өзектілігі, тиімділігі және іске асу мүмкіндігі бойынша бағаланды. Оқушылар белсенділік танытып, шығармашылықпен жұмыс жасады.
https://www.instagram.com/reel/DVsjjVWDaoE/?igsh=dnZnN3FlcmFuYjFq

«Адал азамат» бағдарламасы аясындағы «Балалар кітапханасы» жобасы

Мақсаты: білім алушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, тұрақты оқу мәдениетін қалыптастыру және білім алуға деген ұмтылысын дамыту. Көркем әдебиет пен танымдық кітаптарды оқу арқылы оқушылардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын, дүниетанымын және сыни ойлау қабілетін жетілдіру, кітаптың рухани құндылықтарды қалыптастырудағы маңызын түсіндіру. Сонымен қатар білімге құштарлық, отаншылдық, еңбеккорлық және адамгершілік құндылықтарын дәріптеу.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы өткізілді. Шараға оқушылар белсенді қатысып, сүйікті кітаптарын кітапхана қорына тарту етті. Бұл іс-шара арқылы балаларға кітапқа деген қызығушылықты арттыру, оқуға сүйіспеншілікті қалыптастыру және кітапхананың қорын толықтыру мақсаттары жүзеге асырылды.

https://www.instagram.com/reel/DP2yPsgCIFN/?igsh=d3AzMmczenlzdG5p

«Балалар кітапханасы» (облыстық жоспар негізінде)«Мен оқыған бір кітап...» библио-кросс акциясы өтті.Акция барысында әр сыныптың белсенді оқушылары күзгі демалыста оқыған кітаптары бойынша таныстырылым жасады. Оқушылар сүйікті кітаптарының мазмұнын қысқаша баяндап, алған әсерлерін бөлісті. Кітапхана қызметкері жаңа әдебиеттермен таныстырып, үздік оқырмандар марапатталды.
https://www.instagram.com/reel/DQcWkK3iK7u/?igsh=MWF1eWtuM3dlZXEyMw==

https://www.instagram.com/p/DQj5-K5CJ77/?igsh=MTFmaW5zM2xrbnN1Zg==

https://www.instagram.com/reel/DQpPEApiGiI/?igsh=dm9jdzlsc2h0ZHI=

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Жақсы кітап – жан азығы» тақырыбында эссе байқауы өтті. Байқауға қатысқан оқушылар өздерінің сүйікті кітаптары жайлы ой-толғауларын қағаз бетіне түсіріп, кітаптың адам өміріндегі орны мен тәрбиелік мәнін ашып көрсетті.Шығармалар мазмұны, сауаттылығы және ойдың тереңдігі бойынша бағаланып, нәтижесінде үздік эсселер анықталды. Аталған байқау оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етті.

https://www.instagram.com/reel/DRr6P3oiM4x/?igsh=eHk3ZXAwZXR0OXJu

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Бір отбасы – бір кітап» атты Жұмекен Нәжімеденов шығармашылығына арналған әдеби кеш өтті. Әдеби кеш барысында ақын Жұмекен Нәжімеденовтің өмір жолы мен шығармашылық мұрасы таныстырылып, оның жүректен шыққан жырлары оқылды. Оқушылар ақынның туындыларын мәнерлеп оқып, өз ойларымен бөлісті. Сонымен қатар, кешке ата-аналар да қатысып, отбасы болып кітап оқу мәдениетінің маңыздылығы туралы пікір алмасты.Шара соңында белсенді қатысқан оқушылар мен ата-аналарға алғыс білдіріліп, «Бір отбасы – бір кітап» жобасының оқушылардың рухани дамуына қосатын үлесі ерекше атап өтілді.

https://www.instagram.com/reel/DSKrzLpgdI3/?igsh=YzNoYXo5amJ1amds

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушылар бір-біріне және мектеп кітапханасына көркем әдебиет, танымдық кітаптар сыйлады.Іс-шара барысында кітапханашы кітаптың адам өміріндегі орны, оқу мәдениетін қалыптастыру туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушылар белсенділік танытып, челленджге қызығушылықпен қатысты.

https://www.instagram.com/reel/DU7ii2JisEs/?igsh=MXZjanByZmVoOWd2bQ==

https://www.instagram.com/reel/DUsTkY4DHlu/?igsh=MXVlN28wM2NtYTVkYg==

https://www.instagram.com/reel/DVIvlBaCqni/?igsh=N3ZpOWkxcmJqdzRu

«Адал азамат» бағдарламасы аясындағы ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы

«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Еңбеккорлық және кәсіби біліктілік» бағыты аясында Отбасы күніне арналған «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» атты челлендж ұйымдастырылды.Челлендждің басты мақсаты – оқушылардың бойында отбасына деген сүйіспеншілікті арттыру, ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайту, ұлттық құндылықтар негізінде отбасы тәрбиесінің маңызын дәріптеу болды.Іс-шара барысында әр сынып оқушылары мен ата-аналары отбасының бірлігін, өзара сыйластығын бейнелейтін шағын видеороликтер, суреттер мен шығармашылық жұмыстар ұсынды. Оқушылар «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында шағын эссе жазып, отбасы мүшелерін таныстырып, оларды бір-біріне деген сүйіспеншілікпен сипаттады.Сонымен қатар челлендж аясында әлеуметтік желілерде #Отбасы_алтынбесігім хэштегімен фото және бейнематериалдар жарияланып, ата-аналардың белсенділігі артты. Көптеген отбасылар қазақы дәстүрлерді дәріптеп, дастархан басындағы, еңбек пен спорттағы бірліктерін көрсетті. Бұл балаларға отбасылық құндылықтың мәнін терең түсінуге мүмкіндік берді.Челлендж соңында барлық қатысушыларға алғыс білдіріліп, үздік отбасылардың жұмыстары мектептің ресми паракшасында жарияланды.

Сонымен қатар Отбасы күніне арналған суреттер мен кітаптар көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде оқушылардың ата-анасымен бірге түскен суреттері жинақталып, көпшілік назарына ұсынылды. Әрбір суретте отбасы құндылығы, бірлік пен татулықтың айқын көрінісі байқалды.

Сонымен қатар, көрме аясында отбасы тақырыбындағы кітаптар да қойылып, оқушылар мен ата-аналарға рухани тәрбие беретін әдебиеттер таныстырылды. Бұл көрменің басты мақсаты –

отбасы мүшелерінің өзара сыйластығын дәріптеу, ұлттық құндылықтарды насихаттау және жас ұрпақтың санасында отбасының маңызын арттыру болды
https://www.instagram.com/reel/DOYDEPYDbuR/?igsh=cXlwYThqdGE3cmhu
https://www.instagram.com/reel/DOYDEPYDbuR/?igsh=cXlwYThqdGE3cmhu
https://www.instagram.com/reel/DOfn85GjWJi/?igsh=aW5neHFoNGs3MG4x

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы аясында «Атадан – өсиет, анадан – қасиет» тақырыбында ата-аналарға арналған шеберлік сыныбы ұйымдастырылды.Шеберлік сыныбының мақсаты: ата-аналардың бала тәрбиесіндегі ролін күшейту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайту. Іс-шара барысында қатысушыларға бала тәрбиесіндегі ата-ана өнегесінің маңызы түсіндіріліп, өмірлік тәжірибелерімен бөлісуге мүмкіндік берілді.
https://www.instagram.com/reel/DXdewu8iPAN/?igsh=MXVxZGpma2h4NXo5dw==
https://www.instagram.com/reel/DXOjW1UDekZ/?igsh=YjhpZTFpOGIzMW5x
https://www.instagram.com/reel/DXDsph4CJxQ/?igsh=MTE3ZjRnNTg0aWVpZg==

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында №2 Мәртөк мектеп-гимназиясының білім алушылары «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында таныстырылым дайындады. Таныстырылым барысында оқушы өз отбасының құндылықтары, ұлттық дәстүрлері мен ұрпақтар сабақтастығы туралы мәлімет беріп, отбасы тәрбиесінің маңызын атап өтті.
https://www.instagram.com/reel/DYRCfwvoeCb/?igsh=Nnl5eG9veHJuODF1
https://www.instagram.com/reel/DYd0JyNIh-G/?igsh=NzFuYnpxaGl1aGs1
https://www.instagram.com/reel/DYd0UsBolE6/?igsh=YXMzdmp5anV4NWk4
https://www.instagram.com/reel/DYUM8xNta4D/?igsh=MXk0cWZvc3ZobGFh
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Шабыт» жобасы аясында «Әншуақ» фестивалі өтті. Білім алушылар өз өнерлерін ортаға салып, ән әлеміндегі таланттарын паш етті. Фестиваль барысында қатысушылар патриоттық, халық және эстрадалық әндерді орындап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Кеш соңында үздік өнер көрсеткен қатысушылар түрлі номинациялармен марапатталды.
https://www.instagram.com/reel/DYhFHd3tVpE/?igsh=MnJtaGFkYncyMGsx

«Адал азамат» бағдарламасы аясындағы алдын алу шаралары

«Өмірге салауатты қадам» жобасы аясында «Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу» тақырыбында шаралар өткізілді. Іс-шаралар барысында оқушыларға нашақорлық, вейп, есірткі сияқты зиянды әдеттердің салдары түсіндіріліп, салауатты өмір салтын ұстанудың маңызы мен қауіпсіздік ережелері насихатталды.
https://www.instagram.com/reel/DP58wfYjUzF/?igsh=ZGZlZWZqcDg3Y3dj

«Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік» тақырыбында сабақөтті. Сынып жетекшілері мен тәлімгерлер оқушылармен бірлесе отырып түрлі өмірлік жағдаяттарды талқылады. Талқылау барысында жауапкершілік ұғымы нақты мысалдар арқылы ашылып, қауіпсіз мінез-құлық, өз әрекетінің салдарын алдын ала ойлау, құқықтары мен міндеттерін түсіну мәселелеріне назар аударылды.
https://www.instagram.com/reel/DRlxqueiCKy/?igsh=MXdyYWtiZzB3aXRubA==

Жасөспірімдер арасында келеңсіз оқиғалардың алдын алу шарасы бойынша кездесу өтті.Кездесуге Мәртөк аудандық білім бөлімінің басшысы Есалин Асет Сагимбаевич, Мәртөк ауданы ІІБ бастығының орынбасары, полиция майоры Құрманалин Темірхан Нұрадинұлы, сондай-ақ Мәртөк аудандық ауруханасының акушер-гинекологі Бүркітбаева Жанат Мұхтаралиевна қатысты.Алдымен сөз алған Асет Сагимбаевич ауданымызда жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, қазіргі қоғамда әрбір жас азаматтың заңға бағынуы, мектептегі тәртіпті сақтауы және жауапкершілікті сезінуі маңызды екенін атап өтті. Ол құқық бұзушылықтың түрлі салдары мен

оның болашаққа әсері жөнінде нақты мысалдар келтіріп, оқушыларды сақ болуға шақырды.Келесі кезекте Темірхан Нұрадинұлы сөз алып, өскелең жас арасында белең алып келе жатқан «Дропер», бопсалау, интернеттегі құқық бұзушылықтар және әлеуметтік желідегі қауіпті әрекеттер туралы кең көлемде түсіндірді. Ол оқушыларға құқық бұзушылықтың әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке алып келетінін нақты айтып, әрбір әрекеттің салдары бар екенін түсіндірді. Сонымен қатар, оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, өмірлік мысалдар арқылы сақтық шараларын түсіндірді.Кездесудің соңғы бөлімінде Жанат Мұхтаралиевна қазіргі таңда өзекті болып отырған ЖРВИ, тұмау, маусымдық аурулардың белгілері, одан сақтану жолдары және жеке бас гигиенасының маңызы туралы баяндама жасады. Ол аурудың алдын алу үшін дұрыс тамақтану, дене шынықтыру, таза ауада жүру және жеке қорғану құралдарын қолданудың қажеттілігін атап өтті.Іс-шара оқушылар үшін пайдалы ақпаратқа толы болды. Мұндай кездесулер жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамытуға және олардың денсаулығын сақтауына үлкен үлес қосады.
https://www.instagram.com/reel/DRe8B0kiJO3/?igsh=MWU1OGluemg0eGFuZg==

«Ойынға салауатты көзқарас» жобасы аясында жасөспірімдер арасында келеңсіз оқиғалардың алдын алу, құқықбұзушылыққа жол бермеу және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру мақсатында мектеп инспекторы, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторлары, полиция майорлары А.Б. Эринбетова мен С.Б. Алғалиев білім алушылармен түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Кездесу барысында интернет пен компьютерлік ойындарға тәуелділіктің зияны, құқықтық жауапкершілік және бос уақытты тиімді ұйымдастыру мәселелері түсіндіріліп, оқушылардың сұрақтарына нақты жауаптар берілді.
https://www.instagram.com/reel/DUj-IKDiPX5/?igsh=c2djZXgzNGpzd25n

«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» тақырыбында сынып сағаттары менқауіпсіздік сабағы өтті. Сынып сағаты кіріспе бөлімнен басталып, оқушыларға «Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» ұғымдарының мағынасы мен маңызы түсіндірілді. Қоғамдағы тәртіп, заңды сақтау, өз әрекетіне жауап беру туралы әңгіме жүргізілді.
Оқушыларға нақты өмірлік мысалдар келтіріліп, құқық бұзушылықтың салдары, әлеуметтік жауапкершіліктің маңыздылығы талқыланды. Пікір алмасу барысында оқушылар өз ойларын ортаға салды.Сынып сағаты аясында 10 минуттық қауіпсіздік сабағы өткізілді. Қауіпсіздік сабағында оқушыларға мектепте, көшеде және қоғамдық орындарда қауіпсіз жүріп-тұру ережелері, интернет қауіпсіздігі және төтенше жағдай кезіндегі дұрыс әрекеттер туралы түсіндірілді.
https://www.instagram.com/reel/DUu589ujRjn/?igsh=eWp3eHYwZGo3eGtz

№2 Мәртөк мектеп-гимназиясында білім алушылар арасында білім беру ұйымына алып кіруге және қолдануға тыйым салынған заттарды анықтау мақсатында күнделікті рейд жұмысы жүргізілді. Рейд Мәртөк аудандық полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік инспекторы, полиция майоры Эринбетова Айнұр Бахтовна және кезекші ата-аналар қатысты.Сонымен қатар, Айнұр Бахтовна мектеп жиынына қатысып, құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.
https://www.instagram.com/reel/DXVyKGwiMLT/?igsh=c3F4NDhsZGxhYjZ5

Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, денсаулығын сақтау, құқық бұзушылықтар мен зиянды әдеттердің алдын алу, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеу, азаматтық-патриоттық тәрбие беру бағытында кешенді жұмыстар жүргізілді. Осы мақсатта мектеп, отбасы және қоғам арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған кездесулер, түсіндіру жұмыстары мен түрлі тренингтер ұйымдастырылды.

Білім алушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында спорттық және мәдени іс-шаралар өткізіліп, құқықтық сауаттылықты арттыру, өрт қауіпсіздігі, жол қозғалысы,

су айдындарындағы қауіпсіздік және демалыс уақытындағы сақтық шаралары бойынша профилактикалық жұмыстар атқарылды. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарас пен адалдық қағидаттарын қалыптастыруға арналған іс-шаралар жүзеге асырылды.Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар барысында олардың құқықтық және педагогикалық сауаттылығын жетілдіруге, бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыруға, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға ерекше назар аударылды. Осы бағытта ата-аналарға арналған түсіндіру кездесулері, профилактикалық әңгімелер мен тренингтер өткізілді. Отбасында және қоғамда зорлық-зомбылықтың кез келген көрінісіне жол бермеу, өзара құрмет пен сенімге негізделген қарым-қатынас орнату мәселелері қамтылды.Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде білім алушылармен жүргізілетін құқық бұзушылықтың алдын алу шараларының жүйелілігі қамтамасыз етіліп, мектепте қауіпсіз әрі қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыруға ықпал жасалды. Сонымен қатар оқушылардың құқықтық сауаттылығы, азаматтық жауапкершілігі артып, олардың тұлғалық және жан-жақты дамуына қажетті жағдайлар жасалды.

Төтенше жағдайлар кезінде іс-қимылдарды пысықтау мақсатында жоспарлы өрт қауіпсіздігі бойынша оқу-жаттығу ұйымдастырылды.Дабыл белгісі берілген сәттен бастап оқушылар, мұғалімдер және қызметкерлер сынып жетекшілері мен кезекші әкімшіліктің жетекшілігімен эвакуациялық шығу жолдары арқылы ғимараттан ұйымдасқан түрде шықты. Эвакуация бекітілген жоспарға сәйкес тыныш әрі ретті түрде өтті.Қауіпсіз жерге жиналғаннан кейін оқушылардың түгелдігі тексерілді. Жауапты мамандар оларға өрт кезінде өзін-өзі ұстау ережелерін, эвакуация тәртібін және өртті байқаған жағдайда атқарылатын іс-қимылдарды қайта түсіндірді.
https://www.instagram.com/reel/DO0Yf41DYkh/?mdxt=MTE0d2hrdmg5NjF1bw

«Ақпараттық ортадағы қауіпсіздік» тақырыбында мектебіміздің білім алушыларына сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттың негізгі мақсаты – оқушылардың ақпараттық сауаттылығын арттыру, ғаламторда өз жеке деректерін қорғау жолдарын түсіндіру және ақпараттық кеңістікте кездесетін түрлі қауіп-қатерлердің алдын алу болды.Сынып сағаттарында кибербуллинг, интернеттегі жалған ақпаратты ажырату, әлеуметтік желілердегі қарым-қатынас мәдениеті, сондай-ақ жауапкершілікпен және қауіпсіз түрде ақпараттық ресурстарды пайдалану мәселелері талқыланды. Мұғалімдер оқушыларға нақты мысалдар келтіріп, қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын түсіндірді.
https://www.instagram.com/reel/DO-uyPbDWaw/?cplk=eWFnZWNhbnV4ZXZx

Білім алушылардың денсаулығын сақтау, жұқпалы аурулардың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Жедел респираторлық вирустық инфекциялар мен тұмаудың алдын алу» тақырыбында диктант жұмысы өткізілді.Диктант барысында оқушыларға тұмау мен ЖРВИ-дің алдын алу жолдары, жеке бас гигиенасын сақтау, қолды жиі жуу, бөлмені желдету және ауру белгілері байқалған жағдайда сақтық шараларын ұстану туралы түсінік берілді.
https://www.instagram.com/reel/DP5qhByDXZN/?psln=NmNubDRueGJ1anJq

«Сыбайлас жемқорлық – қоғамның өзекті мәселесі» тақырыбында флешмоб ұйымдастырды.
https://www.instagram.com/reel/DRCZDEiDYNo/?igsh=MTluNDVnMXRiOG9uYQ

Халықаралық жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай «Адал ұрпақ» акциясы ұйымдастырылды
https://www.instagram.com/reel/DSADrbNjcKQ/?igsh=MWs4d3BqMmZ5bTg2NQ

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Үшқыр ой алаңы» жобасы және Халықаралық жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай ұйымдастырылды
https://www.instagram.com/reel/DSH4xHIDVMI/?igsh=MXFvand4eXp3b2dheA

Некеге мәжбүрлеу, сталкинг және әйелдерге қатысты өзге де зорлық-зомбылық түрлеріне қатысты құқықтық сауаттылықты арттыру және нолдік төзімділікті қалыптастыру мақсатында мектебіміздің жоғары сынып қыз балалары арасында «Құрмет – мәдениет негізі» тақырыбында

ақпараттық әңгіме өткізілді.Әңгіме барысында қатысушылар зорлық-зомбылықтың түрлі формалары, олардың салдары және заңнамалық жауапкершілік туралы ақпарат алды. Сонымен қатар қыз балаларға өз құқықтарын қорғау, құрмет пен сенім мәдениетін дамыту және қауіпті жағдайдан қалай сақтану керектігі туралы кеңестер берілді.
https://www.instagram.com/reel/DUsKD4pDbvu/?vrfl=MTRnOHlub2lnN2kwag

Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, вандализм әрекеттеріне жол бермеу және қоғамдық мүлікке ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Қоғамдық мүлікті қорға!» жобасы жүзеге асырылды.Жоба аясында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ақпараттық бейнеролик түсірілді. Шара барысында білім алушыларға қоғамдық мүлікті қорғаудың маңыздылығы, заң талаптарын сақтау және азаматтық жауапкершілік туралы кеңінен ақпарат берілді.
https://www.instagram.com/reel/DVX9G8_jS2l/?xtok=MXFhNjJvdWJ5MWQ1Nw

№2 Мәртөк мектеп-гимназиясында білім алушыларға судағы қауіпсіздік ережелері туралы ақпарат беріліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Кездесу барысында су айдындарында сақталуы тиіс қауіпсіздік шаралары, суға шомылу кезіндегі сақтық талаптары және жазатайым оқиғалардың алдын алу жолдары түсіндірілді
https://www.instagram.com/reel/DWlEGfnjWz6/?exln=MWV3N200OThqZG93Yg==
https://www.instagram.com/p/DWmGM-Tjbdp/?dlrf=MTBsdmc2ZDc3d3ZubQ

«Жемқорлықпен күресу – әрбір адамның борышы» апталығы аясында №2 Мәртөк мектеп-гимназиясында «Мен – адал оқушымын!», «Адалдық – адамдықтың белгісі», «Жемқорлықсыз болашақ – біздің таңдауымыз» тақырыптарында сынып сағаттары өтті. Сынып сағаттарының мақсаты: білім алушылардың бойында адалдық, әділдік құндылықтарын қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту
https://www.instagram.com/reel/DWybcs3DeXt/?exln=azJ1aXhqOGVjMm01

Дүниежүзілік денсаулық күніне орай орта буын білім алушылары арасында спорттық эстафета ұйымдастырылды.
https://www.instagram.com/reel/DW0hYg0DE5S/?xtok=ODNtaTcybnhzeHdw

Балалардың жол-көлік оқиғаларының алдын алу, олардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында «Жолдағы балалар» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде. Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік инспекторы, полиция майоры Эринбетова Айнур Бахтовна оқушыларға жол қозғалысы ережелерін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.
https://www.instagram.com/reel/DZKPTJPtZ-a/?exln=MTdvcTFyOHVsOTJ0aQ

2026–2027 оқу жылында №2 Мәртөк мектеп-гимназиясында тәрбие жұмысын ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігінің 1-қосымшасының 2025 жыл 30 шілдесіндегі «Адал азамат» біртұтас тәрбие беру бағдарламасын жүзеге асыру № 194 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 11.12.2025 жылғы № 281 бұйрығы, Ақтөбе облысының білім басқармасының 31.12. 2025 жылғы №664 бұйрықтары және №2 Мәртөк мектеп-гимназиясының №299 бұйрығынасәйкес «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізілді.

Бағдарламаның негізгі мақсаты: білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру, отансүйгіштікке, адалдыққа, әділдікке, жауапкершілікке, еңбеккорлыққа және азаматтық белсенділікке тәрбиелеу. Осы мақсатта мектепте тәрбие жұмыстары жүйелі түрде жоспарланып, білім алушылардың рухани-адамгершілік дамуына, ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді құрметтеуіне, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруына және қоғам өміріне белсенді араласуына бағытталған іс-шаралар өткізілді.

1. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»
Мақсаты: оқушылар арасында ұлттық ойындарды насихаттау, дәстүр мен тарихты құрметтеуге баулу.
Үзіліс кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында асық ойнау, тоғызқұмалақ, бес тас сынды ұлттық ойындар ойнатылды:
https://www.instagram.com/reel/Dda7EMstF17/?cplk=MW0wMTV4ZDdhbTIzdg==
https://www.instagram.com/reel/DfW2FvFNLyD/?obrf=eDQ4bHB5eW1oYjNo

2. «Өнегелі 15 минут»
Мақсаты: ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту, күнделікті адамгершілік тәрбиеге көңіл болу.Ата-аналарға арналған «15 минуттық өнегелі әңгіме» жобасы арқылы күн сайын бала тәрбиесінде тәртіп, мінез-құлық, адами құндылықтар туралы жеке сөйлесуге үндеу тасталды;
Ата-аналарға әдістемелік ұсыныстар, қысқаша тақырыптар мен сұрақтар тізбесі дайындалып таратылды;
Психолог пен әлеуметтік педагог тарапынан қолдау көрсетіліп, онлайн кездесулер ұйымдастырылды.
https://www.instagram.com/reel/DeZVduBNAO6/?xtok=c2Q1Nzh5ZmdtNXBh
https://www.instagram.com/reel/DeeBdi6t-8b/?mdxt=b3ZhOWxhcGdhZ2Rq
https://www.instagram.com/reel/DerYQySNJeX/?exln=MWl2bDg2aXlnOGJnaQ==

3. «Үнемді тұтыну»
Мақсаты: оқушыларда экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды үйрету.
Суды, тамақты және энергияны үнемдеу бойынша жадынамалар, ақпараттық парақшалар, визуалды нұсқаулықтар дайындалып, мектеп аумағына ілінді;
Экологиялық апталықтар мен экочеллендждер өткізіліп, оқушылардың белсенділігі артты.
https://www.instagram.com/reel/DdVxKBbNdCQ/?srtk=MXRxeG00Zmd0czd2
https://www.instagram.com/reel/DdYMOqjNbmj/?cplk=MXF3YmgzdWJ5NDBtbg==
https://www.instagram.com/reel/DdbbIt_NcZS/?srtk=MWFub2NxMXNjNzJ3cQ==

4. «Күй күмбірі»
Мақсаты: оқушыларға ұлттық өнерді насихаттау, күй тыңдату арқылы эстетикалық және рухани тәрбие беру.
Қоңырау үні орнына белгілі қазақ күйлері қойылып, оқушылардың күй өнеріне қызығушылығы оятылды;
Үлкен үзілістер кезінде «Күй тыңдайық!» форматында күй шертулер ұйымдастырылып, домбырашы оқушылар өнер көрсетті;
https://www.instagram.com/reel/DdTm_4-NevU/?dlrf=MTZjd3NxaWhtaWE5cw==
https://www.instagram.com/reel/DdqIujdtUlP/?psln=MXFzY3BjYTR1bGNodw==
https://www.instagram.com/reel/DfWzX7htS3a/?vrfl=MWU1Zzd6NzU5MG05ZA==

5. «Менің Қазақстаным»
Мақсаты: білім алушылардың бойында отансүйгіштік сезімді қалыптастыру, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне деген құрметін арттыру, ұлттық бірегейлік пен азаматтық жауапкершілікті нығайту, туған елге деген сүйіспеншілігін арттыру.

https://www.instagram.com/reel/Dc-IrqPotfO/?exln=eHppMWoyOTY4ZWtz
https://www.instagram.com/reel/DeYVRy8oCpP/?psln=ZHo4Y2RiaHIyb3Zz
https://www.instagram.com/reel/Dd0QrmyoH6p/?vrfl=elDRueXJpZG52cTlk
https://www.instagram.com/reel/DeGOd7sIH8p/?psln=ZzRoMnZubWx4ZW5r
https://www.instagram.com/reel/DdiK4gcokki/?vrfl=MXZzaDkzOXZnNnBpag==
https://www.instagram.com/reel/DeYVRy8oCpP/?psln=ZHo4Y2RiaHIyb3Zz
https://www.instagram.com/reel/DeYVRy8oCpP/?psln=ZHo4Y2RiaHIyb3Zz
https://www.instagram.com/reel/DeqfkF7te4y/?exln=dmM3N3YzYmdsaThm

«Адал азамат» бағдарламасы аясындағы «Қамқор» жобасы

Мақсаты: әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы білім алушылардың бойында қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, жауапкершілік және өзара көмек көрсету құндылықтарын қалыптастыру, қоғамға пайдалы істер жасауға баулу.

«Гимназия еріктілері» тобы тазалық жұмыстарын ұйымдастырып, мектептегі «Түлектер алмабағын» тазартып, игі істер жасады. Тазалық – әр адамның ортақ міндеті. Өз ауламызды таза ұстау арқылы қоршаған ортаға деген жауапкершілігімізді көрсетеміз.

https://www.instagram.com/reel/DdV9B67NK_B/?vrfl=YWd1dmEwd2F4ajM3

«Гимназия еріктілері» тобы мектеп аумағындағы «Түлектер алмабағында» тазалық жұмыстарын жүргізді.Еріктілер алмабақ аумағын қоқыстан тазартып, айналаны ретке келтіріп, туған мектебінің көркейіп, таза болуына өз үлестерін қосты. Қоршаған ортаға қамқорлық жасау – үлкен істерден емес, осындай қарапайым қадамдардан басталады.Тазалықты сақтау, табиғатты аялау және ортақ іске үлес қосу – әркайсымыздың азаматтық жауапкершілігіміз!Жақсылық жасаудан жалықпайық! Бір қадам – үлкен өзгеріске бастайды!

https://www.instagram.com/reel/DdV9B67NK_B/?stkn=YWd1dmEwd2F4ajM3

«CLEAN BATTLE» волонтерлік тазалық акциясы өтті. Мәртөк аудандық білім бөлімі, Мәртөк ауданы әкімі аппаратының персоналды басқарудың бірыңғай қызметі (кадр қызметі) және Аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен Республикалық «Таза Қазақстан» акциясы және ерте кәсіптік бағдарлау бағдарламасы аясында «CLEAN BATTLE» волонтерлік тазалық акциясы өтті.

Акцияға аудан орталығындағы мектептердің жоғары сынып оқушылары мен жас мемлекеттік қызметшілер қатысып, тазалық жұмыстарын жүргізіп, қоршаған ортаны қорғауға өз үлестерін қосты.

Іс-шараға аудандық Іскер әйелдер қауымдастығы, «Burger Queen Martuk» және «Loft Martuk» кафелері демеушілік көрсетіп, волонтерлік акцияның өтуіне қолдау білдірді.

https://www.instagram.com/reel/Dd4Db9sCtgi/?stkn=b3M1ZGRyM3dtczZn

«Адал азамат» бағдарламасы аясындағы «Еңбегі адал – жасөрен» жобасы.

Мақсаты: білім алушылардың әртүрлі мамандықтарға деген қызығушылығын арттыру, кәсіби бағдарын қалыптастыру, адал еңбек етуге баулу және еңбеккорлық, жауапкершілік, кәсіби біліктілік құндылықтарын дәріптеу. Сонымен қатар әрбір мамандықтың қоғамдағы маңызын түсіндіру, болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға бағыт беру, еңбек адамын құрметтеуге және өз еңбегінің нәтижесіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы негізінде «Күзгі асар» жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жәрмеңкеге білім алушылар өз қолдарымен дайындаған түрлі тәттілер мен ерекше бұйымдарын ұсынып, өздерінің шығармашылық қабілеттері мен шеберліктерін көрсетті.

Іс-шараның басты мақсаты: оқушылардың еңбекке деген сүйіспеншілігін арттыру, кәсіпкерлік дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және еңбекті бағалауға тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/reel/DeYhEkUNZoW/?mdxt=OHphcXVkdXJ5MHl3

«Адал азамат» бағдарламасы аясындағы «Шабыт» жобасы.

Мақсаты: білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, өнерге деген қызығушылығын арттыру, талантты оқушыларды анықтау және олардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға қолдау көрсету. Сонымен қатар ұлттық мәдениет пен өнерді дәріптеу, эстетикалық талғамын қалыптастыру, белсенділікке, ізденімпаздыққа және жаңашылдыққа баулу. Жоба аясында білім алушылардың ән айту, би билеу, сахналық қойылымдар көрсету, көркем сөз оқу және басқа да өнер бағыттарындағы қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік беріледі.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Шабыт» жобасы аясында 5 қазан – Мұғалімдер күніне орай «Даналық ұстаздан» челленджі ұйымдастырылды.

Челлендждің мақсаты: ұстаздарға деген құрметті арттыру, олардың қоғамдағы мәртебесін

дәріптеу, білім мен тәрбие жолындағы еңбектеріне алғыс білдіру. Ұстаздың өнегесі мен даналығын насихаттай отырып, жас ұрпақтың бойында ізет, құрмет және алғыс айту мәдениетін қалыптастыру. Ұстаз – ұлы есім, даналықтың бастауы!
https://www.instagram.com/reel/Dd_dchytRut/?cplk=cWE5a2Z0dnlxNHdp
https://www.instagram.com/reel/Dd_dh9vNHla/?cplk=MWU4bzB3OWJ3c3piZg==
https://www.instagram. com/reel/Dd_dm6WtH3I/?psln=MTBkcTl4Yzl5cmJtMQ==
https://www.instagram.com/reel/Dd_dquFtBkI/?dlrf=MWZteGZzbWt1eHJqNA==
https://www.instagram.com/reel/Dd_duTUthSl/?mdxt=a2Fhb3BzbDg1b3lq
https://www.instagram.com/reel/Dd_dy5MNM_K/?obrf=Y2hid3R6dmRxbzNw
https://www.instagram.com/reel/Dd_d7iEt53F/?psln=MXF3eWd6dWx5ZnNveA==
https://www.instagram.com/reel/Dd_d46XBD7Q/?cplk=aGhkbTg0enVmcWI4
https://www.instagram.com/reel/DeAH1-9NWIl/?vrfl=MXRrcHozOTRmaDB1MQ==

Оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту, мұғалім мамандығына деген қызығушылығын арттыру және білім алушылардың жауапкершілігін қалыптастыру мақсатында «Дублер күні» іс-шарасы ұйымдастырылды.Іс-шара барысында жоғары сынып оқушылары мұғалімдердің қызметін уақытша атқарып, сабақ өткізуге және оқу-тәрбие үдерісіне қатысуға мүмкіндік алды. Оқушылар өздерінің ұйымдастырушылық қабілеттерін, білімдерін және шығармашылық белсенділіктерін көрсетті.«Дублер күні» оқушылардың мамандық таңдауға деген қызығушылығын арттырып, мұғалім еңбегін бағалауға, жауапкершілік пен көшбасшылық қасиеттерін дамытуға ықпал етті.
https://www.instagram.com/reel/Dd_YdlGNOii/?psln=MW9uenZpbTYyMHB4MQ

«Адал азамат» бағдарламасы аясындағы «Үшқыр ой алаңы» жобасы

Мақсаты: білім алушылардың тілдік дағдыларын, сөйлеу мәдениеті мен өз ойын еркін әрі жүйелі жеткізу қабілеттерін дамыту, тақырыптық талқылаулар арқылы сыни ойлауын қалыптастыру. Сонымен қатар пікір алмасу, дәлелді сөйлеу және өзгенің көзқарасын құрметтеу дағдыларын жетілдіру арқылы әділдік, жауапкершілік, бірлік, ынтымақ және отаншылдық құндылықтарын дәріптеу.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Үшқыр ой алаңы» жобасы негізінде №2 Мәртөк мектеп-гимназиясында «Адамгершілік және адалдық» тақырыбында мектепішілік дебат өтті. Пікірсайыс барысында оқушылар адамгершілік пен адалдықтың қоғам өміріндегі маңызын талқылап, өз көзқарастарын ортаға салды. Қатысушылар өз ойларын нақты дәлелдермен негізделп, қарсы тараптың пікіріне құрметпен қарау, мәдениетті пікірталас жүргізу дағдыларын көрсетті.
Дебаттың мақсаты: білім алушылардың бойында адамгершілік, адалдық, әділдік және жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыру, сыни ойлау қабілетін дамыту, өз пікірін еркін әрі дәлелді жеткізуге үйрету.
https://www.instagram.com/reel/De1P_ioNxMs/?srtk=aWlsazI0dHRzN2Jl

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Республика күніне орай «Ел ертеңі – білімді ұрпақ» тақырыбында интеллектуалды-интерактивті брейн-ринг өткізілді.Іс-шараның мақсаты: оқушылардың білімін шыңдау, ел тарихына деген қызығушылығын арттыру, отансүйгіштік сезімін қалыптастыру және ұлттық құндылықтарды дәріптеу.Зияткерлік сайыс барысында оқушылар өз білімдерін ортаға салып, тапқырлықтары мен жылдам ойлау қабілеттерін көрсетті.

https://www.instagram.com/reel/DeteKt8t3kw/?psln=NjFkdDB3a3pjajB4

«Адал азамат» бағдарламасы аясындағы «Балалар кітапханасы» жобасы

Мақсаты: білім алушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, тұрақты оқу

мәдениетін қалыптастыру және білім алуға деген ұмтылысын дамыту. Көркем әдебиет пен танымдық кітаптарды оқу арқылы оқушылардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын, дүниетанымын және сыни ойлау қабілетін жетілдіру, кітаптың рухани құндылықтарды қалыптастырудағы маңызын түсіндіру. Сонымен қатар білімге құштарлық, отаншылдық, еңбеккорлық және адамгершілік құндылықтарын дәріптеу.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында және облыстық жоспарға сәйкес білім алушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, жазғы демалыс уақытында оқыған көркем шығармаларын насихаттау мақсатында «Мен оқыған кітапты сен де оқы» атты библио-кросс акциясы ұйымдастырылды.Акция барысында білім алушылар жазғы каникул кезінде оқыған кітаптарын таныстырып, шығарманың мазмұны, басты кейіпкерлері мен тәрбиелік мәні туралы өз ойларымен бөлісті. Оқушылар өздері оқыған кітаптарды сыныптастарына ұсынып, кітапты оқуға шақыратын қысқаша жарнамалық таныстырылымдар жасады.Іс-шара барысында білім алушылардың кітап оқуға деген қызығушылығы артып, оқырмандық мәдениетін қалыптастыруға, өз ойын еркін жеткізуге және оқыған шығармасына сыни пікір білдіруге мүмкіндік берілді.
https://www.instagram.com/reel/DdI4UX8NDiR/?stkn=MWF0NWhuM3dpbjZxNQ==

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында«Сыр сұхбат» атты тағылымды кездесу ұйымдастырылды.Кездесу барысында білім алушылар жергілікті ақын-жазушылармен жүздесіп, әдебиет әлемі, шығармашылық жол, кітап оқу мәдениеті туралы сырлы сұхбат құрды.Жас оқырмандар қаламгерлерге өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, шығармашылық бағытта пайдалы кеңестер алды. Кездесу оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, туған өлкенің әдеби мұрасын тануға мүмкіндік берді.
https://www.instagram.com/reel/DeGd3XcKx1f/?stkn=ang1a3NsYnBxZDFo

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында мектеп кітапханасында «Қыран елім – Қазақстан» тақырыбында ақын-жазушылардың кітаптарына шолу сабағы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушылар туған жерге деген сүйіспеншілікті, тәуелсіздік пен азаттықтың қадірін дәріптейтін шығармалармен танысты. Ақын-жазушылардың тағылымды туындылары арқылы Отанға деген құрметті арттырып, ұлттық рух пен патриоттық сезімді нығайтудың маңызына тоқталды.
https://www.instagram.com/reel/De1BX_SoykD/?cplk=MTZmb3BsejRnZXk5ag==

«Адал азамат» бағдарламасы аясындағы ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» аясында №2 Мәртөк мектеп-гимназиясында «Бала тәрбиесі – мектеп пен ата-ананың бірлескен жауапкершілігі» тақырыбында жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өтті.
Жиналыстың негізгі мақсаты: мектеп пен ата-ана арасындағы өзара байланысты нығайту, білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу және бала тәрбиесіндегі ортақ жауапкершілікті арттыру.Жиналыс барысында мектеп директоры Айтназаров Мұрат Шикалович білім алушылардың мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтауына және мектеп формасына қойылатын талаптарға тоқталып, ата-аналарға бала тәрбиесіндегі жауапкершіліктің маңызын атап өтті.Мәртөк ауданының полиция бөлімінің полиция подполковнигі Сулейменов Ербол Бакиевич балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу, интернет алаяқтықтан сақтану мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, ата-аналарға маңызды ақпараттар берді.Мектеп директорының орынбасарлары 2026–2027 оқу жылындағы негізгі өзгерістер жөнінде ақпарат беріп, ата-аналардың сұрақтарына жауап қайтарды.Мектептің әлеуметтік педагогі мен психологі әлеуметтік қолдау шаралары, білім алушыларға көрсетілетін психологиялық-педагогикалық көмек және бала қауіпсіздігі мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.
Жиналыстың күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі- Ата-аналар комитетін сайлау болды. Ата-аналар ұсынылған кандидатураны бірауыздан қолдап, Құдайбергенова Бибігүл Амангельдиевнаны ата-аналар комитетінің төрайымы етіп сайлады.

https://www.instagram.com/reel/DdJk5W9tC69/?stkn=MW1pNXRobnA4aXk3Mw==

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысы аясында отбасы құндылықтарын насихаттау, ата-ана мен бала арасындағы өзара түсіністік пен жылы қарым-қатынасты нығайту мақсатында «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» атты челлендж ұйымдастырылды.Челлендж барысында ата-аналар мен білім алушылар отбасындағы өнегелі дәстүрлерін, бірлескен уақыттарын және отбасылық құндылықтарын таныстырып, өзара қолдау мен сыйластықтың маңызын көрсетті.

https://www.instagram.com/reel/Dc-MD8noFAL/?stkn=MWxtNmF1NzB3a3Nzaw==
https://www.instagram.com/reel/Dc-MXFgIAJh/?stkn=ZjVqcXp0dG5iZzA5
https://www.instagram.com/reel/Dc-MkvzoB65/?stkn=b2NjcHZ0M2lwaXdz
https://www.instagram.com/re el/DdRAritN__o/?stkn=MWxuN2ZwN2JqeXJ6Mw==
https://www.instagram.com/reel/DdRAritN__o/?stkn=MWxuN2ZwN2JqeXJ6Mw==

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысы аясында білім алушыларға арналған «Отбасы – бақыттың бастауы» тақырыбында бейнероликтер көрсетілімі ұйымдастырылды.Көрсетілім барысында отбасы – мейірім мен жылулықтың, тәрбиенің және адамгершіліктің негізі екендігі туралы мазмұнды бейнероликтер ұсынылды. Білім алушылар өз ойларымен бөлісіп, отбасы құндылықтары туралы пікір алмасты.

https://www.instagram.com/reel/Dc-MJA6IjMN/?stkn=MTk2ZDA5ZGk3ZHJuNw==
https://www.instagram.com/reel/DdByWystCYE/?stkn=MXQ5OWY0bDBubW9naQ==
https://www.instagram.com/reel/Dc-MXFgIAJh/?stkn=ZjVqcXp0dG5iZzA5м
https://www.instagram.com/reel/Dc-MkvzoB65/?stkn=b2NjcHZ0M2lwaXdz
https://www.instagram.com/reel/Dc-MD8noFAL/?stkn=MWxtNmF1NzB3a3Nzaw==

«Адал азамат» бағдарламасы аясындағы алдын алу шаралары

«Қауіпсіз мектеп» акциясы аясында №2 Мәртөк мектеп-гимназиясының білім алушыларымен профилактикалық кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге Мәртөк аудандық прокуратурасының кіші әділет кеңесшісі Зейнулла Манас Бауыржанұлы және кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік инспектор, полиция майоры Эринбетова Айнур Бахтовна қатысты.Кездесу барысында білім алушыларға заң талаптарын сақтау, құқық бұзушылықтың алдын алу, буллингтің, әлімжеттіктің, киберқауіптердің, сондай-ақ түнгі уақытта заңсыз жүрудің салдары туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар мектептегі қауіпсіздік ережелерін сақтау, қоғамдық орындардағы жауапкершілік пен құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығы кеңінен түсіндірілді.
https://www.instagram.com/reel/Dd3OwhENVS4/?stkn=OGE1aTR1YzJkczdr
https://www.instagram.com/reel/Dd3OKsztE9G/?stkn=ZWFqcjJuMnprNnky

«Мектепке қауіпсіз жол» акциясы аясында №2 Мәртөк мектеп-гимназиясының білім алушыларымен жол қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыру, жол-көлік оқиғаларының алдын алу және жол ережелерін сақтаудың маңыздылығын түсіндіру мақсатында «Жол ережесін сақтау – қауіпсіздік кепілі» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Түсіндірме жұмысын Мәртөк ауданы полиция бөлімі әкімшілік полиция бөлімшесінің жол-техникалық инспекция тобының мемлекеттік автоинспекторы, полиция капитаны Сеитов Алибек Кеикбаевич жүргізді.Шара барысында білім алушыларға жол қозғалысы ережелерін сақтау, жаяу жүргіншілерге арналған жол өткелдерін дұрыс пайдалану, жолдан оту кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау және жол бойында сақтық таныту жөнінде маңызды ақпараттар берілді.Кездесу барысында білім алушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, жол қауіпсіздігіне қатысты пайдалы мәліметтер алды.
https://www.instagram.com/reel/DdRHj54NuCx/?obrf=MW9xcnA0aHkxdDNyag

8-10-сыныптар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында

көңілді тапқырлар клубының ойыны өтті.Ойын барысында қатысушылар өздерінің тапқырлығы мен шығармашылық қабілеттерін көрсетіп, әділдік пен адалдықтың маңызын насихаттады.
https://www.instagram.com/reel/Dei2n-qtIKl/?exln=d3FjMzlxNnYzaW02

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Үнемді тұтыну» құндылығын қалыптастыру, білім алушыларға табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, суды, электр энергиясын және басқа да тұрмыстық ресурстарды үнемдеудің маңыздылығын түсіндіру мақсатында алдын алу және түсіндіру шаралары ұйымдастырылып, өткізілді. Іс-шаралар барысында үнемшілдікке, жауапкершілікке, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға баса назар аударылды.
https://www.instagram.com/reel/DcSg-HtIOWM/?srtk=MWpoenlhNG5wZHd0NA
https://www.instagram.com/reel/DdbbIt_NcZS/?eplk=MWFub2NxMXNjNzJ3eQ

«Қауіпсіз мектеп» акциясы аясында «Қауіпсіз қоғам» жобасы негізінде білім алушыларға өрт кезіндегі қауіпсіздік ережелерін меңгерту мақсатында оқу-жаттығу ұйымдастырылды.Оқу-жаттығу барысында білім алушыларға өрт туындаған кездегі қауіпсіздік талаптары, эвакуация тәртібі, дабыл кезінде дұрыс әрекет ету және төтенше жағдай кезінде сабыр сақтаудың маңыздылығы түсіндірілді.Іс-шараның негізгі мақсаты: білім алушылардың төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру және өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға үйрету.
https://www.instagram.com/reel/Dda-sUnNlK7/?eplk=MTR3N2o3eGFuenVlcA

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, өскелең ұрпақтың бойында адалдық пен әділдік құндылықтарын қалыптастыру, парасаттылыққа тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған «Жемқорлыққа қарсы бірге!» тақырыбындағы плакаттар байқауының жеңімпаздары марапатталды. Байқауға қатысқан білім алушылар өздерінің шығармашылық қабілеттері мен белсенділіктерін танытып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастарын көркем жұмыстар арқылы жеткізді. Әрбір плакат адалдықты ту етіп, әділдікті бағалайтын, парасаттылықты өмірлік ұстанымына айналдыратын ұрпақ тәрбиелеудің маңызын көрсетті.Үздік жұмыстарымен ерекшеленіп, белсенділік танытқан оқушыларға марапаттар табысталды.
https://www.instagram.com/reel/DerIWmtt66T/?exln=dTN2d3loOG1renp5
«Интернеттегі қауіпті діни контенттен сақтану» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Түсіндіру барысында білім алушыларға әлеуметтік желілер мен интернет ресурстарындағы күмәнді діни ақпараттарды ажырата білу, ақпараттың шынайылығын тексеру, белгісіз сілтемелерге өтпеу және күмәнді парақшалардағы материалдарға сенбеу қажеттігі айтылды.Сонымен қатар оқушыларға интернетті қауіпсіз пайдалану, ақпараттық қауіпсіздік ережелерін сақтау және күмәнді мазмұнға тап болған жағдайда ересектерден көмек сұраудың маңыздылығы түсіндірілді
https://www.instagram.com/reel/DerDZlftGbb/?psln=cGtvbWozYm1peXI3
Білім алушылар арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, діни сауаттылықты арттыру және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру мақсатында түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды.Кездесуді Мәртөк аудандық Жастар ресурстық орталығының теологі Казенов Нұрберген Мирасұлы жүргізді. Шара барысында діни экстремизм мен терроризмнің қоғамға тигізетін кері әсері, деструктивті діни ағымдардың белгілері, жалған діни ақпараттан сақтану және интернет кеңістігіндегі қауіпсіздік мәселелері жөнінде маңызды ақпараттар берілді.Білім алушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, маманнан нақты жауаптар алды.
https://www.instagram.com/reel/DeMYbi_NoFj/?xtok=MTgwOGQyYTBqc3hqcw==

«Айбын» ұлдар клубының мүшелерімен «Әке тәрбиесі –ұлт тәрбиесінің тірегі» тақырыбында тағылымды кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге Ауған соғысының ардагері Отегенов Қияс ағай мен Мәртөк аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Мыңжанов Қайрат ағай қатысты.Кездесу барысында Ауған соғысының ардагері Өтегенов Қияс ағай оқушыларға өзінің өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, Отанға адал қызмет ету, елін сүю, ерлік пен батылдық, азаматтық жауапкершілік туралы өнегелі әңгіме өрбітті.Ал Мыңжанов Қайрат ағай дін тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, оқушыларға дәстүрлі құндылықтарды құрметтеу, адамгершілік

пен имандылықты сақтау, діни сауаттылықты арттырудың маңыздылығы туралы айтып өтті. Сонымен қатар жастарды жат ағымдардың ықпалынан сақ болуға, діни мәселелерге саналы көзқараспен қарауға шақырды. «Айбын» үлдар клубының жетекшісі Абдрахманов Самат оқушыларға мектептің ішкі тәртіп ережелерін түсіндіріп, білім алушылардың тәртіп сақтауы, мұғалімдер мен қатарластарына құрмет көрсетуі, мектеп формасын талапқа сай киюі және қоғамдық орындарда өзін әдепті ұстауы жөнінде айтып өтті. Сонымен қатар, әрбір оқушының мектеп тәртібін сақтауы – жауапкершілік пен тәрбиеліліктің белгісі екенін атап өтті
https://www.instagram.com/reel/DeeEqm3tRs1/?srtk=MXdqMnJpOWZ4eGJiYw==

ҚОРЫТЫНДЫ:тәрбие жұмысының жоспары бекітілген; мазмұны азаматтықты, патриотизмді, рухани-адамгершілік құндылықтарды және тұлғалық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған; бағыттар оқу және сыныптан тыс қызметте іске асырылады, нәтижелері құжаттамада көрсетілген - 5 балл.

5.2. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сыныптан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын (үйірмелер, секциялар, іс-шаралар) ұйымдастыру

2024–2025 оқу жылында №2 Мәртөк мектеп-гимназиясында білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, жеке қабілеттері мен шығармашылық әлеуетін дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортқа қызығушылығын арттыру мақсатында қосымша білім беру және үйірме жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылды.

Оқу жылы барысында мектепішілік 7 спорттық секция мен 1 дебат клубы жұмыс жасады. Атап айтқанда, волейбол, баскетбол, футбол, шахмат, үстел теннисі бағыттарындағы секциялар ұйымдастырылып, оларды біліктілік санаттары бар педагогтер жүргізді. Мектепішілік спорттық секциялар мен үйірмелерге оқушылар тартылып, олардың сабақтан тыс уақыттағы бос уақытын тиімді пайдалануына жағдай жасалды. Мектепішілік спорттық секцияларға 105 оқушы, дебат клубына 26 оқушы қатысады. Сонымен қатар мектептен тыс вокал, хореография, бейнелеу өнері және спорттық секцияларға барлығы 235 оқушы қатысты.

Үйірме жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарлары әзірленіп, мектеп директорымен бекітілді. Үйірмелердің сабақ кестелері жасалып, сабақтар бекітілген кестеге сәйкес сабақтан тыс уақытта өткізілді. Үйірмелерге қатысатын білім алушылардың тізімі жасақталып, сабаққа қатысу көрсеткіштері электронды Bilimclass.kz журналына тұрақты түрде енгізілді. Оқу жылы қорытындысы бойынша гимназия білім алушыларының қосымша білім берумен қамтылу көрсеткіші 75%-ды құрады.

Үйірме жетекшілері жылдық жоспарларына сәйкес білім алушылардың спорттық қабілеттерін дамытуға, жарыстарға дайындауға және мектептің спорттық жетістіктерін арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізді. Атап айтқанда, Үлттық мектеп лигасы аясында оқушылар футзал, футбол, баскетбол, волейбол, үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ, бес асық, асық ату және жеңіл атлетика спорт түрлері бойынша аудандық жарыстарға белсенді қатысты.

Жарыстардың қорытындысы бойынша оқушылар үстел теннисінен I орын, футзалдан, футболдан, үлдар баскетболынан және үлдар волейболынан II орын иеленді. 7–8-сынып ұлдары арасында футзалдан мектеп командасы I орынға, қыздар командасы III орынға қол жеткізді. 9–11-сынып оқушылары шахматтан өткен «Ақбозат» Үлттық мектеп лигасында II орын иеленді. Баскетбол мен волейболдан 7–8-сынып қыздары III орынға, шахматтан 5–6-сынып оқушылары III орынға ие болды. Сонымен қатар асық атудан V, бес асықтан VI, үстел теннисінен VII орындар тіркелді. Футзалдан ұлдар мен қыздар командалары III орынға, баскетболдан ұлдар командасы III орынға, волейболдан ұлдар командасы I орынға, қыздар командасы II орынға қол жеткізді.

Мектепте бұкаралық спортты дамыту және оқушылардың спорттық белсенділігін арттыру мақсатында мектепішілік және аудандық деңгейдегі бірқатар жарыстар ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасының білім беру саласының үздігі, еңбек ардагері А.Т. Қилыбаевты еске алуға арналған шағын футболдан аудандық турнир өткізіліп, мектеп командасы I орын

нығайту мақсатында түрлі кездесулер, түсіндіру жұмыстары мен тренингтер ұйымдастырылды. Салауатты өмір салтын насихаттау бағытында спорттық және мәдени іс-шаралар өткізіліп, оқушыларға құқықтық тәрбие беру, өрт, жол-көлік, су айдындарындағы қауіпсіздік және демалыс кезіндегі сақтық шаралары бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылды. Ата-аналардың құқықтық және педагогикалық сауаттылығын арттыру, бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін күшейту, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу және зорлық-зомбылықтың кез келген түріне төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру мақсатында ата-аналармен тренингтер мен профилактикалық кездесулер өткізілді. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде білім алушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары жүйеленіп, қауіпсіз әрі қолайлы психологиялық орта қалыптастыруға, оқушылардың құқықтық мәдениеті мен жауапкершілігін арттыруға, олардың жан-жақты және үйлесімді дамуына жағдай жасалды.

Жол көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында полиция қызметкері патрульдік полиция тобының қызмет инспекторы, полиция аға лейтенанты Ж.Асимбетовтың қатысуымен «Жол ережесін сақтаймыз» тақырыбында қауіпсіздік сағаты өтті.
https://www.instagram.com/reel/C_-q2xhoaj2/?igshMjBtcWdrZmRxM25h
Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің түнгі мезгілде қараусыз-қадағалаусыз жүруінің және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түнгі рейдтік іс-шарасы жүргізілді.
https://www.instagram.com/p/DAJfzH_lMKn/?igshN2xuZGJ0N3R5enV6
«Біртұтас_тәрбие» бағдарламасы шеңберінде "Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам" алдын алу шарасы .
https://www.instagram.com/p/DAXtkW1oLCL/?igsh=bmxheTdlbGw0eWxr
Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің түнгі мезгілде қараусыз-қадағалаусыз жүруінің және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түнгі рейдтік іс-шарасы жүргізілді.
https://www.instagram.com/p/DAwOivZIhOa/? igshaXo5OGo0djUxOGJn
Есірткінің алдын алу мақсатында "Нашақорлыққа жол жоқ" акциясы өтті.
https://www.instagram.com/p/DCBsqTxo7Zm/?igshbzQza2o5dW
Есірткінің алдын алу мақсатында "Нашақорлыққа жол жоқ" атты 10 күндік аясында 4 сыныптар арасында сурет көрмесі ұйымдастырылды.
https://www.instagram.com/reel/DCBsmh6Ii3y/?igsh=b3Fvc2tkcjM4
25 қараша-10 желтоқсан арасында " Зорлық-зомбылықсыз 16 күн" халықаралық науқаны өтті.
https://www.instagram.com/p/DCyfKmaosuq/?igsh= eXJsZHdqYn
№2 Мәртөк мектеп-гимназиясында "Адал ұрпақ- Жастарға кеңес" кешенді жоспар аясында жастар
арасында құмар ойындарының адам өміріне және психикасына зиянды әсері туралы "Лудоманияға жол жоқ" тақырыбында пікірсайыс өтті.
https://www.instagram.com/reel/DE2D-ojRpaB/?igsh=cTd6dzFtcjExdDE
Білім алушылар арасында толерантты мінез-құлықты қалыптастыру, мәдениет пен дінді құрметтеу, қазақстандық қоғамның полиэтникалық құрамының қалыптасу тарихы, қазіргі Қазақстанның дамуындағы дін саласындағы саясаты, діни экстремизм мен терроризмнің қатерін түсіндіру мақсатында "Дін және дәстүр" тақырыбында «Аңсар» ақпараттық талдау орталығының маманы Разак Тастанбек Нұрмұхаметұлымен кездесу өтті.
https://www.instagram.com/reel/DFcfaT6ow6E/?igsh= MXdkeG40NTM2OGt0Mg==
"Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында кәмелетке толмағандар арасында буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, оларды дұрыс қабылдау және адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру мақсатында "Буллингтен қорған!" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.Бұл шара оқушылардың бір-біріне деген құрметін арттырып, зорлық-зомбылықтың кез келген түріне төзбеушілік мәдениетін дамытуға бағытталды.
https://www.instagram.com/p/DF4w_RTI0h1/?igsh= NHNwNndja3F6OHJ2
Өрт қауіпсіздігі және оның алдын алу шаралары бойынша мектеп ұжымы үшін жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында өрттің алдын алу ережелері, төтенше жағдай кезіндегі әрекет ету тәртібі, қауіпсіздік шаралары және алғашқы өрт сөндіру құралдарын дұрыс пайдалану мәселелері талқыланды. Сондай-ақ, қатысушыларға қауіпсіздік талаптарын сақтау жөнінде нұсқаулықтар беріліп, тәжірибелік кеңестер ұсынылды.

https://www.instagram.com/p/DGDX8yQIQth/?igsh NnNibzFxdndzd2c т
https://www.instagram.com/p/DGDYPniohBY/?igsh=MWltcnVxcW

2025–2026 оқу жылына арналған кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың, ерте жүктіліктің, зорлық-зомбылықтың, суицидтік мінез-құлықтың, нашақорлықтың, панасыз қалудың, діни экстремизм мен терроризмнің, адам саудасының, буллинг пен кибербуллингтің, сондай-ақ электрондық темекі мен вейп тұтынудың алдын алуға бағытталған кешенді іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді. Сонымен қатар мектепішілік №258 бұйрығына сәйкес аталған бағыттар бойынша профилактикалық жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру және үйлестіру мақсатында профилактикалық кеңес құрылды.
Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында оқушылармен түрлі іс-шаралар, кездесулер, тренингтер, дөңгелек үстелдер өткізілді. Әлімжеттіктің алдын алу мақсатында оқушылардан тоқсан сайын сауалнамалар алынып, қорытындысы шығарылады. Сауалнаманың қорытындысына сәйкес мектепте соңғы үш жылда буллингке, кибербуллингке, әлімжетікке ұшыраған оқушылар анықталған жоқ.
Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуы қадағаланып, себепсіз сабақтан қалған оқушының үйіне комиссия құрылып, акт толтырылып, ата-анасымен түсіндірме жұмыстары жүргізіледі.
Мектепте тәртібі қиын оқушылардың мәселесі профилактикалық кеңесте қаралып, оқушыға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсетіліп, тәлімгер бекітіледі. Оқушының бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектепішілік үйірмелерге қатыстырылады.
Мектептің көрінетін жерлерінде фойе және дәліздерде 111 нөмірі ілінген, «111» нөмірі – балалардың, отбасылар мен әйелдердің құқықтарын қорғауға байланысты барлық мәселелер бойынша
өтініш қабылдайтыны туралы оқушылар мен ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

2025–2026 оқу жылында №2 Мәртөк мектеп-гимназиясында кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жүргізілген профилактикалық жұмыстар аясында мектепішілік және аудандық есепте тұрған білім алушыларға мониторинг жүргізілді.
Есептік кезеңде мектепішілік есепте 3 білім алушы, аудандық профилактикалық есепте 2 білім алушы және 1 «Қолайсыз отбасы» болды.
Аудандық профилактикалық есепке бір білім алушы 2026 жылғы 6 қаңтарда, екінші білім алушы 2026 жылғы 13 сәуірде алынды.Мектепішілік есепте 3 білім алушы болды. Оның ішінде 1 білім алушы 2025 жылғы 3 желтоқсанда есепке алынып, 2026 жылғы 4 наурызда есептен шығарылды. Қалған екі білім алушының бірі 2024 жылғы 16 қазанда, екіншісі 2025 жылғы 16 қыркүйекте есепке алынған.

Оқу жылының қорытындысы бойынша аудандық профилактикалық есепте тұрған 2 білім алушы және 2025 жылғы 3 желтоқсанда мектепішілік есепке алынған білім алушы 9 және 11-сыныптарды аяқтауына байланысты есептен шығарылады. Ал «Қолайсыз отбасы» ретінде 2024 жылы 28 мамырда тіркелген отбасы 2025 жылғы 17 желтоқсанда есептен шығарылды. 2025 жылғы 16 қыркүйекте мектепішілік профилактикалық есепке алынған 1 білім алушы есепте қалдырылып, онымен құқықбұзушылықтың алдын алу, тәртібін түзету және сабаққа қатысуын бақылау бағытында профилактикалық жұмыстар жалғастырылды. Аталған білім алушының мінез-құлқы мен оқу үлгерімі мектеп әкімшілігі, сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог және педагог-психолог тарапынан тұрақты бақылауға алынды.

№2 Мәртөк мектеп-гимназиясында жоғары сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды. Шараға Мәртөк аудандық полиция бөлімінің орынбасары Е. Б. Сулейменов және кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы А. Б. Эринбетова қатысты. Кездесу барысында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, заңға бағынудың маңызы, кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың салдары туралы кеңінен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, интернет қауіпсіздігі, зорлық-зомбылықтың алдын алу, саламатты өмір салтын ұстанудың маңызы сөз болды. Іс-шара оқушыларға өз құқықтары мен міндеттерін терең түсінуге, жауапкершілік сезімін арттыруға бағытталды.
https://www.instagram.com/reel/DOGBViejWhU/?igsh=MTJpNHJ5c2h4cjBoZA==

Мектебімізде "Нашақорлық, шылым, насыбай, ішіктен бас тарта біл" тақырыбында дәріс өткізілді. Бұл зиянды әрекеттердің денсаулыққа зияны жайлы түсіндірілді.
https://www.instagram.com/p/DOvh_NHCM1K/?igsh=Z21uahHJsZDM3YXRh

№2 Мәртөк мектеп-гимназиясында ағымдағы жылдың қыркүйек айының 10-күні ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында Мәртөк аудандық орталық ауруханасының мамандары Тупеева Рита Мухамадияровна мен Нұрлыбаева Ажар Нурлановнаның қатысуымен "Қыздарға әсемдік жарасады" тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді. Мақсаты: Жас жеткіншектер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу. Адам тәрбиесі мен қоғам тәрбиесіне байланысты көзқарастарын дұрыс қалыптастыра отырып, болашақта ұрпақ қамын, ұлт тағдырын ойлайтын қоғамның мүшесі болуларына жағдай жасау, ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында түсініктеме беру.
https://www.instagram.com/reel/DOatUybjU_o/?igsh=ZTMwYTlodXlwdWpt

«Заң және тәртіп» акциясы аясында №2 Мәртөк мектеп-гимназиясында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында кездесуі өтті. Кездесуге Мәртөк аудандық білім бөлімінің басшысы Есалин Асет Сагимбаевич, Мәртөк ауданы ІІБ бастығының орынбасары, полиция майоры Курманалин Темірхан Нұрадинұлы, сондай-ақ Мәртөк аудандық ауруханасының акушер-гинекологі Бүркітбаева Жанат Мұхтаралиевна қатысты.Алдымен сөз алған Асет Сагимбаевич ауданымызда жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында аткарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, қазіргі қоғамда әрбір жас азаматтың заңға бағынуы, мектептегі тәртіпті сақтауы және жауапкершілікті сезінуі маңызды екенін атап өтті. Ол құқық бұзушылықтың түрлі салдары мен оның болашакка әсері жөнінде нақты мысалдар келтіріп, оқушыларды сақ болуға шақырды.
Келесі кезекте Темірхан Нұрадинұлы сөз алып, өскелең жас арасында белең алып келе жатқан «Дропер», бопсалау, интернеттегі құқық бұзушылықтар және әлеуметтік желідегі қауіпті әрекеттер туралы кең көлемде түсіндірді. Ол оқушыларға құқық бұзушылықтың әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке алып келетінін нақты айтып, әрбір әрекеттің салдары бар екенін түсіндірді. Сонымен қатар, оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, өмірлік мысалдар арқылы сақтық шараларын түсіндірді.Кезлесудің соңғы бөлімінде Жанат Мұхтаралиевна қазіргі таңда өзекті болып отырған ЖРВИ, тұмау, маусымдық аурулардың белгілері, одан сақтану жолдары және жеке бас гигиенасының маңызы туралы баяндама жасады. Ол аурудың алдын алу үшін дұрыс тамақтану, дене шынықтыру, таза ауада жүру және жеке қорғану құралдарын қолданудың қажеттілігін атап өтті.
Іс-шара оқушылар үшін пайдалы ақпаратқа толы болды. Мұндай кездесулер жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамытуға және олардың денсаулығын сақтауына үлкен үлес қосады.
https://www.instagram.com/reel/DRe8B0kiJO3/?igsh=MWU1OGluemg0cGFuZg==

№2 Мәртөк мектеп-гимназиясына Мәртөк аудандық полиция бөлімінің басшысы, полиция подполковнигі Омаргалиев Мурат Серикович жұмыс сапарымен келді. Кездесу барысында ол мектеп ұжымымен танысып, оқу орнының тәрбие және білім беру бағытындағы жұмыстарымен танысты.
Сапар аясында подполковник 11-сынып білім алушыларымен еркін форматтағы кездесу өткізді. Кездесуде жасөспірімдерге құқықтық тәрбие, құқық бұзушылықтың алдын алу, интернеттегі қауіпсіздік, жасөспірімдердің жауапкершілігі мен азаматтық ұстанымы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Кездесу соңында Омаргалиев Мурат Серикович жастарға білім алуда табыс тілеп, елжанды және заңға құрметпен қарайтын азамат болуға шақырды.
https://www.instagram.com/reel/DR4SHYGDbhj/?igsh=dHNxOWUyOWFrcXp0

№2 Мәртөк мектеп-гимназиясында «Қызғалдақ» қыздар клубының кезекті отырысы өтті. Отырысқа Мәртөк аудандық ауруханасының акушер-гинекологі Бүркітбаева Жанат Мұхтаралиевна қатысып, қыздар қауымына маңызды ақпараттармен бөлісті.Кездесу барысында Жанат Мұхтаралиевна ерте жүктіліктің алдын алу, оның жасөспірім денсаулығына тигізетін

зияны, психологиялық және әлеуметтік салдары туралы жан-жақты түсіндіріп өтті. Сонымен қатар, жеке гигиена, репродуктивті денсаулықты сақтау, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау жөнінде пайдалы кеңестер берді.
https://www.instagram.com/reel/DRe8NfpCFMT/?igsh=MXZ3dTJ1N3p5dXdneA==

№2 Мәртөк мектеп-гимназиясында оқушылар арасында нашақорлықтың алдын алу және құқықбұзушылыққа жол бермеу мақсатында «Нашақорлықтың алдын алу – құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында профилактикалық кездесу ұйымдастырылды.Кездесуге аудандық ауруханының дәрігер-эпидемиологы Аналбаева Дархан Сағындықовна білім алушылар қатысты.Шара барысында нашақорлықтың адам денсаулығына, болашағына тигізетін зияны, есірткіге байланысты құқықтық жауапкершілік түрлері, кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі туралы кеңінен түсіндірме жұмыстарын жүргізді.Оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, нақты жауаптар алды. Кездесу жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға және құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталды.https://www.instagram.com/reel/DRwCsnFiPKs/?igsh=MmIzM2g0MHprZmJl

№2 Мәртөк мектеп-гимназиясында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ұйымдастырылған «Заң және тәртіп» айлық акциясы шеңберінде қауіпсіздікке арналған сабақ өткізілді.Іс-шараға Мәртөк аудандық полиция бөлімінің орынбасары Е.Б. Сүлейменов, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы А.Б. Эринбетова, сондай-ақ аудандық білім бөлімінің әдіскері Ү.Аманкелсин қатысты.Кездесу барысында оқушыларға құқықтық сауаттылық, құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі, жол-көлік қауіпсіздігі, интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық және төтенше жағдай кезіндегі әрекет ету ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
https://www.instagram.com/reel/DTPP3y0iI7N/?igsh=eTB1aHEzNnl5Nmdo

№2 Мәртөк мектеп-гимназиясының ұжымына Мәртөк аудандық ПБ-нің ҚҚБ УПИ полиция майоры Б.Ж. Сисенбай және Мәртөк аудандық ПБ-нің ҚҚБ УПИ полиция капитаны Ж.Т. Құлмұхамбет келіп, тұрмыстық зорлық-зомбылық пен интернет-алаяқтықтың алдын алу бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.Кездесу барысында құқық қорғау органдарының қызметкерлері тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түрлері, оның құқықтық салдары, сондай-ақ мұндай жағдайлардың алдын алу жолдары туралы кеңінен ақпарат берді. Сонымен қатар, интернет кеңістігінде жиі кездесетін алаяқтық әрекеттер, олардың белгілері, сақтану тәсілдері және күмәнді жағдайларда жедел түрде құқық қорғау органдарына жүгіну қажеттігі атап өтілді.
https://www.instagram.com/reel/DT188MMCDjP/?igsh=ZnpiNzM4b2k4cXIx

«Заң және тәртіп» акциясы аясында №2 Мәртөк мектеп-гимназиясында «Жастар және заң: құқықтар мен міндеттер теңдігі» тақырыбында кездесу өтті. Кездесуге Мәртөк аудандық полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік инспекторы, полиция майоры А.Б. Эринбетова және С.Б. Алғалиев қатысты.Кездесу барысында оқушыларға құқықтық сауаттылықты арттыру, заң талаптарын сақтау, құқықбұзушылықтың алдын алу және жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Полиция қызметкерлері нақты өмірлік мысалдар келтіре отырып, кәмелетке толмағандар арасындағы жауапкершілік, қауіпсіздік ережелері мен заңға бағынудың маңыздылығына тоқталды.
https://www.instagram.com/reel/DUj-lKDiPX5/?igsh=c2djZXgzNGpzd25n

№2 Мәртөк мектеп-гимназиясында білім алушылармен ақпараттық-түсіндіру бағытындағы кездесу ұйымдастырылды. Шараға Мәртөк аудандық Жастар ресурстық орталығының теолог маманы Қазенов Нұрберген және Мәртөк ауданы полиция бөлімі кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторы, полиция майоры Эринбетова Айнұр Бахтовна қатысты. Кездесу барысында теолог маман ораза ұстаудың мәні мен тәртібі, оның адам өміріндегі рухани маңызы, сондай-ақ оразаны ұстауға қатысты талаптар туралы кеңінен баяндады. Ал полиция майоры Айнур Бахтовна жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, тәртіп сақтау, қауіпсіздік мәселелері және түнгі мезгілде жүріп-тұру ережелері жөнінде түсіндірме

жұмыстарын жүргізді.
https://www.instagram.com/reel/DU7S5XYiMc-/?igsh=MWZhdXUxeWNlczk3dA==

Мәртөк ауданы аумағында «Демалыс» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде. Іс-шараның негізгі мақсаты – кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, олардың түнгі уақытта заңды өкілдерінсіз жүру фактілерін анықтау, сондай-ақ қолайсыз отбасыларды және есепте тұрған жасөспірімдерді бақылау.Аталған шара аясында полиция қызметкерлері білім беру ұйымдарында, ойын-сауық орындарында және қоғамдық орындарда рейдтік іс-шаралар жүргізуде. Сонымен қатар, профилактикалық түсіндіру жұмыстары да қарқынды түрде ұйымдастырылуда.
Іс-шара аудандық полиция бөлімі, жастар ресурстық орталығы және мектеп директорларының бірлескен ұйымдастыруымен өткізілуде.Ата-аналар мен заңды өкілдерге балалардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті күшейту қажеттігі ескертілді.
https://www.instagram.com/reel/DWO7dSXDd1y/?igsh=OTNyMTR2MHM2MWZj

№2 Мәртөк мектеп-гимназиясында «Өмірге салауатты қадам» жобасы аясында білім алушылар арасында келенсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Аталған іс-шараға Мәртөк аудандық полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік инспекторы, полиция майоры Эринбетова Айнур Бахтовна қатысып, оқушыларға құқықбұзушылықтың алдын алу, заң талаптарын сақтау, қауіпсіздік шараларын ұстану жөнінде маңызды ақпараттар берді.
https://www.instagram.com/reel/DWi-BGyjZk5/?igsh=a2x6azVpampkNzVv

№2 Мәртөк мектеп-гимназиясында білім алушылар арасында білім беру ұйымына алып кіруге және қолдануға тыйым салынған заттарды анықтау мақсатында күнделікті рейд жұмысы жүргізілді. Рейд Мәртөк аудандық полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік инспекторы, полиция майоры Эринбетова Айнур Бахтовна және кезекші ата-аналар қатысты.Сонымен қатар, Айнур Бахтовна мектеп жиынына қатысып, құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.
https://www.instagram.com/reel/DXVyKGwiMLT/?igsh=c3F4NDhsZGxhYjZ5
https://www.instagram.com/p/DU2AASxiFZq/?img_index=5&igsh=MWhraTQ2em8wNmgzbw==

№2 Мәртөк мектеп-гимназиясында «Заң және тәртіп» апталығы аясында «Жасөспірім және заң» тақырыбында түсіндірме жұмысы өткізілді. Аталған шараға Мәртөк аудандық полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторы, полиция майоры Эринбетова Айнур Бахтовна мен Алгалиев Сабыржан Бахыткереевич қатысып, білім алушыларға құқықтық сауаттылықты арттыру, заң талаптарын сақтау және құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында маңызды ақпараттар берді.
https://www.instagram.com/reel/DXJD1J0jXLa/?igsh=MWI0eHE2Z3V3bHQxYg==
https://www.instagram.com/reel/DX8XS5YIP40/?igsh=MWRuYmczODJneDVxcQ==
https://www.instagram.com/p/DQIvClAIf4k/?igsh=MTc0OHBTeXI4czd3Cq==
https://www.instagram.com/p/DQ_E3VsCE34/?igsh=NXIzd21nZXh1dHRm
https://www.instagram.com/p/DQ3QCYriHXS/?img_index=4&igsh=MTVvdGYyZzduczVybw==
https://www.instagram.com/reel/DPS6qvYimeM/?igsh=bmJvYWY0aHMyYXBX

№2 Мәртөк мектеп-гимназиясында «Заң және тәртіп» апталығы аясында «Жасөспірім және заң» тақырыбында түсіндірме жұмысы өткізілді. Аталған шараға Мәртөк аудандық полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторы, полиция майоры Эринбетова Айнур Бахтовна қатысып, білім алушыларға құқықтық сауаттылықты арттыру, заң талаптарын сақтау және құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында маңызды ақпараттар берді.
https://www.instagram.com/reel/DXJD1J0jXLa/?igsh=MWI0eHE2Z3V3bHQxYg==

№2 Мәртөк мектеп-гимназиясында «Заң және тәртіп – халықтық Конституция құндылықтары» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өтті. Сынып сағаттарына Мәртөк ауданы ПБ бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Сулейменов Ербол Бакиевич және кәмелетке

толмағандар істері жөніндегі учаскелік инспекторы, полиция майоры Эринбетова Айнур Бахтовна катысты. Кездесу барысында оқушыларға құқықбұзушылықтың алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау, интернет қауіпсіздігі мен жасөспірімдердің құқықтық жауапкершілігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
https://www.instagram.com/reel/DYwHNeCNDij/?igsh=MWhkd2h0Z3BocHk3OQ==

№278 бұйрық негізінде №2 Мәртөк мектеп-гимназиясында «Тәртіп сақшылар» тобы құрылды. Топ жұмысы кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алуға, сондай-ақ оқушылардың түнгі уақытта заңды өкілінсіз көшеде жүруінің алдын алуға бағытталды.Жыл бойы әр тоқсан сайын ата-аналар комитетімен бірлесе отырып, кезекшілік кестесі жасақталып, жоспарлы түрде түнгі рейдтер ұйымдастырылды.Апта сайын мектептің кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы А.Б. Эринбетова және С.Б. Алғалиевпен бірге құқықбұзушылықтың алдын алу және жасөспірімдер қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кешкі бірлескен рейдтер өткізілді.Сонымен қатар, Мәртөк аудандық полиция бөлімі, аудандық кәсіпкерлік бөлімі және аудан волонтерлерінің қатысуымен алкоголь және темекі өнімдерін сатуға қатысты заң талаптарының сақталуын бақылауға бағытталған арнайы рейд ұйымдастырылды.Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарын күшейту мақсатында «Заң және тәртіп» акциясы аясында мектеп мұғалімдері мен ата-аналар бірлесе отырып, кешкі рейдтер өткізді.

https://www.instagram.com/p/DTrV7TiCGXR/?igsh=aXFrY2E4anpyd2Qx
https://www.instagram.com/p/DV7zOFnCJYH/?igsh=MXRhcm1hOThyM3p3bw==
https://www.instagram.com/p/DTrV7TiCGXR/?igsh=aXFrY2E4anpyd2Qx
https://www.instagram.com/p/DV7zOFnCJYH/?igsh=MXRhcm1hOThyM3p3bw==
https://www.instagram.com/p/DWPkthVjaqZ/?igsh=dHQ3aWVsOTk0cXNl
https://www.instagram.com/p/DYdzuSQiCuS/?rpxt=MXJ4cGlmeXZsdXFiZg==
https://www.instagram.com/p/DXVvZpCCGKb/?psln=d2UzMmlteHkzczdz
https://www.instagram.com/p/DXDsiZECBor/?dlrf=Zmhhc3VkOTZ5OWxu
https://www.instagram.com/p/DWxnBkVCNl5/?cplk=NmhtdjB1NjhqMHc3
https://www.instagram.com/p/DWcDrvEjXMg/?cplk=dnYyd3h5ZTljNmVv
https://www.instagram.com/p/DWekt5KDYca/?vrfl=MTdjMzV3Nm9wOWphZg==
https://www.instagram.com/p/DWPkthVjaqZ/?vrfl=dHQ3aWVsOTk0cXNl
https://www.instagram.com/p/DUhdaElCMlU/?img_index=3&rpxt=azdzbmhpMnZ1bTh5
https://www.instagram.com/p/DUhdaElCMlU/?img_index=3&rpxt=azdzbmhpMnZ1bTh5
https://www.instagram.com/p/DS1fZckCH0x/?srtk=dDQxNGxvMm5qM2R3
https://www.instagram.com/p/DRXo6yiDRe_/?dlrf=MW9ueGJwbnkzenpxcg==

Ақтөбе облысының білім басқармасының 2025 жылғы 1 қазандағы №01-14/2878 хаты және №2 Мәртөк мектеп-гимназиясының 2025 жылғы 6 қазандағы №390 бұйрығы негізінде мектепішілік ата-аналар кезекшілігі ұйымдастырылып, бекітілген кестеге сәйкес кезекшілік жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылды. Кезекшіліктің негізгі мақсаты:білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мектеп аумағында қоғамдық тәртіпті сақтау, құқықбұзушылықтың алдын алу және ата-аналардың мектеп өміріне белсенді қатысуын арттыру.

https://www.instagram.com/p/DPfibEGiO9r/?igsh=bncxODVhcXJqcTRo
https://www.instagram.com/p/DPgSsaUDTbL/?igsh=Y294N3l6aWYzODh1
https://www.instagram.com/p/DPi1e2DjSqD/?igsh=MTRoMzVyZDZmZWdiOA==
https://www.instagram.com/p/DPlXBuSDepa/?igsh=emJ0anJldTF5cHVn
https://www.instagram.com/p/DPoBDFZjTiN/?igsh=NmtrcmdhMGo0OGRk
https://www.instagram.com/p/DPvsa8MDb4Q/?igsh=MTJ0Y3FqMnBmNnl4aw==
https://www.instagram.com/p/DP3gfiiDTuY/?igsh=MWNmYWc0N3o2bWEwcA==
https://www.instagram.com/p/DQBxO1ICMzt/?igsh=MXFzbHh0ZHRqcWZ0Yg==
https://www.instagram.com/p/DQI65vtiOvy/?igsh=MWo2NTd0eXhxcjhoZA==
https://www.instagram.com/p/DQL8_jajZQg/?igsh=MXRneHN0a3M3b3Bvaw==

2026–2027 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 29 сәуірдегі №104-НҚ бұйрығын басшылыққа ала отырып, білім алушылар арасында құқықбұзушылықтың, буллингтің, зорлық-зомбылықтың, қылмыстың және әлеуметтік қауіпті мінез-құлықтың алдын алу, ерекше назар аударуды қажет ететін кәмелетке толмағандарды педагогикалық сүйемелдеу, сондай-ақ электрондық темекі мен вейп өнімдерін тұтынудың алдын алу мақсатында мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен кешенді іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді.Сонымен қатар мектеп директорының мектепішілік №287 бұйрығына сәйкес аталған бағыттар бойынша профилактикалық жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру, үйлестіру және олардың тиімділігін арттыру мақсатында мектепішілік профилактикалық кеңес құрылып, өз жұмысын бастады. Кеңес жұмысы білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, құқықтық сауаттылығын арттыруға, құқықбұзушылыққа бейім мінез-құлықтың алдын алуға және тәуекел тобындағы балалармен жеке профилактикалық жұмыстар жүргізуге бағытталды.

Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуы қадағаланып, себепсіз сабақтан қалған оқушының үйіне комиссия құрылып, акт толтырылып, ата-анасымен түсіндірме жұмыстары жүргізіледі.

Мектепте тәртібі қиын оқушылардың мәселесі профилактикалық кеңесте қаралып, оқушыға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсетілін, тәлімгер бекітіледі. Оқушының бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектепішілік үйірмелерге қатыстырылады.

Мектептің көрінетін жерлерінде фойе және дәліздерде «111» нөмірі ілінген, «111» нөмірі – балалардың, отбасылар мен әйелдердің құқықтарын қорғауға байланысты барлық мәселелер бойынша өтініш қабылдайтыны туралы оқушылар мен ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

2025 жылғы 16 қыркүйекте мектепішілік профилактикалық есепке алынған бір білім алушы 2026 жылғы 31 шілдеде аудандық профилактикалық есепке алынды. Аталған білім алушы 2026 жылғы 5 қарашада аудандық есептен, ал 6 қарашада мектепішілік есептен шығарылды.Осылайша, 2026 жылғы қараша айынан бастап қазіргі уақытқа дейін мектебімізде аудандық профилактикалық есепте тұрған білім алушылар жоқ. Сонымен қатар, мектепішілік профилактикалық есепте де аталған білім алушы есептен шығарылғаннан кейін оқушы тіркелмеген.

Білім күніне арналған «Білімге бастар жол – Адал азаматтан басталады» атты салтанатты жиын өтті.Жиында мектеп директоры Айтназаров Мұрат Шикалұлы құттықтау сөз сөйлеп, ұстаздар мен білім алушыларға жаңа оқу жылына сәттілік тіледі.Сондай-ақ, салтанатты жиынға Мәртөк ауданы прокуратурасының аға прокуроры Зейнулла Манас Бауыржанұлы және Мәртөк аудандық мәслихатының төрағасы Саринов Шамиль Михайлович қатысып, білім алушыларға жүрекжарды тілектерін білдірді.
https://www.instagram.com/reel/DcvYraVNCXw/?obrf=emp2NzJ5MnlpMnkx

Білім алушылардың мектептегі алғашқы күнінен бастап қауіпсіз өткізу мақсатында кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік инспектор, полиция майоры Эринбетова Айнур Бахтовна білім алушылармен кездесу өткізді.Кездесу барысында полиция майоры білім алушыларға құқықбұзушылықтың алдын алу, заң талаптарын сақтау, қоғамдық тәртіпті бұзбау және өз құқықтары мен міндеттерін білу жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізді.Сонымен қатар, оқушыларға құқықбұзушылыққа жол бермеу, қауіпсіздік ережелерін сақтау және кез келген жағдайда жауапкершілікпен әрекет ету қажеттігі ескертілді.
https://www.instagram.com/reel/DcvbRuqtFuL/?mdxt=MTBjMGZzZmhlMTVy

«Бала тәрбиесі – мектеп пен ата-ананың бірлескен жауапкершілігі» тақырыбында жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өтті.Жиналыстың негізгі мақсаты: мектеп пен ата-ана арасындағы өзара байланысты нығайту, білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу және бала тәрбиесіндегі ортақ жауапкершілікті арттыру.Жиналыс барысында мектеп директоры Айтназаров Мұрат Шикалович білім алушылардың мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтауына және мектеп формасына қойылатын талаптарға тоқталып, ата-аналарға бала тәрбиесіндегі жауапкершіліктің маңызын атап өтті.Мәртөк ауданының полиция

бөлімінің полиция подполковнигі Сулейменов Ербол Бакиевич балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу, интернет алаяқтықтан сақтану, цифрлық қауіпсіздік бойынша практикалық сабақ:ата-ана бақылауы, геолокация, баланың фотосуреттерін жариялау, құпиясөздер, кибербуллинг, жалғанақпарат, цифрлық тәуелділік және дербес деректерді қорғау мәселелері туралы сөз қозғады. Мектеп директорының орынбасарлары 2026–2027 оқу жылындағы негізгі өзгерістер жөнінде ақпарат беріп, ата-аналардың сұрақтарына жауап қайтарды.Мектептің әлеуметтік педагогі мен психологі әлеуметтік қолдау шаралары, білім алушыларға көрсетілетін психологиялық-педагогикалық көмек және бала қауіпсіздігі мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.Жиналыстың күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі- Ата-аналар комитетін сайлау болды. Ата-аналар ұсынылған кандидатураны бірауыздан қолдап, Құдайбергенова Бибігүл Амангельдиевнаны ата-аналар комитетінің төрайымы етіп сайлады.

https://www.instagram.com/reel/DdJk5W9tC69/?xtok=MW1pNXRobnA4aXk3Mw==

8–11 сынып оқитын қыз балалар арасында ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.Дәрігер педиатр-иммунолог Жапахова Р.Т. қыз балалардың денсаулығын сақтау, жасөспірім кезеңіндегі жауапкершілік және ерте жүктіліктің алдын алу бағытында маңызды ақпараттармен бөлісті.Дәрігер-эпидемиолог Аналбаева Д.С. адам папилломавирусы (АПВ) және оның алдын алу шаралары туралы түсіндіріп, вакцинацияның маңызы жөнінде ақпарат берді.Сонымен қатар АПВ папилломасына қарсы вакцинация және Адам папилломасы вирусы дегеніміз не? Деген сұрақтарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.Кездесудің басты мақсаты жасөспірім қыздарға аурудың алдын алуда вакциналаудың маңызы жөнінде түсіндірілді.

https://www.instagram.com/reel/Dc3T4oytmVX/?psln=MTA0bGo5N2sxZmpidQ==

«Мектепке қауіпсіз жол» акциясы аясында №2 Мәртөк мектеп-гимназиясының білім алушыларымен жол қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыру, жол-көлік оқиғаларының алдын алу және жол ережелерін сақтаудың маңыздылығын түсіндіру мақсатында «Жол ережесін сақтау – қауіпсіздік кепілі»

тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Түсіндірме жұмысын Мәртөк ауданы полиция бөлімі әкімшілік полиция бөлімшесінің жол-техникалық инспекция тобының мемлекеттік автоинспекторы, полиция капитаны Сеитов Алибек Кеикбаевич жүргізді.Шара барысында білім алушыларға жол қозғалысы ережелерін сақтау, жаяу жүргіншілерге арналған жол өткелдерін дұрыс пайдалану, жолдан өту кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау және жол бойында сақтық таныту жөнінде маңызды ақпараттар берілді.Кездесу барысында білім алушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, жол қауіпсіздігіне қатысты пайдалы мәліметтер алды.

https://www.instagram.com/reel/DdRHj54NuCx/?vrfl=MW9xcnA0aHkxdDNyag==

Білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заң талаптарын сақтау мәдениетін қалыптастыру және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.Түсіндірме жұмысына Мәртөк АПБ ҚҚБ УПИ, полиция аға лейтенанты Утаралин Қуаныш Амангельдиевич қатысып, білім алушыларға заң талаптарын сақтау, қоғамдық тәртіпті бұзбау, құқық бұзушылықтың алдын алу және кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі жөнінде маңызды ақпараттар берді.

https://www.instagram.com/reel/DdlIJlWtuUl/?exln=MW5nb3BvdGd5MnVhdg==

Білім алушылардың бойына адалдық, парасаттылық, адамгершілік және жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыру мақсатында «Парасатты тұлға – адал қоғам негізі» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.Дөңгелек үстелге Мәртөк АПБ ҚҚБ УПИ, полиция аға лейтенанты Утаралин Қуаныш Амангельдиевич қатысып, білім алушылармен адал өмір сүру қағидалары, қоғамдағы сенім мен жауапкершіліктің маңызы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және парасатты тұлғаның қоғамдағы орны туралы тағылымды әңгіме өрбітті.Шара барысында білім алушылар өз пікірлерімен бөлісіп, қойылған сұрақтарға жауап алып, адалдық пен әділдіктің қоғамның берік негізі екеніне көз жеткізді.

https://www.instagram.com/reel/Ddq7NeCNwAM/?eplk=bTUxMW83enpodWlv

«Заң және тәртіп» және «Қауіпсіз мектеп» акциясы аясында №2 Мәртөк мектеп-гимназиясының білім алушыларымен профилактикалық кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге Мәртөк аудандық прокуратурасының кіші әділет кеңесшісі Зейнулла Манас Бауыржанұлы және кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік инспектор, полиция майоры Эринбетова Айнур Бахтовна

қатысты.
Кездесу барысында білім алушыларға заң талаптарын сақтау, құқық бұзушылықтың алдын алу, буллингтің, әлімжеттіктің, киберқауіптердің, сондай-ақ түнгі уақытта заңсыз жүрудің салдары туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар мектептегі қауіпсіздік ережелерін сақтау, қоғамдық орындардағы жауапкершілік пен құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығы кеңінен түсіндірілді.
https://www.instagram.com/reel/Dd3OwhENVS4/?vrfl=OGE1aTR1YzJkczdr
«Заң және тәртіп» акциясы аясында №2 Мәртөк мектеп-гимназиясының 11-сынып білім алушыларымен құқықтық-профилактикалық кездесу ұйымдастырылды.Кездесуге Мәртөк аудандық прокуратурасының кіші әділет кеңесшісі Зейнулла Манас Бауыржанұлы және кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік инспектор, полиция майоры Эринбетова Айнур Бахтовна қатысты.
Кездесу барысында білім алушыларға заң талаптарын сақтау, құқықтық жауапкершілік, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, интернет алаяқтықтан сақтану және қоғамдық орындардағы қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ мамандар оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, құқықтық сауаттылықты арттырудың маңыздылығына тоқталды.
https://www.instagram.com/reel/Dd3OKsztE9G/?dlrf=ZWFqcjJuMnprNnky
«Заң және тәртіп» акциясы аясында және білім алушыларға кәсіби бағдар беру мақсатында 11-сынып білім алушыларына кездесу ұйымдастырылды.Кездесуге Мәртөк ауданының полиция бөлімінің бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Айтбаганбетов Ақылбек Сағынбаевич қатысты.Кездесу барысында білім алушыларға құқық қорғау органдарының қызметі, полиция мамандығының ерекшеліктері, қызметке қойылатын талаптар, жоғары оқу орындарына түсу мүмкіндіктері туралы ақпарат берілді.Сонымен қатар, жастарға заң талаптарын сақтау, құқықтық сауаттылықты арттыру, қоғамдық тәртіпті сақтау және жауапкершілік мәселелері түсіндірілді.Білім алушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, мамандық таңдауға қатысты пайдалы ақпарат алды.
https://www.instagram.com/reel/DdjFrhRtSMq/?vrfl=djRzdzFsMzU3em5x
8–11 сынып қыздары арасында «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында жиналыс өткізілді. Жиналысқа Мәртөк аудандық ауруханасының гинеколог дәрігері Бүркітбаева Ж. және психолог дәрігер Каниева А. қатысып, қыздарға тақырып аясында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Жиналыстың негізгі мақсаты: жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу, оқушыларға ерте жүктіліктің денсаулыққа, білім алуға және болашақ өміріне тигізетін кері әсері туралы түсінік беру. Сонымен қатар адам тәрбиесі мен қоғам тәрбиесіне байланысты дұрыс көзқарас қалыптастыру, жасөспірімдердің өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауына бағыт-бағдар беру.Жиналыс барысында қыз балаларға жасөспірімдік кезеңдегі жауапкершілік, жеке бас гигиенасы, денсаулықты сақтау және дұрыс шешім қабылдаудың маңыздылығы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Тақырыпқа байланысты бейнеролик көрсетіліп, оның мазмұны бойынша оқушылармен пікір алмасу ұйымдастырылды.
https://www.instagram.com/reel/DdGnKm0tC0g/?srtk=MXUyYW43aXM1dG1oOA==
Орта буын білім алушылары арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру және заң талаптарын сақтауға тәрбиелеу мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.Түсіндірме жұмысын кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік инспектор, полиция майоры Эринбетова Айнур Бахтовна өткізді.
Кездесу барысында оқушыларға кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері, қоғамдық орындардағы тәртіп ережелері, мектептегі тәртіпті сақтау, құқықбұзушылықтың алдын алу және әрбір әрекет үшін жауапкершілік мәселелері түсіндірілді. Сонымен қатар жасөспірімдер арасындағы құқықтық мәдениетті қалыптастыру, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту және заң талаптарын құрметтеу мәселелеріне ерекше назар аударылды.
https://www.instagram.com/reel/DeZW1UKtQie/?vrfl=aTM3c2k2a3BmNXhz
«Даналық мектебі» клубының «Аналар мектебі» бағытының жоспарына сәйкес 7–11 сынып қыздарымен «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында тағылымды кездесу ұйымдастырылды.Кездесуге Мәртөк ауданы прокуратурасының прокуроры Полатбай Айгерім Шайхыисламқызы, «Аналар мектебінің» мүшесі Абдуллина Ақмарал Аманжоловна және мектеп медбикесі Абдикадирова Сапаргүл қатысты.Кездесу барысында қонақтар қыз балаларға

құқықтық сауаттылық, ұлттық құндылықтар, әдептілік, жеке гигиена мен денсаулықты сақтау туралы маңызды ақпараттар берді. Сонымен қатар қыз тәрбиесіндегі отбасының рөлі, жауапкершілік пен адамгершілік қасиеттердің маңыздылығы айтылды.Тағылымды кездесу қыздардың бойында ұлттық тәрбие мен ізгі қасиеттерді қалыптастыруға бағытталды.
https://www.instagram.com/reel/DeeJMl7NXi3/?vrfl=MWEyZW0yNWRxazM5Zg==
Білім алушыларының құқықтық білімін жетілдіру және құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында профилактикалық түсіндіру кездесуі ұйымдастырылды.Кездесуді кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік инспектор, полиция майоры Эринбетова Айнур Бахтовна жүргізді.Кездесу барысында оқушыларға кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері, мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау мәдениеті және заң талаптарын орындаудың маңыздылығы туралы түсінік берілді. Сондай-ақ жасөспірімдер арасында кездесетін құқықбұзушылықтардың алдын алу, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарау, қауіпсіздік ережелерін сақтау мәселелері кеңінен талқыланды.
https://www.instagram.com/reel/Dc02gTUNr63/?psln=NGs4b3B3MXo5d2Jr

№288 бұйрық негізінде №2 Мәртөк мектеп-гимназиясында «Тәртіп сақшылар» тобы құрылып, жүйелі жұмыс жүргізуде. Топ қызметінің негізгі мақсаты: кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу, сондай-ақ оқушылардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз көшеде болуына жол бермеу.Осы бағыттағы жұмыстар аясында әр тоқсан сайын ата-аналар комитетімен бірлесе отырып, кезекшілік кестесі әзірленіп, бекітілген кестеге сәйкес түнгі профилактикалық рейдтер ұйымдастырылады. Сонымен қатар, апта сайын мектептің кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторлары А.Б. Эринбетова және С.Б. Алғалиевпен бірлесіп, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кешкі рейдтік іс-шаралар өткізіледі.Бұдан бөлек, Мәртөк аудандық полиция бөлімі, аудандық кәсіпкерлік бөлімі және аудан волонтерлерінің қатысуымен алкоголь және темекі өнімдерін сату кезінде заң талаптарының сақталуын бақылауға бағытталған арнайы рейдтер жүргізіледі.

https://www.instagram.com/p/Dc-IHIsIDSy/?srtk=MXFqbHFnNnBrMnNoaQ==
https://www.instagram.com/p/DdQa-PjNoUk/?obrf=NXA0ZGdsNDZxaHR1
https://www.instagram.com/p/DdiKaYLoXm2/?vrfl=bzd1ZjR0aTBkamFt
https://www.instagram.com/p/Dd0OrBnoDzw/?dlrf=MXJ5azI5d3F4cjNpeg==
https://www.instagram.com/p/DeGNhMpiK6Z/?img_index=2&dlrf=a2lub2pmcHc3dW1v
https://www.instagram.com/p/DeYRgr-iFzC/?img_index=2&srtk=djhiNnFnZGM3Z2hx
https://www.instagram.com/p/DeqWPfqCApv/?img_index=2&mdxt=azdiNDlwbzJxZjVs

ҚОРЫТЫНДЫ:профилактикалық жұмыс ұйымдастырылды және білім беру процесінің барлық қатысушылары тарапынан жүйелі түрде жүргізілді; іс-шаралар білім алушылардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған; нәтижелері құжаттамада көрсетілген - 5 балл

Сынып жетекшілік

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, оқу-тәрбие процесі шеңберінде сынып жетекшілеріне жүктелген міндеттер мен функцияларды айқындау және олардың қызметін үйлестіру мақсатында 2024–2025 оқу жылында 22 сынып жетекшісі тағайындалды. Оқу жылының басында сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарлары мен сынып сағаттарының тақырыптық жоспарлары әзірленіп, мектеп директоры тарапынан бекітіледі. Жоспарларға сәйкес тәрбие жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылады.Сонымен қатар сынып жетекшілері бірлестігінің жылдық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар негізінде бірлестіктің отырыстары тұрақты түрде өткізіліп, онда сынып жетекшілерінің тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуы, өзекті мәселелер, тәжірибе алмасу және тәрбие үдерісінің тиімділігін арттыру жолдары қарастырылды. Өткізілген отырыстардың хаттамалары жинақталып, тиісті құжаттамалар жүргізілді.

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы

Жылдар	Сынып жетекшілер	Жоғары білімді	Арнаулы орта
2024-2025 оқу жылы	22	22	0

Сынып жетекшілердің біліктілік санаты

Жылдар	педагог	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	Жоғары, I,II санат
2024-2025 оқу жылы	-	6	11	5	-	-

2025–2026 оқу жылында 23 сынып жетекшісі тағайындалды. Оқу жылының басында сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарлары мен сынып сағаттарының тақырыптық жоспарлары дайындалып, мектеп директорының бекітуіне ұсынылды. Бекітілген жоспарлар негізінде сыныптарда тәрбие жұмыстары жоспарлы әрі жүйелі түрде жүргізілді.Сонымен қатар сынып жетекшілері бірлестігінің жылдық жұмыс жоспары әзірленіп, бекітілді. Жоспарға сәйкес бірлестік отырыстары ұйымдастырылып, онда сынып жетекшілерінің тәрбие бағытындағы жұмыстарының жүргізілу барысы, өзекті мәселелер, кездескен қиындықтар, тәжірибе алмасу және тәрбие үдерісінің сапасын жетілдіру жолдары талқыланды. Отырыс қорытындылары хаттамалармен рәсімделіп, тиісті құжаттар жүйелі түрде жинақталып, жүргізілді.

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы

Жылдар	Сынып жетекшілер	Жоғары білімді	Арнаулы орта
2025-2026 оқу жылы	23	22	1

Сынып жетекшілердің біліктілік санаты

Жылдар	педагог	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	Жоғары, I,II санат
2025-2026 оқу жылы	1	7	10	5	-	-

2026–2027 оқу жылында №2 Мәртөк мектеп-гимназиясында оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыру, сынып жетекшілерінің қызметін үйлестіру және олардың функционалдық міндеттерін жүйелі жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» бұйрығы басшылыққа алынды.Осыған сәйкес оқу жылының басында 23 сынып жетекшісі тағайындалып, олардың жылдық жұмыс жоспарлары мен сынып сағаттарының тақырыптық жоспарлары әзірленіп, мектеп директоры тарапынан бекітілді. Бекітілген жоспарларға сәйкес әр сыныпта тәрбие жұмыстары жүйелі әрі жоспарлы түрде жүзеге асырылуда.Сонымен қатар сынып жетекшілері бірлестігінің жылдық жұмыс жоспары жасақталып, бекітілді. Жоспар негізінде бірлестік отырыстары өткізіліп, онда сынып жетекшілерінің тәрбие жұмыстарының орындалу барысы, өзекті мәселелер, жұмыс барысында кездесетін қиындықтар, тиімді әдіс-тәсілдер мен озық тәжірибелер талқыланып, тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылды.

Бірлестік отырыстарында тәрбие үдерісінің сапасын арттыру, білім алушылармен және ата-

аналармен жүргізілетін жұмыстардың тиімділігін жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Өткізілген отырыстардың қорытындылары хаттамалармен рәсімделіп, сынып жетекшілерінің қызметіне қатысты қажетті құжаттар белгіленген тәртіппен жүйелі түрде жүргізілуде.

Сынып жетекшілердің сандық құрамы

Жылдар	Сынып жетекшілер	Жоғары білімді	Арнаулы орта
2026-2027 оқу жылы	23	22	1

Сынып жетекшілердің біліктілік санаты

Жылдар	педагог	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	Жоғары, I,II санат
2026-2027 оқу жылы	1	5	11	6	-	-

Әлеуметтік-психологиялық қызмет

2024-2025 оқу жылында №2 мектеп-гимназияда «Мектепке жол» акциясы аясында, тамыз айы бойынша жеңілдік санатындағы 79 оқушы 43 407 теңге қаржылай көмек алды. Оның ішінде жетім 1 оқушы, АӘК (атаулы әлеуметтік көмек) алатын 12 оқушы, күнкөріс деңгейі төмен отбасыдан шыққан 7 оқушы, өзге санат 56, Төтенше жағдаймен алынған 3 оқушы қаржылай көмек алды.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрықтың 10-қосымшасы «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес тегін ыстық тамақпен 1-4 сыныптар аралығындағы 182 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Тегін тамақтанатын оқушылардың сапалы тамақтануы күнделікті қадағаланып тұрды. 5-11 сынып аралығындағы жеңілдік санатындағы 31 оқушы мектеп асханасынан тегін тамақтанды.

2025-2026 оқу жылы бойынша мектептің әлеуметтік паспорты жасақталды. Әлеуметтік паспортта толық отбасылар, толық емес отбасыоар, көп балалы отбасылар, өгей ата-анамен тұратын балалар, жеңілдік санатындағы оқушылар анықталды.

№2 Мәртөк мектеп-гимназия бойынша
2024-2025 оқу жылына ӘЛЕУМЕТТІК ПАСПОРТ

№	Әлеуметтік санаттар	Саны	%
	Барлық оқушылар саны	493	100%
	Отбасы түрі, бала саны бойынша:		
1.	Толық отбасылар Бала саны	377 434	68,3% 88%
2.	Толық емес отбасылар Бала саны	46 58	9,3% 11,7%
3.	Анасы жоқ балалар	3	0,6%
4.	Әкесі жоқ балалар	7	1,4%
5.	Көп балалы отбасы Бала саны	113 220	22,9% 44,6%
6.	Аз камтымасыз етілген отбасы Бала саны	38 79	4% 8,5%
7.	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	1	0.2%
8.	Мүгедек балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар	12	2,4%

9.	Азаматтығы жоқ білі алушылар	0	
10.	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0	
11.	Кәмелетке толмағандар ісі-жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	1	0.2%
12	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	3	0.6%
	Ата-аналардың білімі		
1.	Жоғары, білімнен кейінгі	320	64,9%
2.	Техникалық және кәсіптік	366	74,2%
3.	Орта	232	47%

2025-2026 оқу жылында №2 мектеп-гимназияда Міндетті білім қорынан мектепке оқушыларды дайындығына қолдау көрсету мақсатында «Мектепке жол» акциясы аясында тамыз айы бойынша 54 оқушыға 46 228 теңге көлемінде қаржылай көмек аударылды.

Аталған көмек, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес, Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай–ақ мемлекеттік аталуы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен шыққан білім алушылар мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге берілді. Осы заңнамаларға сүйене отырып, мектебіміздің 54 оқушысының ата-аналарының есеп шоттарына қаржылай көмек аударылды. Оның ішінде 5 оқушы атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасынан шыққан, 1 оқушы жетім, 3 өзге санат, 45 оқушы күн көріс деңгейі төмен отбасыдан шыққан оқушылар.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрықтың 10-қосымшасы «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес тегін ыстық тамақпен 1-4 сыныптар аралығындағы 177 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Тегін тамақтанатын оқушылардың сапалы тамақтануы күнделікті қадағаланып тұрды. 5-11 сынып аралығындағы жеңілдік санатындағы 23 оқушы мектеп асханасынан тегін тамақтанып жүр.

2025-2026 оқу жылы бойынша мектептің әлеуметтік паспорты жасақталды. Әлеуметтік паспортта толық отбасылар, толық емес отбасыоар, көп балалы отбасылар, өгей ата-анамен тұратын балалар, жеңілдік санатындағы оқушылар анықталды.

№2 Мәртөк мектеп-гимназия бойынша
2025-2026 оқу жылына ӘЛЕУМЕТТІК ПАСПОРТ

№	**Әлеуметтік санаттар**	**Саны**	**%**
	Барлық оқушылар саны	495	100%
	Отбасы түрі, бала саны бойынша:		
1.	Толық отбасылар Бала саны	412 459	94% 93%
2.	Толық емес отбасылар Бала саны	35 47	4,2% 5,5%
3.	Анасы жоқ балалар	6	23%
4.	Әкесі жоқ балалар	41	15,7%
5.	Көп балалы отбасы Бала саны	114 174	26% 40%
6.	Аз қамтымасыз етілген отбасы Бала саны	29 54	5,9% 12,5%
7.	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	1	0.2%
8.	Мүгедек балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар	17	3,4%

9.	Азаматтығы жоқ білі алушылар	0	
10.	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0	
11.	Кәмелетке толмағандар ісі-жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	1	0.2%
12	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	4	0.8%
	Ата-аналардың білімі		
1.	Жоғары, білімнен кейінгі	312	38%
2.	Техникалық және кәсіптік	347	41%
3.	Орта	235	28%

2026-2027 оқу жылында №2мәртөк мектеп- гимназияда Міндетті білім қорынан мектепке оқушыларды дайындығына қолдау көрсету мақсатында «Мектепке жол» акциясы аясында тамыз айы бойынша 58 оқушыға 50 851 теңге көлемінде қаржылай көмек аударылды.

Аталған көмек, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес, Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай–ақ мемлекеттік аталуы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен шыққан білім алушылар мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге берілді. Осы заңнамаларға сүйене отырып, мектебіміздің 58 оқушысының ата-аналарының есеп шоттарына қаржылай көмек аударылды. Оның ішінде 5 оқушы атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасынан шыққан, 1 оқушы жетім, 4 өзге санат 48 оқушы күн көріс деңгейі төмен отбасыдан шыққан оқушылар.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрықтың 10-қосымшасы «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес тегін ыстық тамақпен 1-4 сыныптар аралығындағы 174 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Тегін тамақтанатын оқушылардың сапалы тамақтануы күнделікті қадағаланып тұрды. 5-11 сынып аралығындағы жеңілдік санатындағы 22 оқушы мектеп асханасынан тегін тамақтанып жүр.

2026-2027 оқу жылы бойынша мектептің әлеуметтік паспорты жасақталды. Әлеуметтік паспортта толық отбасылар, толық емес отбасылар, көп балалы отбасылар, өгей ата-анамен тұратын балалар, жеңілдік санатындағы оқушылар анықталды.

№2 Мәртөк мектеп-гимназия бойынша
2026-2027 оқу жылына ӘЛЕУМЕТТІК ПАСПОРТ

№	Әлеуметтік санаттар	Саны	%
	Барлық оқушылар саны	483	100%
	Отбасы түрі, бала саны бойынша:		
1.	Толық отбасылар Бала саны	377 439	91,5% 90,9%
2.	Толық емес отбасылар Бала саны	34 43	8,3% 8,9%
3.	Анасы жоқ балалар	6	1,2%
4.	Әкесі жоқ балалар	37	7,7%
5.	Көп балалы отбасы Бала саны	114 174	27,7% 36,0%
6.	Аз камтымасыз етілген отбасы Бала саны	29 58	7,0% 12,0%
7.	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған	1	0,2%

	балалар		
8.	Мүгедек балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар	13	2,7%
9.	Азаматтығы жоқ білі алушылар	0	
10.	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0	
11.	Кәмелетке толмағандар ісі-жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	1	0.2%
12	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	1	0.2%
	Ата-аналардың білімі		
1.	Жоғары, білімнен кейінгі	310	35,3%
2.	Техникалық және кәсіптік	345	39,2%
3.	Орта	224	25,5%

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысы

2024–2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы №377 бұйрығын, ал 2025–2026 және 2026–2027 оқу жылдарында «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрығын басшылыққа ала отырып, мектепте психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысы ұйымдастырылып, жүйелі түрде жүзеге асырылды.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі мақсаты: білім алушылардың психологиялық саулығын сақтау, жеке тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасау, эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыру, білім беру процесінде туындайтын қиындықтардың алдын алу және білім алушыларға, педагогтерге, ата-аналарға (заңды өкілдерге) психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Мектепте психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрамында 1 әлеуметтік педагог және 1 педагог-психолог қызмет атқарады.

Жұмыс барысында оқушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес бейімделуіне, өзін-өзі тануына, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді. Білім алушылардың эмоционалдық жағдайын анықтау, сыныптағы психологиялық ахуалды зерделеу, буллингтің алдын алу, тұлғааралық қарым-қатынасты дамыту мақсатында диагностикалық, профилактикалық және түзету-дамыту жұмыстары ұйымдастырылды.

Жасөспірімдердің емтиханға психологиялық дайындығын қалыптастыру, күйзеліс пен мазасыздық деңгейін төмендету, кәсіби қызығушылықтарын анықтау және болашақ мамандықты таңдауға бағыттау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар өзін-өзі бағалау, жауапкершілік, дербес шешім қабылдау және эмоционалдық тұрақтылықты дамытуға арналған тренингтер мен жеке кеңестер өткізілді.

Білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына, болашақ білім алу бағытын таңдауға, көшбастылық қасиеттерін, дербестігін және өмірлік мақсаттарын қалыптастыруға ерекше назар аударылды. Осы бағытта психологиялық диагностика, жеке және топтық кеңес беру, профилактикалық сабақтар мен тренингтер өткізілді.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі бағыттары:

1. Психологиялық диагностика жүргізу.
2. Профилактикалық жұмыстар ұйымдастыру.
3. Түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу.
4. Психологиялық кеңес беру.

5. Ағартушылық және әдістемелік жұмыстар.
6. Ата-аналармен және педагогтермен өзара ынтымақтастық орнату.
7. Кәсіби бағдар беру және тұлғалық дамуды қолдау.

Ата-аналармен және білім алушылармен тұрақты байланыс орнату, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың, буллинг пен өзге де келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында мектепте «Сенім телефоны» мен «Сенім жәшігі» жұмыс істейді. Олардың жұмысын бақылау үшін жауапты мамандар бекітілген. Сонымен қатар туындауы мүмкін келеңсіз жағдайлардың алдын алу және жедел әрекет ету мақсатында мобильді топ құрылып, оның құрамы мен жұмыс жоспары бекітілген.

Білім алушылармен жүргізілген психологиялық диагностика жұмыстары

Оқушылардың психологиялық жағдайын, эмоционалдық әл-ауқатын, мектепке бейімделу деңгейін, мазасыздық көрсеткіштерін және сыныптағы тұлғааралық қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтау мақсатында жоспарға сәйкес төмендегідей диагностикалық әдістемелер жүргізілді:

- «Саған қалай қарайды?» экспресс-сауалнамасы (5–7-сыныптар);
- «Бейімделу кезеңінде бесінші сынып оқушыларының мазасыздығын анықтау» экспресс-әдістемесі;
- К. Риффтің жасөспірімдердің психологиялық әл-ауқат шкаласы;
- RCADS-25 сауалнамасы;
- Жалғыздықты сезінудің дифференциалды сауалнамасы (ЖСДС);
- Филлипстің мектептегі мазасыздық деңгейін анықтау әдістемесі;
- Е.Г. Норкинаның буллинг құрылымын анықтау сауалнамасы;
- «Балаларға арналған күйзелісті анықтау шкаласы» (БКСШ).

2024–2025, 2025–2026 және 2026–2027 оқу жылдары аралығында мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысы нормативтік талаптарға сәйкес ұйымдастырылып, жоспарлы түрде жүзеге асырылды. Оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке қажеттіліктері ескеріліп, психологиялық қолдау көрсету жұмыстары жүйелі жүргізілді.

Жүргізілген жұмыстардың негізгі бағыты білім алушылардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасауға, жағымды қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға, эмоционалдық саулығын сақтауға, мектеп ортасына бейімделуіне және кәсіби бағдарын айқындауға бағытталды.

Психологиялық диагностика, профилактикалық, түзету-дамыту және кеңес беру жұмыстары арқылы білім алушылардың психологиялық жағдайын зерделеу және оларға қажетті қолдау көрсету жұмыстары жүргізілді.

6.Материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қойылатын өлшемшарттар

6.1.Материалдық активтердің (ғимараттардың, үй-жайлардың) меншік құқығында, шаруашылық жүргізу, жедел басқару, сенімгерлік басқару немесе жалдау құқығында болуы және олардың біліктілік талаптарына сәйкестігі

«№2 Мәртөк мектеп-гимназиясы» КММ (БСН: 970840000445) Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Мәртөк ауылы, Жамбыл көшесі, 125 мекенжайында орналасқан. Мектеп ғимараты 2006 жылы үлгілік жоба бойынша салынған, екі қабатты, кірпіштен тұрғызылған.
Ғимарат мектептің жедел басқару құқығында, жалға алынған алаңдар жоқ. Ғимараттың жалпы ауданы – 4 142,6 м², жер учаскесінің ауданы – 1,1646 га. Жер учаскесіне №0076512 мемлекеттік актісі берілген, кадастрлық нөмірі – 02-029-021-349.
Мектеп білім беру қызметін 2007 жылғы 30 қаңтардағы №0029670 (АБ сериясы) мемлекеттік лицензиясы және оған берілген қосымшалар негізінде жүзеге асырады.

ҚОРЫТЫНДЫ:материалдық активтер (ғимараттар, үй-жайлар) заңды негізде рәсімделген (меншік, шаруашылық жүргізу, жедел немесе сенімгерлік басқару, жалға алу); құқық белгілейтін құжаттар жарамды- 5 балл

6.2. Оқу кабинеттерінің, зертханалардың, шеберханалардың, спорт және акт залдарының, кітапхананың жабдықтармен, жиһазбен және оқу инфрақұрылымымен жарақтандырылуының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына сәйкестігі

Материалдық-техникалық база: Мектеп-гимназияның материалдық-техникалық базасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығымен бекітілген жабдықтау нормативтеріне сәйкес қалыптастырылған. Жалпы жабдықталу деңгейі – 70–79%. Оқу процесін тиімді ұйымдастыруға қажетті оқу кабинеттері, зертханалар, шеберханалар және қосымша нысандар жұмыс істейді.

Жаңа модификациялы кабинеттер мен зертханалар: Мектепте физика (98,1 м²), химия (106,6 м², сору шкафымен жабдықталған), биология (46,2 м²), информатика (102,8 м²), робототехника (48,8 м²) кабинеттері жұмыс істейді. Сонымен қатар 2026–2027 оқу жылында 43,8 м² аумақты қамтитын STEM кабинеті пайдалануға берілді. Кабинет 75 дюймдік интерактивті панельмен, Roqed Bundle бағдарламалық кешенімен, 3D-принтермен және лазерлік станокпен жабдықталған.

Пәндік кабинеттер мен оқу шеберханалары: Бастауыш сыныптарға арналған 4 кабинет (жалпы ауданы 189 м²), қазақ тілі (48,8 м²), орыс тілі (37,8 м²), ағылшын тілі (49,7 м²), математика (49,8 м²), тарих (45,7 м²), география (51,8 м²) кабинеттері бар. Сонымен қатар алғашқы әскери және технологиялық дайындық (АӘжТД) кабинеті (73,1 м²) қару-жарақ сақтау бөлмесімен, ұлдарға арналған (64,8 м²) және қыздарға арналған (46,8 м²) оқу шеберханаларымен қамтамасыз етілген.

Спорттық, мәдени және көлік инфрақұрылымы: Дене шынықтыру сабақтары мен спорттық іс-шараларды өткізуге арналған 272,5 м² спорт залы және ашық аспан астындағы «Жастық» спорт алаңы бар. Мәдени-көпшілік іс-шаралар 160,1 м² акт залында өткізіледі, сахнасының ауданы – 25,4 м². Сонымен қатар мектеп теңгерімінде білім алушыларды тасымалдауға арналған «Yutong ZK6745DX» маркалы мектеп автобусы бар.

ҚОРЫТЫНДЫ:жабдықталу деңгейі 70%-дан 79%-ға дейін; міндетті элементтер бар- 3 балл

6.3. Біліктілік талаптарына сәйкес білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету (медициналық пункттің, лицензияның не шарттың болуы)

Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету ШЖҚ «Мәртөк аудандық ауруханасы» МКК-мен жасалған өтеусіз пайдалану туралы шарттар (2021 жылғы 7 сәуірдегі №2 және 20 қыркүйектегі №1) және №10575DD бас лицензиясының қосымшасы негізінде жүзеге асырылады.

Мектептегі медициналық кабинеттің жалпы ауданы – 30,9 м². Кабинет 39 атаудағы қажетті медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Білім алушыларға алғашқы медициналық көмек көрсету, денсаулық жағдайын бақылау және профилактикалық жұмыстар жүргізу қызметін тұрақты штаттық мектеп мейірбикесі С.С. Абдикадирова атқарады. Мейірбикенің кәсіби қызметін растайтын сертификаты бар (№KZ23VBM02877808, жарамдылық мерзімі – 2030 жылғы 11 маусымға дейін).

Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы	Медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәлімет (нөмірі)	Ескертпе
Ақтөбе облысы,Мәртөк ауданы, Мәртөк селосы Жамбыл 125 №2 Мәртөк мектеп – гимназиясы	2019 жылғы 29 қарашада Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасының «Мәртөк аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына берілген. Лицензия нөмірі: №10575DD БСН: 990240006713	Мейірбике: Абдикадирова Сапаргүл Сәтбаевна Тіркеу нөмірі: KZ23VBM02877808 Берілген күні: 2025 жылғы 11 маусым. Сертификаттың қолданылу мерзімі: 2030 жылғы 11 маусымға дейін.

ҚОРЫТЫНДЫ:медициналық қызмет толық қамтамасыз етілген: талаптарға сәйкес жабдықталған медициналық пункт бар, қолданыстағы лицензиясы бар немесе медициналық ұйыммен шарт жасалған; білім алушыларға тұрақты медициналық сүйемелдеу қамтамасыз етілген- 5 балл

6.4. Біліктілік талаптарына сәйкес объектілердің санитариялық-эпидемиологиялық және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі

Ғимарат орталық сумен жабдықтау жүйесіне қосылған, автономды газ қазандығымен (жыл сайын қысыммен сынаудан өтеді) және желдету жүйелерімен қамтылған. 1 және 2-қабаттарда ұлдар мен қыз балаларға арналған бөлек санитариялық тораптар (барлығы 16 унитаз, 12 қолжуғыш) жұмыс істейді.

Өндірістік бақылау аясында аккредиттелген сынақ зертханалары («Здоровое поколение» ЖММ, 2025 ж. қыркүйек; «Гигиенист VII» ЖШС, 2026 ж. мамыр, аттестат № KZ.T.05.E0672, 29.01.2026 ж. № 200440004088/260068/00 шарт) жүргізген зерттеу хаттамалары санитариялық-гигиеналық нормативтерге толық сәйкестікті растайды:

Микроклимат (метеорологиялық факторлар): 08.09.2025 ж. № 830–858 хаттама және 06.05.2026 ж. № 490 (мектеп), № 491 (интернат) хаттамалар (ауа температурасы +22,3°C...+25,4°C, салыстырмалы ылғалдылық 39,8%–55,8%, ауа қозғалысының жылдамдығы 0,03–0,15 м/с);

Жарықтандыру деңгейі: 06.05.2026 ж. № 450 хаттама — жасанды (438–589 лк, норма ≥400 лк) және табиғи жарықтандыру коэффициенті (1,64–2,38, норма ≥1,52) талапқа сай;

Электромагниттік өріс (ЭМӨ): 06.05.2026 ж. № 126 хаттама — информатика кабинеттеріндегі 32 компьютердің көрсеткіштері шекті рұқсат етілген деңгейден аспайды;

Ас блогы мен дезинфекция бақылауы: ас блогы жабдықтарынан алынған шайындылар (13.09.2025 ж. № 41–50; 08.05.2026 ж. № 673 хаттама), дайын тағамдар мен шикізаттардың микробиологиялық зерттеулері (13.09.2025 ж. № 24, № 25; 08.05.2026 ж. № 807, № 808 хаттамалар) және дезинфекциялаушы ерітінділер («Деохлор», 08.05.2026 ж. № 701 хаттама) санитариялық талаптарға толық сай (БГКП, сальмонелла және патогенді микрофлора анықталмаған).

Дезинфекция, дезинсекция және дератизация жұмыстары «San Эко» ЖШС-мен жасалған шарт (04.04.2025 ж. № 169 / № 200440004088/250199/00) негізінде №2 МГ мен интернат ғимаратында тұрақты жүргізіледі.

Өрт қауіпсіздігі талаптары толық сақталған (Мәртөк ауданы ТЖБ тексеру нәтижелері туралы актісі № 2-Э, 26.02.2020 ж. — бұзушылықтар анықталмаған). Ғимаратта өрт дабылы

жүйесі (АПС), 40-тан астам өрт сөндіргіш, дабыл түймесі және 69 бейнебақылау камерасы орнатылған. Өрт-күзет дабылы мен бейнебақылау жүйелеріне техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу мамандандырылған ұйымдармен жасалған мемлекеттік сатып алу шарттары негізінде (2025 ж. ЖК «FREEDOM» 07.02.2025 ж. № 90 шарт; 2026 ж. «EcoDala» ЖШС 23.01.2026 ж. № 200440004088/260062/00 шарт, қолданылу мерзімі — 31.12.2026 ж. дейін) үздіксіз жүзеге асырылады.

ҚОРЫТЫНДЫ:барлық нормативтерге толық сәйкес келеді: қауіпсіздік жүйелері мен санитариялық режим қалыпты жұмыс істейді; бақылаушы органдардың ұйғарымдары жоқ- 5 балл

6.5. Біліктілік талаптарына сәйкес білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру үшін жағдайлардың болуы

Білім алушыларды сапалы және қауіпсіз ыстық тамақпен қамту үшін мектеп-гимназияда 120 орындық асхана жұмыс істейді. Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі 10.11.2021 ж. № D.07.X.KZ89VWF00052197 ресми санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысымен расталған (2024–2027 о.ж. арналған 11-қосымша кестелері толық ресімделген).

Асхана қызметін заңнама талаптарына сай Мәртөк ауданының білім бөлімі мен өнім беруші ЖК «Абилова Гульнара Даултаевна» (БСН/ЖСН 821214450753) арасында жасалған мемлекеттік сатып алу шарттары негізінде жүзеге асырады:

2025 жылға: 21.01.2025 ж. № 17 шарт (оқушыларды тамақтандыруға 15 196 000 тг + Жалпыға білім беру қоры есебінен аз қамтылған отбасы балаларына 2 966 760 тг);

2026 жылға: 23.01.2026 ж. № 200440004088/260009/00 шарт (11 378 150 тг).

Ас блогы заманауи технологиялық жабдықтармен (электр плиталары, тоңазытқыштар, мармиттер, ыдыс жуу машинасы), 4 қолжуғышпен және су тазартқыш сүзгілермен жарақтандырылған. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын ашық әрі дәл есепке алу мақсатында асханада биометриялық сәйкестендіруге (алакан арқылы тіркеу) арналған «Alaqan» цифрлық жүйесі енгізілген.

Тағам сапасы мен санитариялық нормалардың сақталуын мектеп директоры, медқызметкер, Қамқоршылық кеңес мүшесі, ата-аналар комитетінің төрағасы және әлеуметтік педагог құрамынан жыл сайынғы бұйрықтармен (2024–2025 о.ж.: 06.09.2024 ж. № 295; 2025–2026 о.ж.: 29.08.2025 ж. № 288; 2026–2027 о.ж.: 31.08.2026 ж. № 230) бекітілетін бракераждық және мониторингтік комиссия тұрақты бақылайды.

Санитариялық қағидаларға мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы	**Тамақтандыру объектісінің атауы (асхана, буфет, дәмхана)**	**Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидаларға мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы (күні және нөмірі)**	**Ескертпе (тамақтандыру объектісін жалға берген жағдайда жалға алушылар туралы мәліметтерді көрсету)**
Ақтөбе облысы,Мәртөк ауданы,Мәртөк селосы Жамбыл 125 №2 Мәртөк мектеп – гимназиясы	Асхана	Санитарлық-эпидемиологиялыққорытынды №D.07.X.KZ89VWF000521	Жалға алушы: Абилова Гүлнара Даулеткызы (ЖК) ЖСН/БСН: 821214450753 Тіркелген күні: 2007

		97 Дата:10.11.2021ж	жылғы 12 наурыз. Қалыптастырылған күні: 2016 жылғы 2 наурыз.

ҚОРЫТЫНДЫ:білім алушыларға арналған тамақтану объектісі бар, тамақтану объектісіне санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды және қажет болған жағдайда білім алушыларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге арналған шарт бар-5 балл

6.6 Ауыз су режимін ұйымдастыру және санитариялық тораптармен қамтамасыз ету бойынша біліктілік талаптарының сақталуы

Ғимарат орталықтандырылған суық сумен жабдықтау жүйесіне қосылған — Мәртөк ауданының білім бөлімі мен ШЖҚ «Мәртөк-Сервис» МКК арасында 05.01.2026 ж. № 3/в суық сумен жабдықтау шарты жасалған (қолданылу мерзімі — 31.12.2026 ж. дейін, 619 оқушы мен қызметкерге есептелген).

1 және 2-қабаттарда ұлдар мен қыз балаларға арналған бөлек санитариялық тораптар (барлығы 16 унитаз, 12 қолжуғыш) жұмыс істейді. Оқу ғимаратының дәліздерінде оқушылардың таза ауыз су ішуіне арналған тот баспайтын болаттан жасалған 3 ауыз су фонтанчигі («Ішуге арналған» белгілерімен) және қол жуу гигиенасы мен ауыз су режимі туралы ақпараттық жадынамалар орнатылып, санитариялық талаптарға сай ауыз су режимі ұйымдастырылған.

ҚОРЫТЫНДЫ:талаптар толық сақталған: қауіпсіз ауыз суға қолжетімділік қамтамасыз етілген және санитариялық тораптар санитариялық нормаларға сәйкес жұмыс істейді - 5 балл

6.7. Біліктілік талаптарына сәйкес бейнебақылау жүйесінің және қауіпсіздік жағдайларының болуы

Білім беру ұйымында білім алушылар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығының талаптарына сәйкес ұйымдастырылған. Мектеп аумағы толық қоршалған, орталық кіреберіс фойесінде бет-әлпетті тану (Face ID) функциясы бар Hikvision биометриялық терминалдарымен жабдықталған 2 турникет, металл іздегіштер және көру қабілеті бұзылған азаматтардың қауіпсіз қозғалысы үшін сары түсті тактильді бағыттаушы жолақ орнатылған.

Кіреберісте мамандандырылған күзет қызметкері («KUZET») кезекшілік ететін арнайы күзет бекеті жұмыс істейді, онда барлық 69 бейнебақылау камерасын (ғимарат ішінде — 35, сыртында — 22, интернатта — 12) нақты уақыт режимінде бақылайтын 2 монитор және шұғыл әрекет етуге арналған дабыл түймесі орнатылған.

Бейнебақылау жүйесінің үздіксіз жұмысын қадағалау мектеп директорының жыл сайынғы бұйрықтарымен (2024–2025 о.ж.: 31.08.2024 ж. № 245/1; 2025–2026 о.ж.: 29.08.2025 ж. № 306; 2026–2027 о.ж.: 31.08.2026 ж. № 263) жауапты мамандарға бекітілген. Жүйелерге техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу жұмыстары мамандандырылған ұйымдармен жасалған шарттар негізінде тұрақты жүзеге асырылады:

Бейнебақылау жүйесі бойынша: 2025 жылға ЖК «Бекзада» (жетекшісі Б.Ж. Мырзагалиева) ұйымымен жасалған 12.02.2025 ж. № 110 шарт; 2026 жылға ЖК

«ControlSafe» (жетекшісі Д.Н. Айтмағанбет) ұйымымен жасалған 18.01.2026 ж. № 200440004088/260054/00 шарт;

Өрт-күзет дабылы (АПС) бойынша: 2025 жылға ЖК «FREEDOM» (жетекшісі Р.Р. Сапиев) ұйымымен жасалған 07.02.2025 ж. № 90 шарт; 2026 жылға «EcoDala» ЖШС (жетекшісі Е.Ж. Төлеу) ұйымымен жасалған 23.01.2026 ж. № 200440004088/260062/00 шарт.

ҚОРЫТЫНДЫ:ішкі және сыртқы бейнебақылау жүйесі жұмыс істейді; өткізу режимі қамтамасыз етілген; күзет посты/вахта бар; дабыл түймесі бар; қауіпсіздік шаралары толық көлемде іске асырылады - 5 балл

6.8. Біліктілік талаптарына сәйкес инклюзивті білім беруді іске асыру үшін жағдайлар жасау

Мектеп-гимназияда ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕББҚ) білім алушылардың сапалы білім алуы мен әлеуметтік бейімделуі үшін кедергісіз орта және қажетті материалдық-техникалық жағдайлар жасалған. Ғимараттың орталық кіреберісі екі жақты темір тұтқалары бар стандартты көлбеу пандуспен, автотұрақ аумағы арнайы жол белгісімен, ал фойе мен дәліздер көру қабілеті бұзылған жандарға арналған сары түсті бағыттаушы және ескертуші тактильді жолақтармен жабдықталған. Мүгедектігі бар балаларға арналған бейімделген санитариялық бөлмеде унитаз бен қолжуғыштың екі жағынан сүйенуге арналған арнайы сары түсті металл тұтқалар орнатылған.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (штаттық педагог-психолог, педагог-логопед және педагог-дефектолог А.С. Туракбаева) жұмысы үшін арнайы түзету-дамыту және сенсорлық кабинет жасақталып, қабырғалық бизибордпен (ұсақ моторика мен логиканы дамыту тақтасы), жұмсақ пуф-кресломен, дидактикалық ойыншықтармен, пазлдармен, дамытушы кітаптармен және сөрелермен қамтамасыз етілген.

ҚОРЫТЫНДЫ:материалдық-техникалық жағдайлар заңнама талаптарына сәйкес, бірақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ғимараттарға, үй-жайларға және білім беру ресурстарына қолжетімділігін шектемейтін жекелеген сәйкессіздіктер бар -4 балл

7. Оқу-әдістемелік және цифрлық ресурстарға қойылатын өлшемшарттар

7.1. Біліктілік талаптарына сәйкес кітапхана қорының (оқулықтармен, оқу-әдістемелік және көркем әдебиетпен) қамтамасыз етілуі

1. Кітапхананың жалпы сипаттамасы. Мектепте кітапхана жұмыс істейді. Кітапхананың жалпы ауданы — 60 шаршы метр, оның ішінде оқу залының ауданы — 30 шаршы метр, оқулықтар қоймасының ауданы — 30 шаршы метр. Мектеп кітапханасында 1 оқу залы бар, ондағы отыратын орын саны — 20. Кітапхана қызметі білім беру ұйымының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Оқу және көркем әдебиеттер қоры тиісті талаптарға сай жүйеленіп, сақталған. Мектептің штаттық кестесіне сәйкес кітапханада 1 кітапханашы қызмет атқарады. Кітапхана меңгерушісі: Жуманиязова Ақбөпе Саркытбаевна. Білімі: арнаулы орта (Ақтөбе жоғары көпсалалы «Болашақ» колледжінің «Кітапхана ісі» мамандығы). Еңбек өтілі: 1 жыл 2 ай.

2. Кітапхана қоры туралы мәлімет. Мектеп кітапханасының жалпы кітап қоры — 20 028 дана. Оның ішінде: оқулықтар — 15 810 дана; көркем әдебиеттер — 4 218 дана. Білім

алушылар оқулықтармен 100% қамтылған, кітап қоры туралы мәліметтер ҰБДҚ және 12-қосымшамен толық сәйкес келеді.

3. Материалдық-техникалық базасы. Кітапханада оқырмандарға қолайлы жағдай жасау мақсатында қосымша аймақтар ұйымдастырылған (Буккроссинг аймағы). Техникалық жабдықталуы: қазіргі уақытта арнайы кітапханалық автоматтандырылған ақпараттық жүйе (АБЖ) қолданылмайды.

4. Жаңа түсімдер және кітап қорын есептен шығару. 2026–2027 оқу жылында мектеп кітапханасының қорына 400 дана жаңа кітап келіп түсті. Кітапхана қорын ретке келтіру, мазмұны ескірген және пайдалануға жарамсыз оқулықтарды анықтау жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде есептен шығару жұмыстары бойынша барлығы 4 245 дана кітап кітапхана қорынан шығарылды.

5. Кітапхана оқырмандары. 2026–2027 оқу жылында мектеп кітапханасына 1-сынып оқушыларын қоспағанда, 430 оқушы және 64 мұғалім оқырман ретінде тіркелді. Оқырмандардың жалпы саны — 494 адам. Оқырмандарды қамту көрсеткіші — 100%.

ҚОРЫТЫНДЫ:кітапхана қоры заңнама талаптарына сәйкес: оқулықтармен қамтамасыз етілуі – 100%, оқу-әдістемелік және көркем әдебиеттің болуы қамтамасыз етілген -5 балл

7.2. Біліктілік талаптарына сәйкес білім беру процесінде цифрлық технологиялармен қамтамасыз етілуі және оларды пайдалану

«№2 Мәртөк мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде білім беру процесін цифрландыру, оқушылар мен педагогтердің заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларға (АКТ) және электрондық білім беру ресурстарына қолжетімділігі біліктілік талаптарына толық сәйкес ұйымдастырылған.

1. Компьютерлік және интерактивті техникамен қамтамасыз етілуі. 01.09.2026 жылғы түгендеу тізімдемесіне (31.12.2025 ж. № 514 бұйрық негізінде) сәйкес мектеп теңгеріміндегі компьютерлік парк оқу процесінде толық қолданылады:

- **Дербес компьютерлер мен моноблоктар:** 142 дербес компьютер және 30 моноблок (оның ішінде жаңартылған информатика, физика, химия, биология, STEM және робототехника кабинеттерінің кешендері);
- **Ноутбуктер:** 152 ноутбук (педагогтердің оқу процесінде қолдануына және сыныптарда пайдалануға берілген);
- **Интерактивті жабдықтар:** 9 интерактивті тақта мен заманауи 75 дюймдік интерактивті панельдер (2026 жылы іске қосылған STEM кабинеті мен пән кабинеттерінде), мультимедиялық цифрлық подиум, 3D-принтерлер және лазерлік станок.

2. Жоғары жылдамдықты интернет желісі және ақпараттық қауіпсіздік (БШҚ / ЕШДИ). Мектеп-гимназия ғимаратында сымсыз желіні қамтамасыз ету үшін 89 Wi-Fi роутері орнатылған. Интернет желісіне қосылу «Ақтөбе облысының цифрлық технологиялар басқармасы» ММ мен «Транстелеком» АҚ (БСН: 991140001226) арасында жасалған 2026 жылғы 27 наурыздағы № 151240017182/260038/00 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (қолданылу мерзімі — 31.12.2026 ж. дейін) негізінде жүзеге асырылады.

2026 жылғы 23 қыркүйектегі «Транстелеком» АҚ интернет арнасын тестілеу актісі мен 26.03.2026 ж. ресми Speedtest өлшемдеріне сәйкес мектепке 2 түрлі нүкте бойынша тұрақты кең

жолақты интернет беріледі:

1-қосылу нүктесі: тарифтік жылдамдығы — 100 Мбит/с (нақты өлшенген жылдамдық: жүктеу — 97,47 Мбит/с, жүктеп салу — 99,65 Мбит/с);
2-қосылу нүктесі: тарифтік жылдамдығы — 20 Мбит/с (нақты өлшенген жылдамдық: жүктеу — 19,88 Мбит/с, жүктеп салу — 37,63 Мбит/с).

Сонымен қатар ғимараттар арасындағы байланысты күшейту үшін 21.10.2026 ж. қабылдау-тапсыру актісі бойынша «GlobusTeleCom» ЖШС-мен «UbiquitiPowerBeamPBE-5AC-620» радиоқөпірі орнатылған. Білім алушыларды зиянды интернет-контенттен қорғау мақсатында мектептің екі IP-арнасы да «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ-ның Бірыңғай шлюзіне (БШҚ / ЕШДИ) қосылған (checkip.sts.kz сервисінің 26.03.2026 ж. тексеру хаттамаларымен расталған).

3. Цифрлық білім беру ресурстары және ресми интернет-ресурс. Білім беру платформалары мен ресми интернет-ресурс:

Білім беру платформалары: Мәртөк ауданының білім бөлімі мен «BilimLand» ЖШС (БСН: 141040020778) арасында жасалған 2026 жылғы 23 қаңтардағы № 200440004088/260063/00 шарт (1-қосымша, лот № 84641268-ОИ2) негізінде мектеп педагогтері мен оқушылары BilimLandонлайн білім беру ресурстарына толық қол жеткізген. Оқу процесі мен бағалау жүйесі BilimClass электрондық журналы және Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДҚ) арқылы жүргізіледі.
Мектеп сайты: Білім беру ұйымының ресми интернет-ресурсы 3-деңгейлі .edu.kz доменінде (https://gimnazya-2.martuk.edu.kz/, 2024–2027 о.ж. арналған шарт негізінде) орналасқан, заңнама талаптарына сәйкес жүйелі түрде өзектендіріліп отырады.

***ҚОРЫТЫНДЫ*:** цифрлық технологиялармен қамтамасыз етілуі, интернет желісіне қолжетімділік және цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану заңнама талаптарына сәйкес келеді -5 балл.

7.3. Ресми интернет-ресурстың және edu.kz аймағындағы домендік атаудың болуы

2024 жылғы кезең: 2024 жылғы 4 қыркүйекте № 435 мемлекеттік сатып алу шарты (порталдағы тіркеу нөмірі: № 200440004088/240464/00, құжат ID: 20909462) жасалды. Сатып алу № 12971853-1 өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен жүргізілді. Өнім беруші ретінде «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» АҚ (БСН: 110940021631) белгіленді. Шарт аясында Мәртөк ауданының мектептеріне домендік атауды тіркеу және оны пайдалануды ұзарту қызметтері көрсетілді. Шарттың жалпы сомасы ҚҚС-ты (878,57 теңге) қоса алғанда 8 200,00 теңгені құрады. Қызмет көрсету мерзімі шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде белгіленіп, шарт 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданыста болды.

2025 жылғы кезең: 2025 жылғы 30 шілдеде № 282 мемлекеттік сатып алу шарты (порталдағы тіркеу нөмірі: № 200440004088/250325/00, құжат ID: 23237010) жасалды. Сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабы 3-тармағының 28-тармақшасына сәйкес бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүзеге асырылды. Өнім беруші ретінде «RS Solutions» ЖШС (БСН: 160540000485) таңдалды. Шарт бойынша домендік атауды беру және пайдалану мерзімін ұзарту қызметі көрсетілді. Шарттың жалпы сомасы ҚҚС-сыз 10 200,00 теңгені құрады. Қызмет шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде орындалып, шарт 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін әрекет етті.

2026 жылғы кезең: 2026 жылғы 10 тамызда № 200440004088/260231/00 мемлекеттік сатып алу шарты (порталдағы құжат ID: 25667972) бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен «RS Solutions» ЖШС (БСН: 160540000485) ұйымымен жасалды. Шарттың негізгі пәні — 2026–2027 жылдарға арналған домендік атауды пайдалану мерзімін ұзарту қызметін көрсету. Шарттың жалпы сомасы ҚҚС-ты (1 824,00 теңге) қоса алғанда 13 224,00 теңгені құрайды. Қызмет көрсету мерзімі шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде айқындалған, ал шарттың қолданылу мерзімі 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін белгіленген.

ҚОРЫТЫНДЫ: ресми интернет-ресурс жұмыс істейді, домендік атауы edu.kz аймағында тіркелген, ақпарат өзекті және заңнама талаптарына сәйкес келеді- 5 балл.

8.Компьютерлік тестілеу

Бітіру сыныптарын тестілеу нәтижелері (кесінділері)

Р/с №	Сыныбы	Журнал бойынша оқушылар саны	Қатысқан оқушылардың нақты саны	"5" баға алған саны	"4" баға алған саны	"3" баға алған саны	"2" баға алған саны	Орташа балл	Оң бағалар %
1	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**	**7**	**8**	**9**	**10**
1	4-сынып	39	34	-	6	22	6	17,5	51%
2	9-сынып	45	41	-	28	13	-	27,1	66%
	Барлығы	84	75	-	34	35	6	22,3	58%

ҚР Білім Оқу – ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі №114-НҚ бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 5-тараунегізінде 4, 9 –сынып білім алушыларының компьютерлік тестілеу және тестілік бақылау «№2 Мәртөк мектеп-гимназиясы» КММ-нің 2026 жылдың 11 қарашадағы №230 қолдау хаты негізінде білім беру саласындағы уәкілетті органмен айқындалған бақылаушылардың қатысуымен өткізілді.

4 - сыныптарда қатысуға тиісті 39 оқушының 34-і қатысты. 5 оқушы тестілеуге қатыспады. Оның ішінде 3 оқушы Ерсары Әлижан, Эсенбай Нұрислам, Сәрсенбай Олжас денсаулығына байланысты, Зинелғабыл Ғалілбек 13.04.2026ж №304 облыстық ПМПК қорытындысы және Аманғали Айқын31.03.2026ж №187 облыстық ПМПК қорытындысы бойынша бейімделген жалпы оқу бағдарламасымен оқытылғандықтан қатысқан жоқ (Анықтама парағының көшірмесі, ПМПК қорытындысы қоса жалғанды). Тестілеу нәтижесіне тоқталатын болсақ, 34 оқушының ішінен 6 оқушы «4»-ке, 22 оқушы «3»-ке, 6 оқушы «2»-ге тапсырды. Орташа балл – 17, білімді бақылау кесіндісінің қорытындысы барлық тестіленетін пәндер бойынша оң жауаптардың үлесі 51% көрсетті, оқыту нәтижесі «қанағаттанарлық» деп бағаланады.

9 - сыныптарда қатысуға тиісті 45 оқушының 41-і қатысты. 4 оқушы, Арғынғазин Ғазиз 26.11.2024ж №1440 облыстық ПМПК қорытындысы және 24.08.2026ж №446 ДКК қорытындысы бойынша үйден оқытылады, Усенов Мансұр,Уразбаев Наурызбек және Ерсары Інкәр денсаулығына байланысты қатысқан жоқ. (Анықтама парағының көшірмесі, ПМПК, ДКК қорытындысы қоса жалғанды). Тестілеу нәтижесіне тоқталатын болсақ, 41 оқушының ішінен 28 оқушы «4»-ке, 13 оқушы «3»-ке тапсырды. Орташа балл - 27,1 білімді бақылау кесіндісінің қорытындысы барлық тестіленетін пәндер бойынша оң жауаптардың үлесі 66% көрсетті, оқыту нәтижесі «жақсы» деп бағаланады.

Жалпы мектеп бойынша, 4,9-сыныптардан 75 оқушы қатысып, 34 оқушы- «4»-ке; 35 оқушы- «3»-ке, 6 оқушы- «2»-ге тапсырды. Орташа балл -22,3, білімді бақылау кесіндісінің қорытындысы барлық тестіленетін пәндер бойынша оң жауаптардың үлесі 58% көрсетті, оқыту

нәтижесі «қанағаттанарлық» деп бағаланады.

Бітіру сыныптарын тестілеу нәтижелері (кесінділері)

Р/с №	Сыныбы	Журнал бойынша оқушылар саны	Қатысқан оқушылардың нақты саны	"5" баға алған саны	"4" баға алған саны	"3" баға алған саны	"2" баға алған саны	Орташа балл	Оң бағалар %
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	4- сынып	39	34	-	6	22	6	2,6	52%
2	9- сынып	45	41	-	28	13	-	3,7	74%
	Барлығы	84	75	-	34	35	6	3,1	62%

ҚР Білім Оқу – ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі №114-НҚ бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 5-тараунегізінде 4, 9 –сынып білім алушыларының компьютерлік тестілеу және тестілік бақылау «№2 Мәртөк мектеп-гимназиясы» КММ-нің 2026 жылдың 11 қарашадағы №230 қолдау хаты негізінде білім беру саласындағы уәкілетті органмен айқындалған бақылаушылардың қатысуымен өткізілді.

4 - сыныптарда қатысуға тиісті 39 оқушының 34-і қатысты. 5 оқушы тестілеуге қатыспады. Оның ішінде 3 оқушы Ерсары Әлижан, Эсенбай Нұрислам, Сәрсенбай Олжас денсаулығына байланысты, Зинелғабыл Гәділбек 13.04.2026ж №304 облыстық ПМПК қорытындысы және Аманғали Айқын31.03.2026ж №187 облыстық ПМПК қорытындысы бойынша бейімделген жалпы оқу бағдарламасымен оқытылғандықтан қатысқан жоқ (Анықтама парағының көшірмесі, ПМПК қорытындысы қоса жалғанды). Тестілеу нәтижесіне тоқталатын болсақ, 34 оқушының ішінен 6 оқушы «4»-ке, 22 оқушы «3»-ке, 6 оқушы «2»-ге тапсырды. Орташа балл – 2,6; білімді бақылау кесіндісінің қорытындысы барлық тестіленетін пәндер бойынша оң жауаптардың үлесі 52% көрсетті, оқыту нәтижесі «қанағаттанарлық» деп бағаланады.

9 - сыныптарда қатысуға тиісті 45 оқушының 41-і қатысты. 4 оқушы, Арғынғазин Газиз 26.11.2024ж №1440 облыстық ПМПК қорытындысы және 24.08.2026ж №446 ДКК қорытындысы бойынша үйден оқытылады, Усенов Мансұр,Уразбаев Наурызбек және Ерсары Іңкәр денсаулығына байланысты қатысқан жоқ. (Анықтама парағының көшірмесі, ПМПК, ДКК қорытындысы қоса жалғанды). Тестілеу нәтижесіне тоқталатын болсақ, 41 оқушының ішінен 28 оқушы «4»-ке, 13 оқушы «3»-ке тапсырды. Орташа балл - 3,7 білімді бақылау кесіндісінің қорытындысы барлық тестіленетін пәндер бойынша оң жауаптардың үлесі 74% көрсетті, оқыту нәтижесі «жақсы» деп бағаланады.

Жалпы мектеп бойынша, 4,9-сыныптардан 75 оқушы қатысып, 34 оқушы- «4»-ке; 35 оқушы- «3»-ке, 6 оқушы-«2»-ге тапсырды. Орташа балл -3,1; білімді бақылау кесіндісінің қорытындысы барлық тестіленетін пәндер бойынша оң жауаптардың үлесі 62% көрсетті, оқыту нәтижесі «қанағаттанарлық» деп бағаланады.

ҚОРЫТЫНДЫ:компьютерлік тестілеу қорытындылары бойынша барлық тексерілетін бағыттар бойынша дұрыс жауаптардың үлесі62% көрсетті, оқыту нәтижесі «қанағаттанарлық» -3 балл

ҚОРЫТЫНДЫ:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Мәртөк ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «№2 Мәртөк мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді.

Мектептің білім беру қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалаудың қорытындысы негізінде «Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие

мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі №114-НҚ бұйрығының 1 және 2 қосымшаларының бағалау өлшемшарттарымен 4-қосымша кестесінің үлгісінде бағаланып, нәтижесінде бағалау өлшемшарттарымен мектептің білім беру қызметіне 185 балл (орташа балл 4,7) қойылып, «**Үлгілі» – «5» бағасы** берілді.

Кемшіліктер мен ескертулер, оларды жою жолдары:

1. «BilimClass» электронды журналын жүргізуде қателіктер жіберілген:
   - Кейбір пәндерде баға қорының аздығы кездеседі.
   - КТЖ толтыруда грамматикалық қателер бар.
   - Кейбір сабақтарда оқушы қатысымы белгіленбеген.

   Аталған кемшіліктер оқу сапасына әсер еткен жоқ.

   Жою жолдары: «BilimClass» электронды журналының жүргізілуін үнемі бақылауға алу.
2. Мектепішілік бақылау жұмысын жетілдіру.

   Жою жолдары: Мектепішілік бақылау жұмысын жүйелі жүргізу.
3. Оқушылардың ғылыми жобаға қатысуын жетілдіру

   Жою жолдары: Мектепішілік «Оркен» ОҒҚ жұмысын жандандыру.

Қорытындылар мен ұсыныстар: 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының , 2026-2027 оқу жылының I тоқсаны бойынша бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау нәтижесінде қорытынды жасалды:

Өзін – өзі бағалау барысында мектеп қызметінің негізгі бағыттары зерделенді. Білім беру ұйымында оқу процесі мемлекеттік білім беру стандарт талаптарына сәйкес келеді. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған. Мектептің материалдық -техникалық базасы мемлекеттік білім беру стандарттарын орындауға, оқу үдерісін жүргізуге мүмкіндік береді. Пән кабинеттері толық жабдықталған. «Адал азамат» тәрбие бағдарламасы бойынша тәрбиелік іс-шаралар уақытында орындалып, ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар жақсы жолға қойылған. Тәртіп бұзған оқушы жоқ. Буллинг, бопсалау, әлеуметтік әрекеттері орын алған жоқ. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларға жағдай жасалған, психологиялық-педагогикалық қолдау үнемі жасалады.

Комиссия төрағасы: (қолы) Айтназаров Мурат Шикалович
(толық аты-жөні)

Комиссия мүшелері:

(қолы) Кауменова Сулушаш Куандыковна
(толық аты-жөні)

(қолы) Қасанғалиева Эльмира Аскаркызы
(толық аты-жөні)

(қолы) Өтеген Бақтыгүл Күзербайқызы
(толық аты-жөні)

(қолы) Арыкова Айнур Махсутовна
(толық аты-жөні)

(қолы) Жаманбаев Глеубай Куанович
(толық аты-жөні)

(қолы) Көздігарина Рита
(толық аты-жөні)

(қолы) Диналиева Жанар Ербулатовна
(толық аты-жөні)

(қолы) Алыканов Ержан Жумаканович
(толық аты-жөні)

(қолы) Жуманиязова Акбопе Саркытбаевна
(толық аты-жөні)

(қолы) Мадиева Алтынгуль Арыновна
(толық аты-жөні)